

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ
М.БӨКЕНБАЕВ атындағы АҚТӨБЕ ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

А.К.ИБРАЕВА

**АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ БАСЫМДЫҒЫ –
ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ
ҚАҒИДАСЫ РЕТІНДЕ**

МОНОГРАФИЯ

Ақтөбе
2022

ӘОЖ 342.7
КБЖ 67.404
И56

*Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе
заң институтының Ғылыми Кеңесімен баспаға ұсынылды*

Пікір жазғандар:

З.Ж. Кенжалиев – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, профессор;

А.Б. Сманова – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Мемлекет және құқық теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Ф. Ғалым – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы АЗИ Қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты

Ибраева А.К.

И56 **Адам құқығының басымдығы – құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасы ретінде: монография/ А.К. Ибраева** – Ақтөбе: ҒЗжРБЖҰБ, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты 2022 – 242 б.

ISBN 978-601-7944-84-1

Монографияда адам құқықтарының құқықтық мемлекеттегі басымдылығы айқындалады; адам құқықтары мен бостандықтарының, міндеттерінің өзара байланыстылығы; отандық және шетелдік ғалымдардың адам құқықтарын қорғау жолдарына байланысты тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасалды, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық-құқықтық механизміндегі ішкі істер органдарының ролі, сервистік полиция моделінің тиімді қызметіне ықпал ететін негізгі факторлар, принциптер зерделенді. Қазақстан Республикасының адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын жетілдіруге бағытталған авторлық ұсыныстар әзірленді.

Бұл монография заң шығармашылық процесінде; ғылыми-зерттеу қызметінде және ғылыми-педагогикалық магистратура мен докторантураның және жоғарғы оқу орындарының оқу процесінде; сондай-ақ адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандардың кең ауқымы үшін пайдалануы мүмкін.

ӘОЖ 342.7
КБЖ 67.404

ISBN 978-601-7944-84-1

©Ибраева А.К., 2022
©Қазақстан Республикасы ІІМ
М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты, 2022

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

- АҚ — акционерлік қоғам
- АҚШ — америка құрама штаттары
- БАҚ — бұқаралық ақпарат құралдары
- БҰҰ — біріккен ұлттар ұйымы
- АҚЕК — Адам құқықтары жөніндегі Еуропа Конвенциясы
- ЕҚЫҰ — еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы
- ҚР — Қазақстан Республикасы
- КСРО — Кеңестік Советтік Республикалар Одағы
- ҚР ҚМ - Қазақстан Республкасының қаржы министрлігі
- Қазақ КСР — Қазақ Кеңестік Советтік Республикасы
- ҚР ҚПК — Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі
- РФ — Ресей Федерациясы
- ІІМ — ішкі істер министрлігі
- ІІБ — ішкі істер бөлімі
- ҰҚК — ұлттық қауіпсіздік комитеті
- ЕК — Еуропалық Кеңес
- ЕҚ — Еуропа қоғамдастығы
- ТМД — тәуелсіз мемлекеттер достастығы

МАЗМҰНЫ

Қысқартылған атаулар мен шартты белгілердің тізімі	3
Кіріспе.....	6

1. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ 12

1.1 Құқықтық мемлекет – адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуші негізгі институт.....	12
1.2 Құқықтық мемлекеттегі адам құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі және міндеттерінің өзара байланыстылығы	34
1.3 Адам құқықтары мен бостандықтарын конституциялық-құқықтық реттеу.....	81

2. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ 92

2.1 Адам құқықтарын қорғау – мемлекеттік органдар қызметінің негізін қалаушы қағида	92
2.2 Мемлекеттік органдардың қызметіндегі адам құқықтарына кепілдік беру, сақтау, қорғау, қамтамасыз ету функциялары.....	134
2.3 Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдері.....	147

3. АДАМ МЕН АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМІНДЕГІ ІШКІ ІСТЕР ОРҒАНДАРЫНЫҢ РОЛІ..... 160

3.1 Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық-құқықтық механизміндегі ішкі істер органдарының ролі.....	160
--	-----

3.2. Нәлдік төзімділік, заңдылық, ашықтық, ұтқырлық қағидаттары-Қазақстан полициясының сервистік моделінің негізі ретінде.....	180
3.3 Полиция қызметкерлерінің құқықтық санасы мен жоғары құқықтық мәдениеті-сервистік полиция моделінің тиімді қызметіне ықпал ететін негізгі фактор ретінде	194
ҚОРЫТЫНДЫ	217
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	228

КІРІСПЕ

Монографияда құқықтық мемлекеттің адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуші негізгі институт ретіндегі басымдылығы талданып, адам құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі және міндеттерінің өзара байланыстылығы пайымдалып, отандық және шетелдік ғалымдардың адам құқықтарын қорғау жолдарына байланысты тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасалып, адам құқықтары мен бостандықтарының конституциялық-құқықтық реттелуі; мемлекеттік органдардың қызметіндегі адам құқықтарына кепілдік беру, сақтау, қорғау, қамтамасыз ету функцияларының мағыналық құрылымдарына талдау жасалынып; адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық-құқықтық механизміндегі ішкі істер органдарының ролі зерделеніп; сервистік полиция моделінің тиімді қызметіне ықпал ететін негізгі факторлар, принциптер ашылып, өзіндік тұжырымдар берілді.

Құқықтық мемлекеттегі адам құқықтарының проблемалары мемлекет қызметінің басты, тұғырнамалық қағидасы ретінде қарастырылуға тиіс. Адамның құқықтарын мемлекет бекітеді, оларға кепілдік береді, бірақ бір өкініштісі іс жүзінде, оларды мемлекеттің өзі жиі бұзып отырады. Сол себепті барлық мемлекеттік органдардың қызметінің басты, тұғырнамалық қағидасы ретінде адам құқықтарын қорғау қағидасын бекіту қоғамның тұрақты, тиімді өмір сүруінің кепілі болып табылады. Әрбір мемлекеттік орган осы қағиданы өздерінің заңда белгіленген міндеттеріне, құзыреттілігіне және билік өкілеттіктеріне сәйкес іске асыруға бағдарланған.

Адам құқықтарының проблемаларын зерттеудің көпқырлылығына қарамастан, бұл тақырыпты зерттеушілер адам құқықтарын қорғаудағы сол құқықтық

мемлекеттің өзінің қызметіне жете көңіл бөлмеген. Қазақстан Республикасы Конституциясында адамның құқықтары ең жоғарғы құндылықтар деп жарияланған және Конституция мәтіні осы фактіні жариялаумен басталады.

Бұл арада біріктіруші субстанция мемлекеттік органдар қызметінің қағидасы — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болуға тиіс.

Құқықтық әдебиетте адам құқықтары проблемасына көптеген ғалымдардың еңбектерінің арналғандығына қарамастан, адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік органдар қызметінің негізгі қағидасы мағынасында арнайы зерттеулер жүргізілген емес.

Мемлекет пен оның құрылымдарының қызметін жетілдіру, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтардың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ету құқықтық мемлекеттің дамуының басты міндеттері болып табылады. Құқықтық мемлекет құру, азаматтық қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету — заңдылыққа негізделген, адам құқықтарын қорғауға бағдарланған мемлекеттің ролін күшейтуді талап етеді. Осыған байланысты барлық мемлекеттік аппарат қызметінің қағидасын іске асырушы әрбір мемлекеттік органның ролін, оның міндеттері мен қызметтерін талдаудың қажеттілігі туындайды.

Адам құқықтарын қорғауды кез келген мемлекеттік орган өзінің міндеті деп жариялауда. Бірақ олардың адам құқықтарын қорғау механизміндегі ролі мен орнын анықтау кезінде бағдарламалары мен күзіреттіліктерінде көптеген қайталаулар, қарама-қайшылықтар бар екендігі байқалады.

Құқықтық мемлекеттің дамуы биліктің адам құқықтары мен бостандықтарын тек мойындауын ғана емес, сонымен бірге оларды іске асыратын және қорғайтын шын мәнісінде әрекетті мемлекеттік механизмнің болуын қарастырады.

Бұл мәселеде құқық қорғаушы құрылымдарға, оның ішінде ішкі істер органдарына ерекше орын беріледі. Құқық қорғау органдары көп жағдайларда қоғамымызда орын алып отырған жағымсыз жағдайлармен бірінші болып бетпе-бет келеді, олардың міндеті азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау болып табылады. Бұл мәселелерді теориялық талдаудан нақтылай іске асыруға көшетін уақыт жетті. Бірақ бұл осы қызметті жүйелі талдаусыз мүмкін емес.

Біріншіден, адам құқықтарын қорғау демократиялық құқықтық мемлекеттің басты ішкі қызметіне айналуы тиіс.

Екіншіден, бұл мемлекет пен адам мүдделерінің арасындағы басымдылықтарды бөлуді жаңаша қарастырушы негізгі идея.

Үшіншіден, әртүрлі мемлекеттік органдар бұл қағиданы іске асыру барысында түрліше қызмет атқара отырып, адам құқықтарын қорғау ісіне өз үлестерін қосып келеді.

Төртіншіден, адам құқықтарын қорғау механизміндегі мемлекеттік органдардың үлесін анықтай отырып, біз адам құқықтарын қорғау, сақтау, қамтамасыз ету және кепілдік беру сияқты қызмет түрлерін анық шектейміз.

Бесіншіден, адам құқықтарын қорғау механизмін жүйелілік қағидасы бойынша талдай отырып, біз бұл жүйеде кемшіліктер, қарама-қайшылықтар, қайталаулар орын алып отырғандығын анықтадық.

Алтыншыдан, демократиялық құқықтық мемлекеттің қалыптасуының қазіргі жағдайында Қазақстандық полицияны жаңғырту аясында ІІО-ның басты міндеті – азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, сақтау және қамтамасыз ету басымдығы болып табылады. Бүгінгі таңда полиция қызметі қоғамда жалпы мемлекетке деген сенім деңгейі жоғары болған кезде тиімді болады.

Адам құқықтарын сипаттауға жаңа көзқарастың терең мағынасы олардың ерекше артықшылықты мәртебесі мен қорғанғандықтың жоғары дәрежесін мойындағандығында жатыр. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында: «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды. Заңдар мен өзге де нормативтік, құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» [1], – деп жазылған.

Адам құқықтарын бекітуге, оларға кепілдік беру, қамтамасыз ету, қорғау және іске асыруға ұмтылыстың артуы құқықтық мемлекеттің (қалыптасқан немесе енді ғана қалыптасып келе жатқан) сипаты мен тегіне, оған тән басқару, реттеу және ықпал жасаудың құқықтық құралдарының басымдылықтарына, онда байқалып отырған гуманистік бастаулардың, демократияландырудың күшеюіне, мемлекеттік құрылымдардың халық бұқарасы үшін ашықтығына байланысты. Құқықтық (немесе оны құруды аяқтап келе жатқан) мемлекет мәжбүрлеу және күш қолдану шараларын шектен тыс қолдана алмайды, өйткені оның нәтижесі қолданылған тәсілдерге барабар болып шығады.

«Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, демократия – мемлекеттік билік өзінің бағдарламалары мен қызметін көпшілік таныған адам құқықтары мен бостандықтарына негіздегенде ғана мән-мағынаға ие бола алады [2, 34 б].

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мемлекеттің қорғаушылық қызметінен бөлген меншікті, құқықтық тәртіпті, заңдылықты және т.б. қорғау қызметінен ажыратқан және оларды басқа қызметтің негізіне алып, оның мазмұнын кеңейткен

абзал. Біздің пікірімізше, мемлекеттің адам құқықтары саласындағы қызметін тек оларды қорғаумен шектеуге болмайды. Мемлекеттің адам құқықтарын бекіту, қамтамасыз ету және оларға кепілдік беру, оларды іске асыруға жәрдемдесу жөніндегі іс шараларының маңызы бұлардан артық болмаса, кем емес. Оның бергі жағында мемлекет қызметінің барлық аталған түрлері бір-бірлеріне өте жақын, бағдарлары бойынша бір-біріне ұқсас, оларды бір-бірінен ажыратуға, бөлек және дара қарастыруға болмайды. Өйткені, сайып келгенде, олар белгілі бір бірлік пен тұтастықты құрайды [3, 28 б].

Қарастырылып отырған проблемаға Ресей және Қазақстан ғалымдарының бірқатар зерттеулері арналған. Бірінші кезекте бұлардың қатарына РФА академигі Е.А. Лукашеваның басшылығымен жасалынған іргелі еңбектерді атауға болады. Ол КСРО ыдырауынан кейінгі Ресей мен ТМД елдеріндегі адам құқықтарын қорғау проблемасын бірінші болып ғылыми зерттеу деңгейіне көтерді.

Адам құқықтары проблемасына Т.Б. Бекназар-Юзбашев, В.А. Карташкин, И.А. Ледях, Б.Г. Манов, Р. Мюллерсон сияқты Ресей зерттеушілерінің еңбектері арналған.

Қазақстанда бұл проблемаға Т.А. Ағдарбеков, М.Т. Баймаханов, М.С. Башимов, Б.А. Есентемірова, А. Жұмағұлова, Г.К. Исакова, Г. Лупарев, А.К. Мұхтарова, Ғ.С. Сапарғалиев, С.Н. Сәбікенов, А.В. Турлаев, Н.А. Шайкенов сияқты ғалымдардың жұмыстары арналған. Бұл қатарда Еуразия кеңістігінде адам құқықтарын іске асыру теориясы мен практикасына талдау жасалынған Ж.Д. Бусурмановтың диссертациялық зерттеуі ерекше орын алады.

Монографияда А.Т. Ашеулов, Т.А. Ағдарбеков, Н.Е. Айтқулова, М.Т. Баймаханов, Ж.Д. Бусурманов, М.С. Башимов, М.С. Бейбітов, С.В. Бахин, С.Ж. Жалыбин, Е. Жовтис, С.З. Зиманов, Г.К. Исакова, А.С. Ибраева, А.К. Котов, А. Қараев, Т.В. Кашанина, Д.О. Кусайнов,

Қ. Мәми, Б.А. Майлыбаев, А.К. Мұхтарова, Н.И. Матузов, К.Б. Мурзаев, М.С. Нәрікбаев, Л.Т. Назаркулова, Ғ.С. Сапарғалиев, С.Н. Сәбікенов, М.А. Сәрсембаев, Г.Ж. Сүлейменова, А.Я. Сухарев, А.В. Стремоухов, Р. Түсіпбеков, Г.Д. Тленчиева, А.К. Тасбулатова, К.Х. Халиков, А.Г. Шмарин және т.б. авторлардың еңбектері қолданылды.

Монография құрылымы бойынша кіріспеден, үш тараудан және тоғыз тараушадан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

1.1. Құқықтық мемлекет – адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуші негізгі институт

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында Қазақстан республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялаған. Бұл конституциялық нормада - Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуының ұзақ мерзімді мақсатты бағдарламасы жарияланған.

Құқықтық мемлекет идеяларын тұжырымдау тамыры адам бостандықтарының тұлға мен мемлекет мүдделерінің, қоғамдық және жеке адамның мүдделерінің, мемлекет пен құқықтың арақатынастарының философиялық проблемаларында жатыр. Алғашқыда саяси-құқықтық ойда қоғамдық мүдделердің басымдылығы идеясы үстемдік құрып келді. Қоғамдық мүдденің, жалпы игіліктің басымдылығы идеясын әділетті деп санаймыз. Өйткені адам – қоғамдық тіршілік иесі, егер де ұжымдық мүдде қамтамасыз етілмесе, ұжымның жеке мүшелерінің мүдделері туралы сөз етудің қажеті жоқ. Жалпы игілікті, ортақ мүддені қамтамасыз етуге қабілетті бірден-бір институт мемлекет болып табылады. Сол себепті мемлекет жеке тұлғамен салыстырғанда басымдыққа ие болып келді. Негізінен мұндай тұжырым теологиялық көзқарастың, монархтың билігін құдай жаратты деген түсініктің шеңберінде қалыптасты.

Мемлекет қоғамның ең жоғарғы ұйымдасқан институты ретінде оның өмірінде барған сайын маңызды роль атқарып келеді. Бұл мемлекеттік биліктің ерекшеліктерінен келіп туындайды. Тек мемлекет қана бүкіл қоғамның ресми өкілі болып табылады. Жалпыға

бірдей міндетті әдеп ережелерін жариялауға және жария мәжбүрлеуді қолдануға айрықша құзіретке иелік етеді.

Мемлекеттің егемендікпен байланысты маңызды белгісі ретінде мәжбүрлеу қолданылады. Біз оны субъектінің мінез-құлқына оның еркінен тыс әсер ету деп қарастырамыз. Мемлекет өзінің әлеуметтік қызметтерін табысты орындауы үшін оның шешімдерінің кепілдігі қамтамасыз етілуі тиіс. Мысалы діни билік сияқты әлеуметтік билік мәжбүрлеуге арқа сүйемейді (әсіресе ождан бостандығы бар кезде), оның дүниетанымдық сипаты бар: құдайға сенетіндер оған бағынды да, сенбейтіндер бағынбайды. Мемлекеттік билік болса, мемлекеттік мәжбүрлеуге арқа сүйейді.

Мемлекет саяси биліктің басты жиынтығы және саяси күштің орталығы ретінде кепілді тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті және осы мақсатта бассыздықтар мен озбырлыққа жол бермеу үшін басқа мемлекеттік емес құрылымдарға байланысты мемлекеттік билік үстемдік етуі тиіс. Бұл үстемдік егемендік ұғымы арқылы іске асырылады. Егемендік мемлекеттік биліктің үстемдігін және жария мәжбүрлеу мүмкіндігін қажет етеді. Мемлекеттегі барлық әлеуметтік күштер «билікті тек мемлекеттің тапсыруымен және мемлекеттің бақылауымен іске асырады» [4, 162 б].

Қандай да болмасын әлеуметтік күштің (саяси партия немесе т.б.) ықпалының күштілігіне, қоғамдық көңіл-күйдің жағдайына қарамастан, мемлекеттік билік мемлекеттің бүкіл аумағына тарайды және мемлекеттік аппарат, мемлекеттік органдар арқылы ғана іске асырылады.

Жоғарыда баяндалғандарға сүйене отырып, мемлекеттік билік қоғамның тұтастығын, оның тұрақты қызметін қамтамасыз етудің ең тиімді құралдарының бірі болып табылады деп тұжырымдауға болады.

Тұлғаның әлеуметтік мүмкіншіліктерінің жүйесінде оның қоғаммен өзара қарым-қатынастарын

білдіретіндері алғы шепке шығады [5, 53 б]. Өйткені мемлекеттік биліксіз өмірді бейберекетсіздік жайлайды. Қоғамның мемлекеттік биліксіз өмір сүре алмайтындығы күмәнсіз. Ал оның жоқтығы немесе әлсіздігі қоғамның құлдырауына алып келеді. Өйткені мемлекеттік билік экономикамен бірге оның әлеуметтік өмірінің арқауы болып табылады. Оның үстіне билік қатынастарынсыз адамзат өркениетінің өмір сүруі мүмкін емес.

Мемлекеттің қоғам өміріндегі осынша маңызды роль атқаруына қарамастан, осы кезге дейін мемлекеттің қоғам өміріндегі ролін шектеудің қажеттігі туралы, ал шектен шыққан нұсқаларда тіпті мемлекеттің жойылуы туралы (анархистердің пікірі, коммунистік қоғам туралы) пікірлер орын алып келді. Мұндай пікірлер толығымен негізсіз емес. Өйткені буржуазиялық революцияларға дейін мемлекеттік биліктің адамзат тарихында зорлық-зомбылық құралы ретінде пайдаланылып келгені белгілі. Мемлекеттік билік жария мәжбүрлеуді қолдану мүмкіндігіне иелік ете отырып, бір жағынан жалпы игілікті қамтамасыз етудің тиімді құралы, ал екінші жағынан, адамның құқықтары мен бостандықтары үшін ең үлкен қауіп ретінде көрініс табады. Буржуазиялық революцияларға дейінгі барлық мемлекет тәжірибесі мемлекеттік биліктің қоғамдық мүдделер туын жамылып, кей жағдайларда билік басындағылар мен байлардың мүдделеріне пайдаланғандығын, мемлекеттік биліктің зорлық-зомбылық құралы болғандығын дәлелдейді. Қандай жағдайда болмасын, жеке тұлғаның мүдделері есепке алынбай келді.

Мемлекетке байланысты жеке тұлға әруақытта да теңдік жағдайда болған емес. Мемлекет адамдарға өзінің еркін таңып, ол үшін мәжбүрлеу күшін пайдалана алады. Бейнелеп айтар болсақ, мемлекет адамдардың басынан «семсерін» сермеп келеді. Іс жүзінде бұл «семсер» адамға тән кемшіліктерден, нәпсі мен мүдделерден арылмаған жеке мемлекеттік

лауазым иелерінің қолында. Олар өз биліктерін асыра пайдаланулары мүмкін. Сол себепті адамдарға орынсыз пайдаланылған «семсерден» қорғану үшін «қалқан» қажет. Мұндай «қалқанды» адам құқықтары құрайды. Оның мақсаты – адамдар мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарын қауіпсіз ету, ал ол «қалқанның болуын, әрекет етуі мен нығайтылуын қамтамасыз ететін «күзетшілер» құқық қорғау ұйымдары болып табылады [6, 12 б].

Адам құқықтарының қалыптасуы ұзақ уақытқа созылды. Жеке құқықтар негізінен мемлекеттік биліктің заңсыз килігуінен азат болуды қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік құқықтар тұлғаның мүдделерін мемлекеттің көмегімен қамтамасыз ету және іске асыру талаптарын қамтиды. Бұл құқықтар ХХ ғасырда пайда болды. Олар XVIII-XIX ғасырлардың конституциялық құқығына бейтаныс, принциптік жаңа құқықтар еді. Олар еңбек қатынастары, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау мен білім алу, кәсіподақ қызметіне, сонымен бірге жастарды, әйелдерді, қарттарды қорғауға, отбасы мен аналарды қорғауға, ғылыми және шығармашылық бостандығына т.б. байланысты мәселелерді қамтиды. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың қазіргі адам бір өзі рыноктік стихия мен әлеуметтік қорғансыздыққа бетпе-бет келген, әлеуметтік және техникалық прогресс дәуірінде де маңызы артып отыр. Мемлекетке қолда бар ресурстардың негізінде мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру жөніндегі қосымша талаптар қойылуда.

Адам құқықтарының пайда болу уақытына сәйкес үш ұрпақ бөлінеді. Бұл ұрпақтар себептері мен қамтамасыз ету тәсілдерімен ерекшеленеді [7, 382 б].

Бірінші ұрпаққа буржуазиялық төңкерістер (XVII-XVIII ғ.) жариялаған азаматтық және саяси құқықтар кіреді. Бұл құқықтар «теріс» деп аталады. Олар жеке тұлғаның мемлекет билігінен тәуелсіздігін білдірді. Олар

мемлекеттің бостандық пен Адамның өзін-өзі көрсету саласына араласпауының шектерін білдіреді. Оларға өмір сүру құқығы, адамның бостандығы мен қауіпсіздігі, үйдің қол сұғылмауы, заң алдындағы теңдік құқығы, сайлау құқығы, ой мен ар-ождан бостандығы, сөз бен баспасөз бостандығы және т.б. жатады.

Адам құқықтарының алғашқы ұрпақа Батыс Еуропадағы буржуазиялық төңкерістердің басталуымен байланысты. Адам құқықтарының басымдығы принципі алғаш рет 1789 жылғы Француз адам және азамат құқықтарының Декларациясында бекітілген. Сонымен қатар, мемлекеттің қызметін осы құқықтарды қорғайтын «түнгі күзетші» функциясымен сипаттауға болады.

Адам құқықтарының *екінші ұрпағын* қарастырайық. Бұл ұрпақты әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтармен байланыстыруға болады. Бұл құқықтар азаматтық құқықтардан кейін пайда болды. Бұл құқықтардың пайда болу уақыты — ХХ ғасырдың ортасы.

Бұл кезең халықтардың өздерінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәртебесін жақсарту үшін күресімен сипатталады. Бұл уақытта қоғамда Социалистік идеялар дами бастайды және социалистік елдер пайда болады. Құқық теориясында бұл құқықтар кейде «оң» деп аталады. Оларды іске асыру мемлекеттік органдардың әрекеттеріне байланысты.

Оларға еңбек ету құқығы және жұмысты еркін таңдау құқығы, демалу және бос уақыт құқығы, баланы қорғау құқығы, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, қоғамның мәдени өміріне қатысу құқығы және т.б. жатады.

Адам құқықтарының екінші ұрпақа қоғамды әлеуметтік реформалау идеясына сүйенеді. Сонымен қатар, мемлекеттің рөлі азаматтарды нарықтық экономиканың жағымсыз салдарларынан қорғау және барлық адамдарға лайықты өмір сүруге кепілдік беру болып табылады.

Үшінші ұрпаққа — адамзаттың жаһандық проблемаларынан туындаған ұжымдық немесе бірлескен құқықтар. Үшінші буын құқықтары адамның жеке мәртебесін әлеуметтік қауымдастықтың мүшесі ретінде қорғауды қамтиды. Жеке адамның құқықтары мен ұжымдық құқықтардың өзара әрекеттесуі принципке негізделеді: ұжымдық құқықтар жеке адамның құқықтарына нұқсан келтірмеуі керек.

Бұл ретте үшінші ұрпаққа құқығының тасымалдаушылары, субъектілері әлеуметтік қауымдастықтар, этностар, ұлттар, халықтар, тұтастай алғанда бүкіл адамзат болып табылады. Бұл бейбітшілікке, қолайлы қоршаған ортаға, өзін-өзі анықтауға, ақпаратқа, жалпы қауіпсіздікке құқықтар. Бұл құқықтар Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген елдердің отарлық тәуелділіктен босатылуы, экологиялық және гуманитарлық мәселелердің тереңдеуі аясында пайда бола бастады және әлі де заңды міндетті нормалар ретінде қалыптасу сатысында.

Қазіргі уақытта үшінші ұрпаққа жеке топтардың (балалар, мүгедектер, жұмыссыздар, тұтынушылар, жыныстық азшылықтар және т.б.) құқықтары, сондай-ақ өзгеріп жатқан қоғамдық қатынастардың әсерінен пайда болған «жаңа құқықтар» кірді. Бұл құқықтарға, мысалы, эвтаназия құқығы, әскери қызметтен бас тарту құқығы, жеке өмір салты, бір жынысты неке құқығы және т.б. бұл «жаңа құқықтарды» жүзеге асыру әрдайым мүмкін емес, өйткені бұл «жаңа құқықтар» қалыптасқан дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, мінез-құлық стереотиптеріне, жалпы қоғамның менталитетіне қайшы келеді. Біздің ойымызша, мемлекеттің адамның «жаңа құқықтарын» мойындауы қоғамнан бас тартуға әкелуі мүмкін. Мысалы, қазір қазақстандық қоғамда бір жынысты неке құқығын ресми тану мүмкіндігі талқылануда. Біздің ойымызша, бұл құқық Қазақстан Республикасында қоғамдық сана, ұлттық менталитет, отбасылық дәстүрлер мен

қалыптасқан мінез-құлық стереотиптеріне байланысты ресми түрде рұқсат етілмеуі тиіс.

Құқықтық мемлекетте құқықтық заң, яғни мазмұны табиғи заңға, «заттардың құқықтық сипатына» қайшы келмейтін заң қолданылуы керек.

Тасымалдаушы субъектілердің шеңбері бойынша адам құқықтарын жеке және ұжымдық деп бөлуге болады. Жеке құқықтар-бұл жеке субъектіге тиесілі құқықтар. Ұжымдық құқықтар топқа, адамдар қауымдастығына тиесілі және жүзеге асырылады. Егер жеке құқықтар туғаннан бастап барлығына тиесілі табиғи болса, онда ұжымдық құқықтар табиғи емес, өйткені олар белгілі бір ұжымның, қоғамдастықтың мүдделерін қалыптастыру процесінде тұжырымдалады. Ұжымдық құқықтар-бұл ұжымның әр мүшесіне тиесілі жеке құқықтардың сомасы емес. Олардың ұжымның мақсаттары мен мүдделерімен анықталатын қасиеттері бар.

Кейбір ұжымдық құқықтарды топ та, сол топқа жататын адам да жүзеге асыра алады, ал басқалары тек топтық әрекеттермен жүзеге асырылады. Ұжымдық құқықтар ешқашан жеке адамдармен қақтығыспауы керек, оларды болдырмауы керек. Көбінесе адамның жеке құқықтары мен халықтардың, ұлттардың, ұлттық азшылықтардың құқықтары арасындағы қайшылықтар ұлтаралық қақтығыстардың себептері болып табылады, онда егемендік және өзін-өзі анықтау құқығы бірінші орынға қойылады.

Бірақ халықтың өзін-өзі анықтау құқығы жеке адамның барлық құқықтарын толық және шектеусіз жүзеге асырудан ажырамас және осы ұжымдық Заңның заңдылығы өзін-өзі анықтайтын халықтың әр адамның құқығына, оның сенімдеріне, ұлтына және т.б. қарамастан, қатынасы арқылы расталады немесе жоққа шығарылады. Өзін-өзі анықтау процестерінің қалыпты дамуымен жеке және ұжымдық құқықтардың арақатынасы мәселесі туындамайды. Халықаралық-құқықтық нормалар жеке

адамның құқықтарының және халықтың өзін-өзі анықтау құқықтарының бөлінбейтіндігін және баламалылығын белгілейді, олардың теңгерімді дамуына негіз береді [7].

Құқық пен заңдылыққа жаңаша көзқарас жалпы азаматтық құндылықтардың және тиісінше халықаралық құқықтың басымдылығына байланысты проблемаларды зерттеуде орын алып отырған парадигмаларды ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Құқықты жаңаша түсіну, сонымен бірге құқықтың мемлекеттен үстемдігі, адамның табиғи құқықтары мен бостандықтары, үлкенді-кішілі халықтардың егемендігі идеяларын біріктіреді.

Саяси құқықтардың құқықтық табиғаты қызық. Заң әдебиетінде саяси құқықтарды: 1) әртүрлі өкілеттілік және тікелей демократия формалары арқылы мемлекет пен оның органдарын ұйымдастыру мен қызметіне қатысу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктер; 2) қоғам өміріне белсенді араласу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктерге бөлу кездеседі. Аталған құқықтық өкілеттіліктердің бірінші тобы азаматтың мемлекеттің ісін басқаруға тікелей де, өзінің өкілдері арқылы да қатысуға кешенді құқығы деп тұжырым жасауға болады.

Азаматтың мемлекет істерін басқаруға қатысуға кешенді конституциялық құқығының құрамына енетін құқықтық өкілеттіліктер қоғам өміріне белсенді араласу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктермен (сөз және баспасөз бостандығы, жиналыстар мен манифестациялар бостандығы, бірігу құқығы) тығыз байланысты. Мысалы, сөз және баспасөз бостандығынсыз азаматтың сайлауға және сайлануға құқығы бос сөз болып шығар еді. Өйткені депутаттыққа және басқа да сайланатын лауазымдарға кандидаттар мен сайлаушылар сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқықтарында шектелген болар еді; бірлестіктер құру құқығының жоқтығы азаматтардың саяси партиялар арқылы өз кандидаттарын Парламент депутаттығына ұсыну құқығын теріске шығарған болар еді. Қоғамның саяси өміріне қатысу жөніндегі

аталған құқықтық өкілеттіліктер бір мезгілде азаматтың мемлекет істерін басқаруға қатысуға конституциялық құқығын іске асыру механизмі, кепілі және шарттары болып табылды. «Мемлекет» және «қоғам» деген ұғымдардың этимологиялық тұрғыдан тұтастық және оның бөлігі ретінде сәйкес келетіндігінен, қоғамдық өмірге араласу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктердің бір мезгілде мемлекет істерін басқаруға қатысу жөніндегі құқықтық өкілеттіліктер қызметін атқара алатындығын есте ұстау қажет.

Саяси құқықтардың маңыздылығы сол, олар бастапқы өмірлік, ең алдымен өмірдің өзін ұстап тұруға тиісті қажеттіліктерді қанағаттандыруға тиісті әлеуметтік-экономикалық құқықтары үшін күрестің құралына айналады. Соңғы жылдары етек алған митингілер, ереуілдер, аштық жариялау, азаматтық бағынбау актілері әлеуметтік-экономикалық құқықтары үшін күрес құралдары болды. Сот процестерінің көпшілігі де нақ осы бастапқы, шын мәнісінде, экономикалық құқықтарды қамтамасыз етуге байланысты болды. Оларға кепілдік берілмейінше, саяси құқықтар тұлға үшін екінші дәрежедегі мәселелер болып қалады. Осыдан келіп демократиялық мемлекеттің міндеті кез-келген құқықты іске асыру үшін жағдай жасау деген қорытынды туындайды.

Адам құқықтары мен бостандықтары жүйесінде бірлесу құқығына ерекше орын берілген. Бұл ҰЕҰ ұлттың гуманитарлық капиталын дамытудағы, елдің ұйымдық және интеллектуалдық әлуетін біріктірудегі, жалпы жауапты азаматтықтың сапасын арттырудағы атқарып келе жатқан роліне байланысты. ҰЕҰ-дың өздерінің әлеуметтік маңызды қызметтерін табысты орындауы үшін қоғамның тұрақтылығына, тұлға мен қоғамның әлеуметтік белсенділігі мен жауапкершілігінің артуына мүдделі мемлекет шешуші роль атқаруға тиіс.

Сонымен, мемлекет зорлық-зомбылық құралына айналмауы үшін оның билігіне құқықпен шектеу қою керек. Құқықтық мемлекет идеясы дамудың ұзақ жолынан өтті және ол құқық пен заңды қарама-қарсы қою, мемлекетті күш пен құқықтың бірлігі немесе құқықтық заңмен шектелген билік ретінде түсіндіру дәстүрінің пайда болуы мен дамуына байланыстырылады. Бұл дәстүр ежелгі грек саяси ойынан бастау алған болатын. Нақ осы дәуірде мемлекет туралы өз қызметін заңға негіздейтін және бостандықты қамтамасыз ететін ұйым ретінде алғашқы түсініктер қалыптасты. Мемлекет туралы мұндай түсініктер көп жайғдайда билік пен бостандықтың әділетті арақатынаста болуын іздеумен байланысты болды.

Құқықтық мемлекет бастауларын Сократтың, Платонның, Аристотельдің, Цицеронның көзқарастарынан табуға болады. Құқықтық мемлекет туралы идея құқықтық мемлекет туралы буржуазиялық ілімнің негізін салушы және классигі Иммануэль Канттың еңбектерінде толық және жан-жақты дамытылды.

Мемлекет — адамдардың өз игілігін қамтамасыз ету мен қорғауы үшін біріккен одағы деп түсініледі. Бұл одақтың, бірліктің негізі әртүрлі құқықтық, адамгершіліктік, ұйымдық-еңбектік т.б. болуы мүмкін. Мысал үшін, Кант осындай пікірді ұстанған, оның ойынша, мемлекет игілігі мемлекеттік құрылыстың адамдарды категориялық императивтің көмегімен олардың бостандығының жалпы мөлшерімен біріктіретін құқықтық принциптермен үйлесімділігінде болып табылады [8, 365 б].

Мемлекет — бұл жария-биліктік қатынастар және институттар құратын белгілі ұжымдық, қауымдастық. Бұл арада мемлекет пен құқық адамгершілік идеясының объективтену формасы ретінде қарастырылады. Мемлекет — жанды қоғамдық организм болып табылады. Сол себепті Гегель, бір жағынан, тұлғаның азаматтық

бостандығы мен, екінші жағынан, мемлекеттің бірлігін ұсынады. Мұндайда олардың бостандықтары бір-біріне қарсы тұрмайды, керісінше, тұтас бостандықты – өзіне жеке тұлғалар мен халық өмірінің аяларының бостандықтарын біріктіретін мемлекеттік-ұйымдасқан халықтың (ұлттың) бостандығын құрайды. Өйткені «құқық жүйесі бостандықты іске асыру патшалығы болып табылады» [9, 67 б].

Бүгінгі таңда көптеген елдер бұл идеяны қоғамның тиімді өмір сүруін қамтамасыз ету құралы ретінде қолдануда. Дегенмен адамзат ойының тарихында әртүрлі елдерде адамның құқықтары мен бостандықтарына, қоғамның, мемлекеттің және тұлға мүдделерінің ара қатынасына әр түрлі көзқарастар орын алғандығы белгілі.

Табиғи-құқықтық доктринаның негізінде құқықтану мен мемлекетті түсінудің либералдық-демократиялық дәстүрінде мемлекет идеясы бостандық идеясымен тығыз байланысты. ХХ ғасырдың басында Кант пен Гегельдің Құқық Идеясы мен Бостандық Идеясының байланысы туралы пікірлерін көрнекті орыс құқықтанушылары да бөлісті: «Құқықтың басты және маңызды мазмұнын бостандық құрайды» [9, 53 б].

Бірақ буржуазиялық қоғамның саяси-құқықтық ойы бірден негізгі екі ағымға бөлінді. Оған себеп болған нәрсе құқықтық мемлекет теориясының негізін қалаушы екі қағида көзқарас еді. Біріншілері (Смит А., Локк Ә., Миль С., Кистяковский Б., кейінірек Хайек Ф., Фридмен М. Және басқалары) маңызды фактор деп жеке бостандықтарды (жеке бастың, экономикалық, саяси) санады да, құқықтық теңдік пен нарықтық қатынастар жүйесіндегі табысқа жетуге мүмкіндіктер теңдігін әділеттілікті орнатуға жеткілікті шарттар деп санады. Құқықтық мемлекеттің екінші маңызды белгісі іс жүзіндегі теңдік деп есептеген. Бұл әділеттілік туралы түсініктің біртіндеп өзгеруіне байланысты болды.

Буржуазиялық қоғамда адамның әлеуметтік мәртебесі көпшілігінде оның материалдық жағдайына байланысты болды. Зерттеушілер тұлғаның құқықтық мәртебесінің тек саяси теңдікті ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық теңдікті қамтамасыз етуден тікелей тәуелді екендігі туралы айта бастады.

Құқықтық мемлекет сипаттамасын толықтырған бұл жаңа сипаттамаларға қазіргі мемлекет танушылардың, әлеуметтанушылардың, құқықтанушылар мен Батыстың ғылыми әлемінің басқа да өкілдерінің көптеген еңбектері арналған. «Молшылық мемлекетін» талдау мен жіктеу және олардың болашағын болжаумен айналысатын әртүрлі елдердегі ағылшынша жазатын оқымыстылардың көптігі сонша, ғылыми дүниеде нағыз «молшылық» мемлекетінің индустриясының» пайда болуы туралы айтуға болады [10, 251 б].

Бірақ шындық жағдай толығымен осылай емес. XX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік мемлекеттің индустриядан кейінгі қоғамдардың жүйесіне толық және тығыз енгендігі соншалық, оның қазіргі жағдайы мен одан әрі даму үрдісін және реформалануын зерттеуден бас тарту тіпті мүмкін емес. Осыған байланысты авторлардың көпшілігі тікелей осы мәселе туралы емес, басқа проблемалар туралы жазып, оның қоғамдық қызметі туралы өз пікірлерін білдіруде.

Әртүрлі елдерде ұлттық ділдің, тарихи процестердің қайталанбас өзгешеліктеріне сәйкес әлеуметтік мемлекеттіліктің қалыптасу ерекшеліктеріне, зерттеушілердің азаттыққа, теңдікке және әділеттілікке деген көзқарастарының түрлішелігі бұл фономенді ғалымдардың түрліше түсінулеріне алып келді. Қандай мемлекетті толық әлеуметтік деп санауға болатындығының бірыңғай өлшемдері тұжырымдалмай келеді. Мемлекеттің жүргізіп отырған әлеуметтік-бағдарлы саясатының сипаты мен бірізділігінің конституциялық кепілдіктердің бар не жоқ екендігінен

тікелей тәуелділігі, әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтырдың мәртебесі, мемлекеттің ішкі қоғамдық процестерге араласуының дәрежесі, әлеуметтік мемлекеттің міндеттері мен оның қызметтерінің ауқымы туралы мәселелер ашық қалып келеді [11, 9 б].

Сөйтіп, құқықтық мемлекетті белгілі бір құқықтық мәдениет шеңберінде түсіну ерекшеліктеріне қарамастан, бұл жерде біріктіруші белгі құқықтық мемлекеттің ең алдымен мемлекет, қоғам және тұлға араларындағы құқықтық қарым-қатынастар сипатының түбегейлі өзгеруінің нәтижесі екендігі болып отыр. Құқықтық мемлекет — қызметі конституцияның және оның негізінде жарияланған заңдардың шеңберімен шектелген мемлекет. Құқықтық мемлекеттің маңызды белгісі — ол кез-келген нағыз құқықта бар әділеттіліктің адамгершілік идеясына және басқа да адамгершілік құндылықтарына сәйкес келуге тиісті заңдардың сапасы мен сипаты болып табылады. Заңдардың мұндай сапаға сәйкес келуін қамтамасыз ету — бұл құқықтың тұрақты және үздіксіз болып табылатын мәнін іздеу процесі.

Құқықтық мемлекеттің мәндік белгісі кез келген, тіпті барлық заңды рәсімдерді сақтау жолымен қабылданған заңның емес, нағыз құқықтық заңның үстемдігі, жоғарылығы болып табылады. Құқықтық мемлекетте құқық пен заңның арасы ажыратылады. Құқық пен заңды ажыратудың басты мағынасы құқықтың адамгершілік, әділеттілік, теңдік мұраттарының бейнесі ретіндегі ерекшеліктерін мойындауда жатыр.

Мемлекеттің жария саяси билігі құқық бейнесінде көрініс табуы керек. Танымал зерттеуші Нерсесянц В.С.: «Құқық жөнінде бостандықтың өлшемі (нормасы, формасы) ретінде әңгіме еткенде, біз ішкі шешімдердің құқық аясынан тыс емес, адамдардың сыртқы әрекеттеріндегі мінез-құлқының аясындағы бостандықты меңзеген едік», — дейді [12, 344 б].

Қазіргі уақытта мемлекет туралы жария саяси биліктің ұйымы деу жеткіліксіз, мемлекет туралы ол құқықтық сипаттағы жария саяси билік ұйымы деп тану қажет. Осы тұрғыдан Матюхин А.А. мемлекетті жай ғана «қоғамдық, таптық, әлеуметтік-топтық және басқа да қатынастарды реттестіру үшін тарихи пайда болған институт, қоғамның бөлінуінің нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен бірге тарихи қалыптасқан және өзінің барлық әлеуметтік-мәдени формаларында тек қана құқық аясында әрекет етуші институт ретінде қарастырады [13, 9 б]. Яғни автордың мемлекет деп түсінетін құбылысын құқықтан тыс елестету ақылға сыйымсыз.

Мұндай түсінікте мемлекет адамзат өркениетінің дамуында шешуші роль атқаратын үлкен әлеуметтік және мәдени құндылық болып табылады. Мемлекет қоғамға әлеуметтік тәртіп, тұрақтылық әкелді. Осыған байланысты неміс ойшылы, таптық теорияның негізін салушылардың бірі Ф. Энгельс мынандай орынды пікір айтқан болатын: «Мемлекет қоғам дамуының белгілі бір кезеңінің жемісі» [14, 196 б].

Қоғам қарама-қарсы таптарға бөлінгеннен кейін мемлекеттің принципінде жаңа қызметі — ауқатты таптың мүддесін және оны кедей таптың қаһарынан зорлық-зомбылық қолдану арқылы қорғау пайда болды [14, 199 б].

Бұл тұрғыдан мемлекетті түсінудің легистік көзқарасының кемшіліктері ашықтан-ашық көрініп тұр. Баршаға мәлім, XIX ғасырда пайда болған бұл көзқарас Г. Кельзеннің еңбектерінде өзінің толық тұжырымын тапқан болатын. [15, 73-84 бб].

Легистік тұжырымдаманың тұрғысынан қарағанда мемлекет заңды түрде рәсімделінген саяси билік аппараты деп түсіндіріледі. Яғни мемлекет оның органдарының қызметін реттестіруші заңдармен теңдестіріледі. Мұндай пікір деспоттық, зорлық-зомбылық тәртіпті де мемлекеттік деп есептеуге

болады. Өйткені ол заңдарда бекітілген, ал заңдар мазмұндарының қандай екендіктеріне қармастан құқық деп саналады деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Легизмнің бұл тұжырымдамасының осал жері сол, мұнда құқық пен заңның арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Осыдан келіп легизм тұжырымдамасы мемлекет пен деспотияны ажыратуға мүмкіндік бермейді, өйткені біріншісін заңмен рәсімделінген кез келген мағынадағы саяси билік аппараты деп қарастырады деген тұжырым жасауға болады.

Біз атаған мемлекетті либертарлық түсінудің тұрғысынан мемлекетті түсінудің әлеуметтік көзқарасын да сынауға болады [16, 40-56 бб]. Бұл көзқарас тұрғысынан мемлекет формасы мен мазмұнына қармастан кез келген типтегі жариялық биліктің ұйымдасуы, саяси күші ретінде қарастырылды. Бұл тұжырымдаманың негізінде мемлекеттің заңды табиғатын теріске шығару және оның күш қолдану табиғатын абсолюттеу жатыр. Мемлекеттің басты міндеті – оның билікті іске асыруға ерекше күзіреті, ал мемлекеттің мәні оның ұйымдасқан зорлық-зомбылық немесе саяси күш ретінде құқықпен шектелінбейтіндігінде және осыған байланысты өзінің қоластындағылардың бостандығының өлшемін өз қалауынша белгілейтіндігінде. Бұл мемлекеттің деспоттық билікке айналуына алып келеді, өйткені мұнда күш алға шығып, заңдар артқа ысырылған. Жоғарғы билік заңды түрде де, заңсыз да іске асырылады. Мұндайда заң (құқық) дегеніміз жоғарғы билік нені қаласа, сол, яғни егеменді биліктің еркін білдіру болып шығады. Әлеуметтік тұжырымдама мемлекеттік биліктің өкілеттіліктері заңмен реттестірілуі мүмкін, бірақ мемлекет үшін заң міндетті емес деп санайды. Бұл тұжырымдаманың екінші бір нұсқасы – ол мемлекеттің маркстік-лениндік тұжырымдамасы. Мемлекеттің әлеуметтік тұжырымдамасы адамның табиғи құқықтары мен құқықтық мемлекет ұғымын теріске шығарады. Сонымен бірге барлық субъективтік құқықтар заң

шығарушы еркінің туындысы деп саналады. Оның шеңберінде саяси билікті шектейтін конституциялық және халықаралық құқықтардың табиғатын түсіндіру мүмкін емес.

Біз атап көрсеткен мемлекет туралы екі көзқарас та мемлекеттің құқыққа, адам құқықтарына байланысты үстемдігін дәлелдейді. Ал мемлекет деп формасы мазмұнынан тәуелсіз жария саяси биліктің кез келген типтегі ұйымын түсінеді.

Әрбір мемлекетке өзіндік даму жолы тән. Мемлекеттердің қауымдастығы және одақтарын, институттарының жүйесін құрарда олардың мүшелері – көптеген қазіргі еуропалық мемлекеттер – көп жағдайларда төл мемлекеттік-құқықтық дамуларының тұжырымдық құрылысы мен тәжірибесін пайдаланған [17, 211 б].

Жаңа заманның «құқықтық көзқарасының» алғашқы негізін салушыларының бірі Гуго Гроций әділеттілік идеясына құқықтың қажетті белгісі деген анықтама берген: «Өйткені, құқық дегеніміз тек әділетті дегенді ғана білдіреді және көбінесе жағымды емес, жағымсыз мағынада, өйткені әділеттілікке не қарама-қайшы болмаса, сол құқық болып есептеледі» [18, 68 б].

Біздің пікірімізше, мемлекетті түсінудің әлеуметтік және легистік көзқарастар болашағы онша емес, өйткені олар мемлекет құдіретіне бас июшілікке жәрдемдесіп, зорлық-зомбылыққа, авторитаризм мен тоталитаризмге қарсы тұру мүмкіндіктерін кемітеді.

Тарихтың, әсіресе, ХХ ғасыр тарихының қайғылы оқиғалары, атап айтқанда фашистік және тоталитарлық режимдердің орнатылуы – мұның анық куәсі. Сол себепті қазіргі шындық жағдайында ғылыми тұрғыдан болашағы және қоғамдық практика үшін маңызы бар деп *либертарлық тұжырымдаманы* есептеу дұрыс сияқты. Бұл тұжырымдаманың шеңберінде жалпы игілік, қоғамдық мүдде және жеке тұлғаның

бостандықтарының арақатынасы проблемасының қалай шешілгендігіне қысқаша тоқталып өтейік. Либертарлық көзқарас шеңберінде жеке адамдардың бостандығына тура келетін, бірақ қоғамдық тәртіпке қауіп туғызбайтын әділеттілікті мөлшерлеу мен оған кепілдіктер беру проблемасы *формальды теңдік қағидасын* тұжырымдауға алып келді. Бұл принцип қазіргі кезде билік пен әділеттілік негізделінетін басты идея болып табылады, ал мемлекетке байланысты бұл барлық азаматтарға, олардың ортақтастықтары мен бірлестіктеріне алалаусыз, бірдей қарауды білдіреді. Мемлекет егемендігі мемлекеттік билік үстемдігін, бірақ шексіз күшті еместігін білдіреді. Егемендік тек заң шеңберінде әрекет етуші күшті билікте көрініс табады.

Мемлекеттің құқықтық табиғаты формалды теңдік іске асырылушы, ал құқық бостандық, әділеттілік, теңдік, гуманизм және ортақ игілік сияқты мәңгілік идеялар мен құндылықтарды білдіретін институт ретінде түсінілетін қазіргі демократиялық мемлекеттерде көрініс табуда. Мұндайда идеологиялық плюрализм, жариялылық, көппартиялық, еркін сайлау, биліктің бөлінуі, заңның үстемдігі, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, жоғары құқықтық мәдениет, беделді және тәуелсіз сот, дамыған азаматтық қоғам басымдық жағдайда. Мұндай мемлекетте барлық қатынастардың негізіне барлығына — азаматтар үшін де, конституциялық монархиядағы монархтарға дейінгі мемлекеттік билік субъектілері үшін де бірдей және міндетті заң алынған. Құқықтық мемлекеттің бар екендігін анықтауға мүмкіндік беретін өлшем деп қарапайым сот тәртібімен кез келген, соттың өзінде қоса, мемлекеттік құрылымға байланысты заңдылықты қалпына келтіру мүмкіндігін есептеуге болады.

Құқықтық мемлекеттің негізінде дамыған нарықтық экономика мен саяси ұйымдардан тыс азаматтардың қалаулары бойынша заң шеңберінде іске асырылатын

азаматтық қатынастар жатады. Құқықтық мемлекет пен демократия өзін-өзі басқаратын нарықтық шаруашылық негізінде пісіп жетіледі. Құқықтық мемлекеттің төл сипаты ретінде биліктің қоғамда шексіз билікке ұмтылысына тойтарыс беретін биліктің бөлінуі, мемлекеттің барлық қызметіне тиісті бақылау жасау мүмкіндігі, саяси қызметке байланысты жариялылық т.б. болып табылады. М.И. Байтиннің пікірінше, «билігінің шегі оның органдарының құрылуы, өкілеттілігі, қызметі қатаң түрде құқыққа негізделінетін және ең жоғарғы борышы адам мен азаматтық құқықтары мен бостандықтарын мойындау, сақтау және қорғау болып табылатын демократиялық, өркениетті мемлекет құқықтық болып саналады. Қазір ол мемлекет дамуының сан ғасырлық тарихындағы ең жоғарғы саты [19, 11 б].

1. Мемлекетке байланысты жеке адамның (тұлғаның) бостандықтарына кепілдік беру. Бұл принцип іс жүзінде адамның негізгі құқықтарын нақтылаудан көрініс табады.
2. Заңдардың әрекет ету күші жұрттың барлығы үшін бірдей болуы керек және барлық азаматтар заң алдында бір-бірлерімен тең болулары керек деген көзқарастан көрініс табатын құқықтық теңдік.
3. Құқықтық қауіпсіздік, мемлекеттік әрекеттің салыстыруға болатындығы [20, 14 б].

Өзара жауапкершілік қағидасы мемлекетті келісімдік деп түсінуге негізделген. Мемлекет адамдардың өздерінің игілігін қамтамасыз ету мен қорғау үшін құрылған одағы, бірлестігі ретінде мемлекеттік құрылыстың адамдарды категориялық императивтің көмегімен олардың бостандығының жалпы мөлшерімен біріктіретін құқықтық қағидалармен үйлесімін білдіреді. Мемлекетті осылайша түсінуден келіп, мемлекет пен тұлға бір бірлерінің алдында жауапкершілікте болып саналады. Азамат конституцияны сақтауға, заңды құрметтеуге, қоғам

мен мемлекет алдындағы өз міндеттерін абыроймен іске асыруға міндетті. Мемлекет болса, билік негізінде азаматтардың бостандығына, қауіпсіздігіне кепілдік беруі, қоғамның тұтастығы мен оның лайықты тіршілік етуі, жалпы адамзаттық құндылықтарды іске асыру арқылы экономикалық және рухани факторлардың көмегімен қол жеткізуге жағдай тудыруға міндетті. Өзіне деген сенімді ұстап тұру үшін мемлекет *өзінің тигізген зияндарының орнын толтыруға міндетті.*

Құқықтық қауіпсіздік, мемлекеттік әрекеттің салыстырмалылығы қағидасы:

- азаматтардың мемлекетке деген сенімін қорғаудан, яғни мемлекеттің өзіне деген сенімді сақтау үшін өзінің тигізген зиянының орнын толтыруға міндеттелген;
- заңға кері күш беруге тыйым салуды;
- заңдардың дәлме-дәл және анық болуларын талап етуді;
- шектен тыстыққа тыйым салуды, яғни мемлекеттік тұлғаның бостандығына қол сұғуы тек осы қолсұғушылық қойылып отырған мақсатқа мөлшерлестіктен аспайтын жағдайда ғана (мөлшерлестікті, шектен шықпауды талап ету) құқығы бар екендігін;
- мемлекеттік қызметтің анықтылығы мен болжамдылығын мойындаумен құқықтық қамтамасыз етілуінен көрініс табады.

Бұл қағиданың неміс мемлекеттанушылары мен құқықтанушыларының еңбектерінде жан-жақты және байсалды түрде зерттелгендігін және Германияның заңдарында бірізділікпен іске асырылғандығын атап өткенді жөн көрдік. Бұл қағида Германия Конституциясында бекітілген. Мысал, негізгі заңның 34-бабында мемлекеттің өзінің органдарының әрекеті үшін жауапкершілігі тұжырымдалған. 14-бапта мемлекеттің

тұлғаның ісіне араласуы оған ерекше зиян тигізген жағдайда өтемақы төлеу бекітілген [21, 9 б].

Жоғарыда айтылғандай, құқықтық қауіпсіздік қағидасы белгілі дәрежеде мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі қағидасының құрамына енеді. Сол себепті мемлекеттің тұлғаның бостандығына қол сұғуына құқығы бар жағдайларды жалпы қарастырып өтуді қажет деп санаймыз. Мысалы, батыс елдердің жаңа конституцияларының ешқайсысында жекеменшіктің қасиеттілігі мен оған қолсұғуға болмайтындығы туралы айтылмайды, керісінше, *меншік міндет жүктейді*, ол көпшілік игілігіне қызмет етуі керек деп жарияланған, тіпті жеке меншікті мемлекет қарамағына алуға рұқсат етіледі. Бірақ мұндайда үш шарт сақталуға тиіс: қоғамның (жеке әлеуметтік топтың емес) мүддесі үшін. Парламент қабылдаған заңның (декреттердің емес) негізінде, барабар құнын, кейде алдын ала төлеген, ал оның мөлшері даулы болған жағдайда сот белгілеген (лауазым иегерінің шешімімен емес) мөлшерде төлеген жағдайда. Қылмыстық іс жүргізу кодексі мен сот тәжірибесіне енгізілген тиісті өзгертулер тек айыптаушылардың ғана емес, сонымен бірге нақтылы іс бойынша сотқа қатысушы басқа да тұлғалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарына кең көлемді шеңберлер қояды.

Қазақстан тәжірибесіне келер болсақ, біз бұл жерде мемлекет құқықтарын шектен тыс әсірелеуді және саяси биліктің өзінің қызметі үшін жауапсыздығын байқаймыз. Оның үстіне Қазақстан заңдарында, атап айтқанда ҚР Конституциясында құқықтық қауіпсіздігі қағидасының анық тұжырымдал-мағандығын атап көрсетуіміз керек. Өкініштісі, Конституцияның бірде бір бабында мемлекеттің өз органдарының әрекеті үшін жауапкершілігі анық көрініс таппаған.

Құқықтық қауіпсіздік, мемлекеттік әрекеттену салыстырмалылығы принципі ең алдымен заң шығару

мен заңды қолданудың, заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәлдігі мен анықтығы сияқты тұстарын қатаң реттестіріп отырады.

Сонымен, мемлекет өркениет пен мәдениеттің жемісі, оның әлуеті тек құқықпен тығыз байланыста болғанда ғана ашылады.

Құқықтық мемлекет идеясы — ортақ мүдде мен адам бостандығының арақатынасының проблемаларын ой елегінен өткізудің нәтижесі. Ортақ мүдде мен жеке адамның мүдделерінің әділетті түрде бірігуіне мемлекетте формалдық теңдік принципін іске асыру көмектеседі. Бұл заңның, құқықтың, соттың жұрттың барлығына, әркімге, оның ішінде мемлекетке де, оның органдары мен лауазымды тұлғаларға да алаламай, бірдей қарауы тиіс дегенді білдіреді.

Заң мен сот алдында құқық субъектілерінің барлығы, оның ішінде мемлекет пен оның органдары да тең. Мұндай жағдайда мемлекет жария саяси биліктің ұйымдасуы мен қызметінің құқықтық формасы ретінде көрініс табады да, мемлекеттік билік құқық шеңберіне енгізіледі.

Нәтижесінде тұлғаның бостандығы билік үшін шек болып табылады да, құқық тұлғаның бостандығы мен қоғамның мүдделерінің әділетті арақатынасын орнату құралына айналады.

Осылайша, біз келесі қорытынды жасауға болады деп санаймыз.

1. Адам құқығы оның талаптары арқылы пайда болды. Бұл талаптарды қоғам мен мемлекет табиғи, әділ деп таныды. Адам құқықтары, әрекет ету мүмкіндігі түрінде, адамның өз іс-әрекеттеріне жауапты болуына мүмкіндік беретін оның ақыл-ойымен объективті байланысты. Сондықтан адам құқықтары мен міндеттері сияқты категориялар тығыз байланысты. Қазіргі уақытта адамдардың өз бостандықтары мен құқықтарын теріс пайдалануының өсуі байқалады. Жеке тұлғаның

қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігі артта қалды. Мәселе жеке құқықтар мен қоғамдық мүдделер (игілік) арасындағы жанжалды шешудің жолдарын табу деп санаймыз. Біздің ойымызша, адам құқықтарында құқықтар мен бостандықтарды теріс пайдалануға тыйым салатын принципті бекіту қажет.

2. Қазіргі уақытта әлеуметтік ғылымдар жүйесінде ғылыми білімнің жаңа саласы — адам құқықтары ғылымы қалыптасты деп санаймыз. Тиісінше, адам құқықтарын ғылымның дербес оқу пәні ретінде мемлекеттік білім беру стандарттарына енгізу туралы ұсынысты қолдаймыз. Осы «Адам құқықтары және құқықтық мемлекет» арнайы курсына Заң жоғары оқу орындарындағы білім берудің мемлекеттік стандартына енгізу заңгерлердің құқықтық мәдениеті мен дамыған құқықтық санасын арттыруға елеулі ықпал ететін болады.

3. Адам құқықтары теориясының негізі — адамның биосоциалдық және саяси болмыс ретіндегі идеясы. Тиісінше, адам құқықтары әмбебап жалпыадамзаттық категория болып табылады. Адам құқықтары теориясы біртұтас болуы керек деп санаймыз. Тиісінше, адам құқықтарының Еуразиялық тұжырымдамасы бар деген пікір даулы болып табылады. Біз адам құқықтары барлық континенттер үшін бірдей болуы керек деп санаймыз. Адам құқықтарының әртүрлі тұжырымдамаларын бөліп көрсету қазіргі құқықтың басты идеясына — әлеуметтік қақтығыстарды шешудің құралы болуға, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтаудың құралы болуға ықпал етпейді.

4. Құқықтық нормаларда қоғамның бостандық туралы идеялары көрсетілген. Бұл жағдайда бостандық заңды шоғырлануды алады. Құқық адамды, оның табиғи талаптарын қорғауға қолдау көрсетеді. Тек құқық арқылы адам өзінің қызығушылығын қанағаттандыруға мүмкіндік алады. Адам құқықтарын тану, сақтау және қорғау-мемлекеттің басты міндеті. Құқықтық

мемлекетте құқықтық заң, яғни мазмұны табиғи құқыққа қайшы келмейтін және адам құқықтарын бұзбайтын заң қолданылуы тиіс.

5. Құқықтық мемлекетте құқық пен заң арасында үлкен алшақтық болмауы керек. Осыған байланысты құқықтық Заң туралы мәселе туындайды. Құқықтық заң-бұл қоғамдық қатынастардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, қоғам заңды деп қабылдайтын заң. Тиісінше, заңсыз заң қоғам заңды деп танымайтын акт ретінде түсіндіріледі. Яғни, заң ресми түрде заң болып қала береді, ал мазмұны бойынша қоғам бұл заңды міндетті, әділ деп қабылдамайды. Біздің ойымызша, құқықтық мемлекеттің ең маңызды белгісі-бұл құқықтық заңның үстемдігі және бұл заңды қоғамдық сана әділ деп тану.

6. Құқықтық мемлекетте құқықтық қауіпсіздік қағидатына, мемлекеттік іс-әрекеттің үйлесімділігіне үлкен мән беріледі. Бұл қағида белгілі бір дәрежеде мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігі қағидатымен қамтылған.

7. Құқықтық мемлекеттің басты мақсаты-әрбір азаматқа жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, адам құқықтарын бұзушылықтардан қорғау мүмкіндігіне кепілдік беру. Адам мен азаматтың құқықтары бастапқы, табиғи, ал мемлекеттік билік функцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі екінші, туынды болып табылатындығын атап өтейік.

1.2. Құқықтық мемлекеттегі адам құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі және міндеттерінің өзара байланыстылығы

Құқықтар мен бостандықтар көп жағдайларда адамның қоғамдағы орнын, оның мемлекетпен өзара байланысын анықтайды. ҚР Конституциясының 1-бабында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп бекітілген.

ҚР Конституциясының негізгі идеясы адам мүдделерінің жалпыға бірдей презумпциясы болып табылады. «Адам мүдделерінің презумпциясы заң аясында барлық қарама-қайшылықтар, барлық дау-дамайлар адам үшін не тиімді деген көзқарас тұрғысынан шешіледі, барлық шешімдер осы тұрғыдан қабылданады, ал ол адам қайдағы бір қиялдағы, қандай да болмасын демократиялық сұлбаға сәйкес әсіреленген адам емес, нақтылы мақсаттары мен қажеттіліктері бар өмірде бар, тірі адам», – дейді профессор Г.В. Мальцев.

Заң шығарушылық та, құқық нормаларын іске асыру да адам мүдделері оларға байланысты бейтарап, қатысы шамалы нәрселердің барлығынан, оның бергі жағында оған қарсы, мысалы, қазыналық-бюрократтық, субъективтік-волонтаристік жалтарулардан сөзсіз жоғары тұрулары керек [22, 142 б].

Осыдан келіп, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары жоғарғы құндылық ретінде мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының өктемдігінің жолында тосқауыл болулары, мемлекеттің қоғамды шексіз билеп-төстеуіне кедергі қоюлары керек [23, 63 б].

Адамның құқықтары – бүкіл адамзаттың ажырамас, бөлінбес игілігі. Бұл дүниеде қандай да оқиғалар мен әрекеттер орын алмасын, қандай да ғылыми жаңалықтар ашылмасын, олар адамның жағдайына, оның құқықтары мен бостандықтарына жағымсыз әсер етпеуге тиісті. Қоғамдық процестердің дамуында құндылық бағдар адам құқықтарын ұлағаттаған дүниежүзілік және ұлттық дамудың барлық процестерін адаммен өлшеудің мәні осында жатыр» [24, 4 б].

Соңғы екі ғасырдың барысында адамның табиғи және ажыратылмас деп есептелінетін құқықтарының көлемі едәуір ұлғайды және бұл процесс шиыршық тәріздес траекториямен өрбіді, яғни ол әруақытта алға жылжып отырады, шегініс, жағымсыз үрдістер

кездейсоқтықтар мен бейберекетсіздік орын алған кезеңдер де болды [24, 454 б].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеген мемлекеттер жалпы адамзаттық құндылықтардың, либералдық-демократиялық идеялардың ықпалымен адам құқықтарын қорғауды көздейтін құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет қағидаларынан бағдар алды. Адам құқықтарын жан-жақтылау процесіндегі мына төмендегідей аса маңызды кезеңдерді атап өту қажет. 1948 жылдың 10 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымы негізгі құқық қорғаушы құжат — Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Адам құқықтарын қорғауда 1975 жылы Хельсинки және 1989 жылы Вена келісімдері де маңызды құжаттар болды. Ж.Д. Бусурмановтың қазіргі Қазақстан аумағында адам құқықтары идеясының таралуы басқа жолмен іске асты деген пікірі назар аударуға тұрарлық. Дала көшпендісінің өмір сүру ерекшеліктері, шаруашылықты ұжымдық әдіспен жүргізу, сонымен бірге ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер бұл мәселеге өзіндік ерекшеліктер мен басқаша реңк берді. Олар адам құқықтарын түсінуде еуропалықтан бөлек азиялық көзқарастың қалыптасуына елеулі ықпал етті [24, 456 б]. Бұл мәселеде біз әрбір жеке құқықтың мәдениетте адам құқықтары өзінің ерекшеліктерімен ажыратылады деген жоғарыда аталған автордың пікіріне толығымен қосыламыз.

ҚР Конституциясының 12-бабының 2-тармағында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» [1], — деп белгіленген.

ҚР Конституциялық Кеңесі 1996 жылдың 28 қазанындағы қаулысында ҚР Конституциясының 12-бабының 2-тармағына мынадай түсінік берген:

— ҚР Конституциясының 12-бабының 2-тармағында

- сөз болып отырған адамның құқықтары мен бостандықтары деп Конституцияға сәйкес мемлекет мойындаған және кепілдік берген адамның құқықтары мен бостандықтарын есептеу қажет;
- құқықтар мен бостандықтарды абсолюттік деп тану олардың Республиканың азаматтығынан тәуелсіз ҚР аумағында тұратын әрбір адамға таратылатындығын білдіреді;
 - адам құқықтары мен бостандықтарын ешкімнің айыра алмайтындығы адамды бекітілген құқықтары мен бостандықтарынан Конституцияда және оның негізінде қабылданған заңдарда қарастырылғаннан басқа жағдайларда ешкімнің де ажырата алмайтындығын білдіреді;
 - 12-баптың 2-тармағының адамның құқықтары мен бостандықтарының заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды деген қағидасын адамның Конституцияда жарияланған құқықтары мен бостандықтары осы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудың шарттары мен тәртібін белгілейтін заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді даярлау мен қабылдау кезінде негізін қалаушы болып табылады деп түсіну қажет.

ҚР Конституциясына ресми түсінік беруші ретінде Конституциялық Кеңес аталған конституциялық нормаларды құқықты қолдану және құқықты іске асырудың басқа да түрлерінің процесінде түсінудің негізгі бағыттарын нұсқайды. Аталған конституциялық ережелерді осылайша ресми түсіндіру біз жоғарыда атап кеткен адам құқықтары мен бостандықтарының ажырамастығы мен айыруға болмайтындығының әлемдік теория мен практикада қалыптасқан түсінігіне толық сай келеді. Мысалы, табиғи құқықтар ұғымы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының преамбуласында көрсетілген. Табиғи құқықтар дегеніміз

– бұл жеке адамға оның қадір-қасиетін қамтамасыз ету мақсатында берілген және уақыттан тыс әрекет қабілетті құқықтар. Артур Хефлигердің пікірінше, адамның табиғи құқықтары, негізгі құқықтар және Конституцияға сәйкес құқықтар ажыратылады. Негізгі құқықтар – бұл федерацияның конституциясымен және кантондардың заңдарымен ішкі құқықта кепілдік берілетін құқықтар. Бұлар сотпен қорғалуға жататын құқықтар. Бірақ кейбір маңызды құқықтар федералдық конституцияда аталмаған. Мұндай жағдайда федералдық сот кейде жазылмаған негізгі құқықтарды мойындайды да, осылайша конституциядағы кемшіліктерді түзейді [25, 375 б].

Адамның абсолюттік құқықтары мен бостандықтары доктринасын қарастырудан бұрын мынандай маңызды ескерту жасамақпыз. Рас, біз адам құқықтары мен бостандықтарының ажырамастығы, айыруға болмайтындығы және абсолюттік сипаты сияқты сипаттамаларын жеке-жеке қарастыра алмаймыз. Бұлар адам құқықтары мен бостандықтарының өзара байланысты, бір-бірін қажет ететін және бір-бірінсіз өмір сүре алмайтындығының сипаттамалары. Бірақ аталған сипаттардың әрқайсысы адам құқықтары мен бостандықтарының белгілі бір тұстарына назар аударады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан соң бекітілген «негізгі құқықтар» деген түсінікпен қатар заң ғылымында «абсолюттік құқықтар» деген термин көбірек қолданыла бастады [26, 149 б], [27, 425 б].

Ледях И.А.: «Конституция адам мен азаматтың классикалық құқықтарын кепілдік берумен шектеледі, ал әлеуметтік құқықтарды «негізгілер» ретінде қарастырмайды» дейді [28, 86 б].

Қазіргі заң сөздіктерінің авторлары құқықты позитивтік түсіну тұрғысынан бастау алып, *абсолюттік құқықтар* – бұл қолданушыларына міндетті тұлғалардың

белгісіз тобы қарсы тұратын субъективтік құқықтар деп есептейді. Абсолюттік құқықтарға сәйкес келетін міндет әруақытта абсолюттік құқықтарға зиянын тигізетін әрекетерді жасаудан тартынудан тұрады. Абсолюттік құқықтарды бұзушы кез-келген адам бола алатындықтан, заң абсолюттік құқықтарды барлығынан және әркімнен, яғни адамдардың белгісіз тобынан қорғайды [29, 2, 514 б]. Бұл көзқарасты Н.К. Матузов қолдайды. Ол негізгі табиғи құқыққа тиісті игілікті пайдалануға байланысты осы құқық иесімен қақтығысқа түсетін кез келген адамның міндеті жәрдемдесі деп санады [30, 45 б].

Демократиялық мемлекетте оларға шектеу қоюға немесе уақытша тоқтата тұруға ешқашан да, еш жағдайда жол берілмейді.

Абсолюттік құқықтарды осылайша түсіну шетелдердің конституциялық құқықтарында көрініс тапқан. Мысалы, Жапонияның конституциясында адамның абсолюттік құқықтары — бұлар адамға тумысынан тиісті, тіпті Парламенттің тиісті заң шығарғанына қарамастан, бұзуға болмайтын негізгі құқықтар мен бостандықтар [31, 557 б].

Адамның абсолюттіктен басқа негізгі құқықтары салыстырмалы деп атала бастады. Негізгі салыстырмалы құқықтар — бұлар иелеріне белгілі бір міндетті тұлғалар (тұлға) қарсы тұратын құқықтар, яғни бұлар тұлғаға басқа бір міндетті тұлғаға (тұлғаларға) байланысты тиісті құқықтар.

Басқаша айтқанда, салыстырмалы деп құқық қолдану арқылы іске асырылатын құқықтарды айтады. Мұндай құқық іске асырылу үшін оны нақтылаушы, мойындаушы немесе таныстырушы құқық қолданудың жеке акті қажет. Ал билік субъекті — құқық қолданушы не заң және нақтылы жағдайлармен қатаң байланысты болады, не өз қалауынша шешім қабылдай алады.

Салыстырмалы құқықтарды төтенше жағдайлар режимі енгізілгенде және заңмен белгіленген басқа

жағдайларда шектеуге немесе белгілі бір мерзімге тоқтата тұруға болады. Адам құқықтарын жіктеуді зерттей келіп, С.В. Бахин негізгі құқықтар тобын басқаша атайды, оларды шектеуге болатын және ешқандай шектеу қоюға болмайтын, яғни абсолюттік құқықтарға бөледі [32, 43 б]. Бұл көзқарасты А.Б. Стреомухов және И.В. Ростовщиков сияқты ғалымдар да қолдайды [33, 340-343 б], [34, 53 б].

С.С. Алексеевтің адамның негізгі құқықтарын жіктеуіне конституциялық құқық тұрғысынан алып қарағанда, едәуір олқылықтары байқалады. Ол өзінің еңбектерінің бірінде ол адамның негізгі құқықтарының басқа тобының және олардың араларында сапалық айырмашылықтардың бар екендігі туралы жазады: бірінші топ — адамның абсолюттік және қолсұғуға болмаймын құқықтары да, екіншісі — өздерінің жаратылысына байланысты абсолюттік бола алмайтын әлеуметтік құқықтар [26, 149 б].

Бірінші топқа ол әркімнің қадір-қасиеті мен «туа біткен» бостандыын білдіретін және зорлық-зомбылық пен тиранияға қарсы тұратын құқықтарын — өмір сүруге, жеке өміріне қолсұғушылыққа болатындықты, ождан, ойлау, шығармашылық және осыларға ұқсас басқа да бостандықтарды жатқызады. Екінші топқа, С.С.Алексеевтің пікірінше, адамдар үшін аса маңызды, бірақ қызметтері басқа құқықтарды — әлеуметтік қамтамасыз етуге, тұрғын үйге, лайықты медициналық көмек алуға т.б. құқықтары жатады. Бұлар өз табиғаты бойынша абсолюттік бола алмайтын әлеуметтік құқықтар; олар азаматтардың міндеттерінен ажырағысыз және елдің экономикалық жағдайына, тиісті мемлекеттік органдардың қызметтеріне тәуелді және негізінен, қоғам іс жүзінде, бірақ көбінесе декларативті түрде ұмтылатын мақсаттарды, мұраттарды, ниеттері білдіреді [26, 149-150 бб].

Жоғарыда баяндалғандардың барлығы барлық негізгі құқықтардың иелерінен ажыратылу дәрежесіне қарай екі топқа: абсолюттік құқықтар және салыстырмалы құқықтар деп бөлуге және абсолюттік құқықтардың белгілерін атап көрсетуге мүмкіндік береді, олар: ажыратылмастығы, тоқтатуға және шектеуге болмайтындығы; адамның өзінің заңмен танылған мүдделерінде әрекет етуге монополиялық мүмкіндігі [35, 21 б].

Абсолюттік құқықтар адамға тумысынан тиесілі және оларға абсолюттік құқықтарға қысым жасаушы әрекеттерден бас тартуға тиісті адамдардың белгісіз тобының міндеті қосақталады [36, 37 б].

Дегенмен бұл тұжырымдардың барлығы өз уақыттарымен шектелген және ұзақ уақыт бойына үстемдік етіп келген адам құқықтарын орнату және қамтамасыз етудегі мемлекеттің ролі туралы көзқарастармен түсіндіріледі.

Адамның абсолюттік құқықтарына бұл аталған көзқарасты толық түсіну үшін осы доктринаның шығу тарихына қысқаша тоқталып өту қажет. Адамның абсолюттік құқықтарының доктринасы табиғи құқықтану шеңберінде пайда болды, ал ол құқықтың мемлекет теориясы сияқты адам бостандығы проблемасы, тұлға мен мемлекеттің мүдделерінің ара қатынасын, қоғамның және жеке мүдделердің, құқық пен мемлекеттің арақатынастарын түсіну шеңберінде пайда болды. Алғашқыда мемлекеттік құқықтық ойда қоғамдық мүдделердің басымдылығы идеялары үстемдік құрды. Келе-келе қоғамдық сананың даму барысында жеке тұлғаның мүдделері туралы мәселе айқын көтеріліп, олар адам құқықтары идеяларында көрініс тапты.

Қоғамда біртіндеп адамның бостандықтары мен құқықтары туралы мәселе дамып-жетіліп, олар ұлы тарихи құжаттарда тұжырымдалды. Бірақ бұл кезеңде негізінен, жеке тұлғаны адамдардың тағдырын өз қалауы бойынша

шешу құқығы берілген жоғарғы күш ретінде мемлекетке бағындыруға негізделген этатистік көзқарастар үстемдік құрды. Адам құқықтарына әмбебаптық маңыз беру табиғи-құқықтық доктринаның қалыптасуынан кейін басталды. Ағартушылық философиясында адам құқықтары мен бостандықтарының мұраттары тұжырымдалған. Бұл құбылыс өз бастауларын табиғи-құқықтық доктринадан алады.

К.Маркс: «Америка — бұл тұңғыш рет ұлы демократиялық республика идеясы пайда болған, адам құқықтарының тұңғыш декларациясы жарияланған және XVII ғасырдағы Еуропа революциясына тұңғыш түрткі берілген ел», — деп жазды [37, 17 б].

Вирджиния декларациясының идеялары 1776 жылғы Тәуелсіздік декларациясында одан әрі дамытылды: «Біз мына төмендегі ақиқаттарды даусыз деп есептейміз: барлық адамдар тең болып жаратылған және олардың барлығына да жаратушы иелерінен ажыратуға болмайтын кейбір құқықтар сыйлаған, оларға өмір сүру, еркіндік және бақытқа талпыну жатады; бұл құқықтарды қамтамасыз ету үшін адамдар арасында үкіметтер тағайындалады, олардың әділетті билігінің қайнар көзі билеушілердің келісімі болып табылады».

1789 жылы қабылданған АҚШ Конституциясында адамның ажыратылмас табиғи құқықтарының тізімі келтірілмеген, өйткені американ конституциясының авторлары адамға тиесілі табиғи құқықтар оларды растап жатуды қажет етпейді, ал оларды тізіп көрсету — құқықтар мен бостандықтар осылармен шектеледі деп есептеп, осы тізімге енбеген адам құқықтарына қысым жасауға алып келуі мүмкін деген пікірде болған. Дегенмен, сол 1789 жылғы Конституцияға 10 алғашқы түзетулер ұсынылып, «Құқықтар туралы билль» деген атпен олар 1791 жылы мақұлданған болатын.

Ұлы француз революциясын Г.Гроцийдің, Дж. Локтың, Ш. Монтескьенің, Ж.Ж. Руссоның

еңбектеріне тұжырымдалған адамның табиғи ажыратылмас құқықтары идеялары дайындады.

Революция барысында аса маңызды құжат – 1789 жылы Адам мен азамат құқықтарының декларациясы қабылданды. Онда «Надандық, адам құқықтарын ұмыту мен оларды менсінбеу қоғамдық апат пен үкіметтің бұзылуының бірден-бір себебі болды», – деп көрсетілді. Онда адамдар еркін және құқықтарында тең болып жаратылады, кез келген одақтың мақсаты – адамның табиғи және ажыратылмайтын құқықтарын: еркіндігін, меншігін, қауіпсіздігі мен езгіге қарсылық көрсетуін қамтамасыз ету деп жарияланған, кінәсіздік презумпциясы, ождан бостандығы, өзінің пікірін білдіру бостандығы, баспасөз бостандығы, жеке басының және де басқа құқықтарына кепілдіктер атап көрсетілген. 1791 жылы Құқықтар туралы билль «Американдықтардың миына сіңіп кеткен үнемі зорлық-зомбылыққа және бодандарының құқықтарын аяқ асты етуге жаны құмар мемлекеттік билікке сенімсіздікпен қарау байланысты болды. Бұл идеяға британ тәжінің өздерінің саяси және діни қарсыластарына байланысты жасаған зорлық-зомбылықтары естерінен кете қоймаған жас республиканың азаматтарының бүкіл тарихи мұрасы түрткі салған болатын» [38, 245 б].

Мемлекетке осы құқықтарды мойындау, олармен санасу, оларды кез келген қол сұғушылықтан арашалау міндеті жүктелген. Осылайша мемлекеттік биліктің бақылаусыздығы мен зорлық-зомбылығына шектеу салынып, оның әрекет шекаралары белгіленді. Адам құқықтарының проблемаларының шешімі адам құқықтары мен бостандықтарының шеңберін кеңейтумен бітпейді, шын мәнісінде әңгіме адам, азамат құқықтары мен бостандықтарының бүкіл тұжырымдамасы мен оларды конституциялық қамтамасыз ету тәжірибесін сапалық жаңарту туралы болып отыр [39, 101 б].

Бұл арада құқықтың даму сатылары: балалық шағы, бозбалалық шағы мен есейген кезі туралы айтқан жөн деп есептейміз [40, 217-299 бб].

Құқық туралы жеке адамның жалпы игілікке қарама-қарсы келмейтін бостандығын қамтамасыз ету құралы ретінде айтар болсақ, онда біз есейген құқық туралы айтқан боламыз. Нақ осы құқық қоғамда әр түрлі жеке мүдделерден, еріктерден бастартпайтын келісімге жетуге мүмкіндік береді. Құқықтық мәмілеге біреулердің жеке мүдделерін екіншілеріне немесе барлық жеке мүдделер мен еріктерді қоғамның немесе мемлекеттің ерекше мүддесіне немесе ерекше еркіне бағындыру жолымен келмейді.

Құқықтық мәміле барлық осы жеке мүдделер мен еріктердің өздерінің барлық рұқсаттары мен тыйымдары арқылы жұрттың барлықтарына бірдей тең бостандық мөлшерін білдіретін жалпыға ортақ құқықтық норманы, яғни жалпы еріктің қалыптасуына қатысулары арқылы қалыптасты. Осыдан келіп, құқық дегеніміз басқалардың бостандығына, жалпы игілікке қарама-қайшы келмейтін тұлғаның бостандығын қамтамасыз етуші құрал болып шығады. Адам құқықтары мен құқықтық мемлекеттің өзара байланысы осыдан көрінеді.

Құқықтық мемлекет әрбір жеке адамның бостандығына қарсы тұрмайтын жалпы игілікті қамтамасыз етуші мемлекет. Адам құқықтары мен құқықтық мемлекет — өзара тығыз байланысты құбылыстар. Осыған байланысты Е.А. Лукашева: «Өздерінің қалыптасуы мен дамуында адам құқықтары мен құқықтық мемлекет бір-бірлерінен ажырағысыз», — деп орынды атап көрсетті [41, 177 б].

Либералдық-демократиялық дәстүрдің қалыптасуында либерализм мен жекедарашылық доктриналары маңызды роль атқарды. Олардың көрнекті өкілдері Вильгельм Гумбольдт, Бенжамен Констан, Джон Стюарт Милль болды. Соңғысы «аса қажеттіліксіз

үкімет билігін күшейту зиян», – деген болатын [42, 69 б].

Бұл заңды да. Өйткені қоғамдық сананың «жұлқынысы» демократияға, азаматтық қоғамға, либералдық экономика мен саясатқа келісім идеяларының өзектілігінің артуына алып келді.

Бостандық адамға байланысты өзін, бір жағынан, жеке адамның қоғамда өз орынын табудың түрі мен өлшемінің жалпыға бірдей идеясы, ал екінші жағынан адам еркінің бостандығы ретінде көрсетеді. Оның көрініс табуының екі тұсы да философия мен қоғамдық сана тарихында көптеген теориялық пікірталастар туғызды. Қазіргі кездегі Ресей қоғамдық-саяси және құқықтық ойы бостандықты танылған қажеттілік ретінде түсіндіруші маркстік-лениндік көзқарастан оны мінез-құлық нұсқаларын таңдауға тұлғаның қабілеттілігі мен мүмкіндігі ретінде түсінуге көшті. Адам өзінің мінез-құлқын өмірдің объективтік жағдайларымен сәйкестендірудің қажеттілігін тануға немесе бас тартуға ерікті. Ол қоғамдық өмірдің нормативтік сипатын ескеруге, сонымен бірге әлеуметтік өлшемдерге қарама-қарсы әрекет жасауға да ерікті.

Бостандық мұндай түсінікте түрі, дәрежесі және мөлшері тіршілік барысында анықталатын тұлғаның тәуелсіздік жағдайы ретінде көрінеді. «Тәуелсіз» деген термин ерікті, егеменді, автономиялы, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі тәуелділіктен азат дегенді білдіреді. Тәуелсіздік дегеніміз – болмыс процесіндегі байланыссыздық. Әрине, тұлғаға байланысты оның тәуелсіздігінің абсолюттік емес, салыстырмалы сипатты екендігін атап көрсетуге болады. Адам туғаннан бастап әлеуметтену және тіршілік ету процестерінде табиғи әлеуметтік құбылыстардан толық тәуелсіз бола алмайды. Ол болмыс жағдайларына бейімделуге, өзінің ықыластілектерін оның заңдарымен салыстыруға мәжбүр болады. Бірақ ерікті тұлға болғандықтан, ол өзінің барлық жеке

өмір тәжірибесін тәуелсіздік үшін күреске жұмсайды, осы жағдайларда өзінің «менін» бекіту үшін барынша мүмкін болатын кеңістік жаулап алуға ұмтылады. Әрбір жеке адамның тәуелсіздікке деген қажеттілігі олардың осындай өзін-өзі бекітуге деген қабілеттіліктері сияқты әртүрлі. Бірақ адамзат тарихының жеке тұлғалар мен әлеуметтік бірлестіктердің өздерінің тәуелсіздігі үшін тиымсыз күресінің тарихы екендігін атап кету қажет.

Сөйтіп, тәуелсіздік тұлғаның оның қоғамдағы жағдайының автономиялығының дәрежесінен көрініс табатын табиғи-жаратылыстық ахуалы. Бұл тұлғаның оның мінез-құлқындағы объективтік қалыптасқан немесе субъективті қол жеткізген бостандығының өлшемі мен мөлшері. Осыдан келіп, тәуелсіздік дегеніміз бостандықтың нақтылы мазмұнын құраушы орталық идея да, бостандық өз кезегінде, тәуелсіздіктің өмір сүруінің жалпыға бірдей формасы деп тұжырым жасауға болады.

Тұлғаның заң жүзінде мойындалған бостандығына айналып, тәуелсіздік жеке тұлға санасында тұлғаның құқықтық мүмкіндіктері мен міндеттері туралы түсініктерге орын беріп, артқа ысырылады. Бұл тұлғаның тәуелсіздігі идеясының өзінің оның бостандығының негізі ретінде заң ғылымы мен тәжірибеде сирек ескерілуіне алып келді. Тәуелсіздік ұғымы жиірек әлеуметтік қауымдастықтарды — мемлекеттің, ұлттың, ұлыстың құқықтық және саяси жағдайын сипаттау үшін қолданылады. Тұлға болса, өзін-өзі көрсету еркіндігіне бағдарланады. Дегенмен, біздің ойымызша, құқық о бастан тұлғаның тәуелсіздігінің кепілі және бір мезгілде шектеу құралы ретінде қалыптасқан секілді.

Жалпы алғанда адам құқықтары идеясының дамуы үшін бостандық пен тең құқық принциптері қажет болды. Ф. Энгельс былай деп жазды: «Салыстырмалы теңдік туралы тұңғыш түсініктерден мемлекет пен қоғамдағы тең құқықтық туралы тұжырым жасалғанша,

шын мәнісінде, тұтас мыңжылдықтар өтуге тиіс болды және бұл тұжырым өзін-өзі табиғи, өзінен өзі түсінікті болып көріне бастады» [43, 104-105 бб].

Табиғи-құқық тұжырымдамасының нағыз толық көрінісі мен дамуы Еуропа мен АҚШ-та орын алды. Оның үстіне «бұл тұжырымдама нақ батыс өркениетінің туындысы» деген пікір өте орынды. Сөйтіп, Еуропалық (кең мағынада — батыстық) өркениет жоғары дәрежедегі гуманистік мәдениет тудырды, онда жеке тұлғаның құндылығы, құқық пен тұлғаның бостандығын қамтамасыз ететін оған негізделінген тәртіптің маңыздылығы туралы түсініктер пайда болды. Христиан дініне негізделген Еуропа өркениеті тұлғаға таңдау еркіндігін көбірек берді, онда персонцентризмнің нышандары болды. Адамға жақсылық пен жамандық арасында таңдау жасау еркі берілді, өзінің сапалық белгілерін жетілдіруге жол ашты, еңбек жөнінде құлиеленушілік дәуірінде қалыптасқан жиіркенішті әрекет ретінде пікір өзгеріске ұшырады. Христиан діні еңбекті адамның өмір сүруінің қажетті тәсілі, ізгіліктің көрінісі ретінде бағалап, осы өзгерістерге көп жәрдем берді. Христиандық құлдық қағидасын теріске шығарады, бірақ онымен құлдық толық жойылмады, өйткені христиандардың құлдары бар, оны христиан шіркеуі де жоймады, тіпті шоқындыру да құлды ерікті ете алмайды. Демек, христиандық сыртқы түрде құлдықты жоймады, бірақ құлдық христиандық рухына қарама-қайшы және христиандық рухы тарихта үстемдікке жеткен сайын, құлдық жалпы христиан дүниесінен аластатылды [9, 402 б].

Христиан дініндегі бостандық пен адамның салыстырмалы даралануы идеясы персонцентристік ілімнің негіздерін қалады. Бірақ христиандықтың нағыз рухы сыртқы рәсімдермен көлеңкеленді де, дін персонцентризмнің бұл нышандарын жоғалтты. Осыған қарамастан христиандық өзінің шын мәнісінде

адамның ерікті еркіне бағдарланып, оған өзін-өзі жетілдіруге, өзінің таңдауының маңыздылығын түсінуге жол ашты. Буржуазиялық революциялар қалыптасқан бастауларды тас талқан етті. Ортағасырлық теологиялық көзқарастардан бас тартылды. Буржуазияның «заңды көзқарасы» қалыптасып, онда «догманың, құдай берген құқықтардың орнын адам құқықтары, ал шіркеудің орнын мемлекет басты» [44, 496 б].

Бұл идея либерализм доктринасына негізделінген құқықтық мемлекет туралы ерте буржуазиялық түсініктердің негізіне алынды. Либерализм қазіргі идеология мен саясаттың негізгі бағыттарының бірі, тұңғыш рет XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырда Англия мен АҚШ-та пайда болып, іске асты. Классикалық либерализмнің бастауында Дж. Локк, Ф. Бэкон, Вольтер, И. Кант, Ш.-Л. Монтъескье, И. Бекнам, Б. Франклин, Т. Джефферсон, А. Смит, И. Гете, Д. Дидро және тағы басқалар тұрды. Либерализмнің негізгі мәндік сипатын тұлғаның өз-өзіне жетерлігі мен оның бостандыққа құмарлығы, ал оның өз кезегінде өзінен өзінің құндылық екендігі туралы түсінік құрайды. Бұл арада әділеттілік бостандық ретінде түсініледі. Мемлекетте белгілі бостандыққа кепілдік беріліп, автономиялық әлеуметтік белсенділік аясы қалыптасады және адам қоғамнан салыстырмалы тәуелсіз болады.

Мұндай қоғамда адамның белсенділігін ынталандыратын жағдайлар қалыптасады. Нақ осы жағдайда тұлғаның интернализм типі қалыптасады және әлеуметтік тұтастықтың мүдделері мен жеке тұлғаның бостандығы араларында белгілі бір тепе-теңдікке қол жетеді.

Қоғамның, өркениеттің мұндай типі ғылымда өркениеттің персонцентристік типі деп аталады. Бұл терминнің атасы — А.С. Оболонский осы ұғыммен бірге *өркениеттің персонцентристік типін* атап көрсетеді [45, 45 б].

Өркениеттің персонцентристік типі мен мемлекетке либералдық көзқарастың өзара байланыстылығы мұнда адамның құқықтары мен бостандығының барлығынан жоғары қойылатындығынан, ал адамның ең жоғарғы құндылық, қоғамдық дамудың мақсаты ретінде қарастырылатын-дығынан көрініс табады. Өркениеттің персонцентристік типіне өркениеттің жүйецентристік типі қарама-қарсы. Оның ерекшелігі — мұнда адамның социялық тіршілік ету құралы және әлеуметтік тұтастықтың мүддесі үшін жеке тұлғаның мүддесі құрбан етіледі деп қарастырылғандығында. Егер әділеттілік ұжымшылдыққа алып келетін теңдік, теңестіру ретінде түсінілген болса, өзара қоғамда эксцентристік типтегі адам басым болды. Оның белгілі бір өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекетке қояр талап жоғары деңгейде. Қоғамның тарихи алғашқы типі жүйецентристік тип болды. Өйткені мемлекет ұзақ жылдар бойына жеке тұлғаның бостандығын шектеп келді. Бұл құл иеленушілік, феодалдық дәуірлердегі мемлекеттерге тән. Либерализмнің қалыптасуы мемлекеттің қоғам өміріне шектен тыс араласуына, тұлғаның мүдделерін қоғам мүдделерінің жұтып қоюына кедергі қою қажеттілігімен байланысты болды. Міне, осылайша, мемлекетті түсінудің либертарлық көзқарасында мемлекеттің қоғам ісіне араласуын барынша азайту негізделінді.

Батыс қоғамының жағдайында қоғамның персонцентристік үлгісінің қалыптасуы мұнда әрбір жеке адамның, қоғамның әрбір мүшесінің және оның отбасының игілігі мен әл-ауқатын, қауіпсіздігі мен шығармашылық дамуы үшін қажетті жағдайлар жасалынған болатын. Ал бұл олардың конституциялық тәжірибесінің басқа елдерге, іс жүзінде дүние жүзінің барлық аймақтарына таралуына негіз болды.

Жекедаралық идеологиясы либералдық-демократиялық режим мен рыноктық экономиканың жариялылығын негіздеуге тірек болды. Е.А. Лукашева

«Локк Дж. Мемлекеттің мақсатын меншікті қорғау қажеттілігінен көрді және оның бұл мақсаттың шеңберінен шығу құқығын теріске шығарды: Қоғамның экономикалық дамуы тұрғысынан А.Смит те осындай көзқарас ұстанды. XVIII ғасырдың өзінде Т.Пейн Құрама Штаттарын нұсқап, әдетте үкіметке жүктелінген міндеттердің барлығын өзі іске асыруға қоғамның шамасы жетеді деген болатын. Оның пікірінше, соңғысы қоғамға көмектеспек түгіл, оның дамуына кедергі жасайды. В. Гумбольдт те осындай көзқарас ұстанып, мемлекеттің міндеті зорлық-зомбылықты құрту және мемлекет азаматтардың әл-ауқаттылығына жәрдемдесуге міндетті емес», – дегендерін атап көрсетеді [41, 58 б].

Адам бостандығының экономикалық негізін материалдық тәуелсіздік меншікке қолсұқпаушылық, өз қабілетін еркін, өз қалауынша және бастамашылықпен, ең алдымен кәсіпкерлік қызмет аясында қолдану мүмкіншілігі құрайды. Нарықтық экономиканың заңдылығы осыған негізделеді.

Тұлғаның бостандығы, меншіктің қол сұғуға болмайтындығы және басқа да азаматтық құқықтар мен бостандықтар азаматтарға басқаруға қатысуға және өздерінің азаматтық құқықтарының сақталуын бақылауға мүмкіндік беретін саяси құқықтармен қамтамасыз етіледі. Либералдық режимнің заңдылығы осымен түсіндіріледі.

Либералдық режим мен нарықтық экономиканың қоғамдық дамуға жағымды әсерін біз бұл жерде адам белсеңділігінің артуына жағдай туғызылатындықтан көреміз. Бұл жерде тұжырымдалған *заң жүзіндегі теңдік* қағидасы қоғамның құқықтық іргетасын белгілейтін, бастамашылықты, іскерлікті ынталандыратын, адамдарды бәсекеге, көшбасшылыққа ұмтылдыратын, сөйтіп, жалпы қоғамның ілгері дамуы үшін негіз қалайтын ғасырлар барысында табылған механизм болып табылады.

Құқықтық теңдік, кейбір зерттеушілердің пікірінше, жалпы әділетті қоғам осылай болуы тиіс [46, 34 б] — бұл рәсімдік теңдік, нақтылы материалдық игіліктердегі теңдік емес (теңдікті іс жүзіндегі теңдік ретінде түсіндіргендегі сияқты), құқықтар теңдігі. Бұл жерде адамдар өмір сөресінде тең. Олардың келешек қоғамдық жағдайлары қабілеттеріне, арман-тілектеріне және еңбек ету біліктіліктеріне байланысты. Бұл жағынан тарих адамдардың заң алдындағы теңдігінің адам құқықтарына басқа көзқарастардан артық екендігін талай мәрте дәлелдеп берді. Егер жеке адамның құқықтары, бостандықтары мен мүдделері қорғалған болса, бұл оның есеюіне және адамның мемлекетке, қоғамға сенімсіздікпен қарамауына, демократияның өсуі мен авторитаризмнің азаюына, адамдар араларындағы қатынастарда төзімділікке, терең қағидалардың қалыптасуына, көзқарас пен философияның жетілуіне алып келеді.

Дегенмен, шын мәнісінде осы уақытқа дейін тек батыс өркениеті ғана персонцентристік болып қалуда. Басқа өркениеттерге персонцентризм тән емес, ол халықтардың діліне сай келмейді. Оның үстіне батыс өркениетінің өзінде қазіргі кезде адам құқықтарын абсолюттеу сынға ұшырауда. Қазіргі кезде батыс елдерінде мынадай тұрғыдан қарайды: «жұрттың барлығы үшін құқықтар мен міндеттердің абсолюттік теңдігінің болуы мүмкін емес» [47, 60 б].

Индуизм дінінің үстемдік құруы үнді өркениетінің ерекше типінің құрылуына әсер етті. Индуизм діні бүкіл қоғамдық өмірді тәшпіншеп реттестіруші рәсімдер жүйесі, адамдарға белгілі өмір-салты мен мінез-құлық үлгісін таңып, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді ақыл-ой тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермейді [48, 43 б]. Бұл басқа әлеуметтік себептермен (экономикалық және ұлттық бытыраңқылық, қауымдардың томағатұйықтығы) қосылып, адамның бос, селқос болып,

тұлғасыздануына, қоғамның, кастаның билігіне сөзсіз бағынуына әсер етті.

Мұсылман діні Таяу Шығыстық (араб-парсы) өркениетін қалыптастырды. Ислам тараған елдерде тұлғаның мінез-құлқын реттестіру ерекшелігі оның мақсатымен — жалпы исламның, «шын дінге сенушілердің» мүдделерін қамтамасыз етумен анықталынды. Өзін бұл тұтастыққа қарсы қойған адам исламнан безген опасыз ретінде қатаң жазаланатын болған.

Мұсылман құқығы діни сипатты болды, сондықтан да оның нормаларын іске асыру шын діндегілер үшін діни міндет болды. Мұсылман құқығы мұсылмандардың тек сыртқы мінез-құлқын ғана емес, сонымен бірге оның қағидаларының негізінде жатқан ішкі уәждерін де егжей-егжейлі реттестіруге тиіс болды [49, 46 б].

Бұл жеке тұлғаның бір мезгілде «мемлекетке сену» болып табылатын қағидаларына негізделінген тұтастыққа ерікті, саналы түрде бағынуына алып келді. Ислам мәдениетінің шеңберінде адам құқықтары идеясын оның биліктен дәмесі ретінде көтеру діни нұсқаулардың мызғымастығына қол сұғу деп танылған болар еді.

XIX ғасырда табиғи құқықтың қайта түлеуі қоғамның саяси экономикалық және әлеуметтік аяларын орап өтті, соған байланысты ол ешқандай маңызды қоғамдық өзгерістер жасай алмады. Шығармашылық интеллигенция тек қоғамның келе жатқан жолы оны тұйыққа әкеліп тірегендігін айтумен шектелуге мәжбүр болды. Негізгі саяси тәртіптің барлығын тұншықтырған бастаулары емес, тұлғаның ішкі өмірі болып табылатын табиғи құқықтардың тамаша идеялары дарынды авторлардың ғылыми еңбектерінің беттерінде қалды. Саяси деспотизм қоғамның рухани тұншығуын күшейтті. Сөйтіп, Ресейдегі рухани дағдарыс 1917 жылы емес, одан әлдеқайда бұрын орнаған болатын. 17 жыл бұл үрдісті тереңдете түсті, оның қайғылы

салдарларын біздер осы уақытқа дейін сезініп келеміз» [50, 205 б].

Сол себепті 1905 жылғы 17 қазандағы Манифестегі: «Халыққа тұлғаның шын мәнісінде қол сұғуға болмайтындығы, ождан, сөз жиналыстар мен одақтар бостандығының негізінде азаматтық бостандықтың мызғымас негіздерін сыйлау» әрекеті Ресейдегі жағдайды өзгерте алмады және оған жаңа бағдарлар — адам құқықтары мен жекедарашылықты басып-жаншудың ғасырлық дәстүрлері «сыйға тартылған» бостандықтардан кейін жашпай саяси жазалауға ұласты да, негізінде адамның құқықтары мен бостандықтары жататын қоғамның өркениетті дамуына тарихи мүмкіндік қолдан шығып кетті. Ресейдің одан кейінгі дамуы оның жолының «ерекшелігін» тереңдетті, тұлғаны ұжымның жұтып қоюы күшейтті, жүйеге қарсы шығудың қандай да болмасын көрінісіне қатаң тыйым салынып, жекедаралықты басып-жаншу арта түсті. И.Бердяевтің айтуынша, Ресейде демократия идеялары адам және азамат құқықтарының идеяларынан бөлек қабылданды. «Біздегідей тік және қарапайым түрде қабылданған демократия идеясы бірқатар адамгершілік салдарларға алып келді. Дерексіз-демократиялық қоғамдық идеология тұлғадан, адам рухынан жауапкершілікті алып тастады, сөйтіп, тұлғаны автономдықтан және ажыратылмас құқықтарынан айырды. Тек жауапты ғана — азат, тек азат адам ғана — еркін» [50, 147 б].

Адам құқықтарының идеялары қазіргі Қазақстан аумағында басқаша жолмен таралды.

Көшпелі мәдениет пен құқықтық санадағы «дәстүрлі құқық» нормалары экономикамен емес, ең алдымен экологиялық және этикалық тұстармен байланысты болды. Көшпенділердің құқықтық мәдениеті мемлекеттік заң түрінде көрініс табуы қажетсынбайтын табиғи заң мен табиғи құқық нормаларын сақтауға

бағыттанды. Заң түріндегі белгілеулердің «мейірімсіз формальдылығының» орынына аңыз-өсиеттер беделі, дәстүрлі құқық казустикасы, құндылықтардың дәстүрлі жүйесіне жүгіну, әдет-ғұрыптарға, салт-санаға, ата-бабалардың аңыздары мен өсиеттеріне сілтеме жасау, руаралық бәсекелестік мозайкасы т.б. үстемдік құрды. Оның үстіне, *көшпенді қоғамның табиғи құқықтары нормаларының жүйесі* мемлекеттен бөлек, тәуелсіз ая ретінде *саяси мемлекеттік билікті шектеуге тиіс болды*. Мемлекеттіліктің қауымдық-этнократиялық және әлеуметтік-саяси бастаулары өзара күрделі де қарама-қайшылықты қарым-қатынастарға түсті [51, 24 б].

Қазақстандық ғалым А.С.Ибраеваның пікірінше, көшпенді кезеңнің құқығының ерекшеліктері еркін өмір салтында, халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуде, билік алдында құлшылық етудің жоқтығынан, құл иеленушіліктің классикалық институтының жоқтығынан, әйелдердің салыстырмалы еркіндігі мен теңдігінен, дамыған халық ауыз әдебиетінен, халықтың бүкіл рухани мәдениетінен көрініс тапқан қазақ халқының құқықтық мәдениетінде тұжырымдалған болатын [52, 84 б].

Академик С.Зимановтың пікірінше, «қазақ құқығы — қазақ халқы мен бүкіл көшпелі өркениеттің алтын қазынасы. Оның мыңдаған жылдық тарихы бар, ал оның орнығу шыңы шартты түрде XV-XVIII ғасырларға жатады. Бұл құбылыстың тосындығы сол — көшпелі өркениеттің атажұрты — қыпшақтардың ұлы даласының құдіретінің ерте құлауы қазақ құқық мәдениетінің мәртебесі мен ролін өзімен бірге құлдыратып ала кетпеді. Бұл қарама-қайшылықты процесте, шамасы, оның өмір сүру ортасының ұланғайыр даланың «ерікті, аралдық» аумағының болғандығының әсері болса керек» [53, 27 б].

Автородан әрі былай деп жалғастырады: «Ұлыдаланың дәстүр-нормативтік жүйесі мен мәдени дәстүрлерінен бастау алған қазақ құқығы көптеген ғасырлар

бойына бөгде мемлекеттердің тікелей және жанама қысымдарына, олардың идеологияларының күшті әсеріне қарамастан, ғажап өміршеңдік пен табандылық көрсетті. Олар қазақ қоғамына өздеріне жағымды режимдер мен тәртіптерін күшпен және үгіттеумен таңып бақты. Қазақ қоғамы аса зор құрбандықтарға қарамастан, едәуір өзгерістерге ұшырады, бірақ оның сан ғасырлық құқықтық мәдениеті мен тілі ең табанды және өміршең құбылыстар болып шықты. Қазақ даласын құйындатын өте шыққан қаншама өзгерістер мен төңкерістерге қарамастан, қазақ құқығының өзінің бастапқы түрінде осынша өміршеңдігінің сыры оның негізінде және мәдениеттің өзінде, оның нормативтік жүйесінде халықшылдық пен адамның ерікті, табиғи бостандығының, яғни адам мен адамзаттың мәңгі ұмтылыстарымен үндес адамгершілік идеалдары мен қағидаларының жатқандығында деп түсінуге болады. Бұл қазақ құқығының басқыншыларынан, олардың режимдерінен әлдеқайда күшті болып шыққандығының іргелі себептерінің бірі болды» [53, 27 б].

Бұл едәуір көлемді үзінділерді көшпелі қоғамдағы адам құқықтары мен бостандықтарының ерекшеліктерін көрсету үшін келтірдік. Біздің пікірімізше, Қазақстан Ресей сияқты еуразиялық мемлекет ретінде ежелден-ақ өз болмысының негізін адамгершілік талаптарына сәйкес қалаған. Бұл адамдардың өзінің діни, отбасылық, мемлекеттік міндеттерін сезінуге, борышты құқықтан жоғары санауларын тәрбиелеуді қажет етті. Мысалы, православие құқықтарды абсолюттеу өзара дау-дамайларға, ұрыс-керіске, жанжал-таластарға алып келеді деп үйретті. «Өз құқықтарын» мақтан тұту үлкен күнә болып саналатын өркөкіректікке әкеліп соғады; өзін жұрттан артықпын деп санау, атаққұмарлық адамдардың, сословиелер мен топтардың мүдделерінің қарама-қарсылығын тудырады. Өзара қырқысулар мен атыс-шабыстардың ащы тәжірибесі біздің ата-

бабаларымызды ең алдымен көпшіліктің қамын, бір-бірлері мен отан алдындағы борышын ойлауға үйретті. Қазақстанда да Ресейдегі сияқты, құқық идеясының әлсіздігінің орынын аса күшті қоғамдық борыш идеясы толықтырып, халықты рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің тепе-теңдігін құрады. Христиан үшін табиғи міндеттер оның құқықтарын табиғи тежеу болды» [54, 31 б].

Қазіргі жағдайдың ерекшеліктері неде? Қоғамдық сананың белсенді идеологиясыздандырылуы жағдайында қоғам алдындағы борыш пен жақындарының алдындағы міндеттілік идеялары ұмыт болды. Олардың орнына адамның табиғи құқықтары идеясы ұран болып көтерілуде. Ежелгі римдіктер «өздерінің құқықтары» бар тұлғалардың мүдделерінің қақтығысқа түсуінен қауіптеніп, сервитуттарды ойлап шығарған болатын. Француз азаматтық кодексі мен Герман азаматтық ережесінде егер басқа тұлғаға зияны тиетін болса, құқықтарды іске асыруға тыйым салынатындығы туралы қағида бар. Бұл нормалар құқықтарға шектеу қоятын міндеттердің басымдығы туралы христиан идеясының көрінісі болып табылады.

Тоталитарлық ойлау торынан әрең құтылған біздер үшін құқықтық мемлекет «жер бетінде Құдай патшалығын» орнату үшін тағы бір тәуекелдің идеясы болып отыр. Әрине, құқықтық мемлекеттің кейбір қағидалары сөзсіз құнды, бірақ іріп-шіріп біткен қоғамды құқық сақтап қалады және бір кездегі ұлы елді қайта жаңғырта алады дегенге сенудің өзі жаңсақ нәрсе. Құқық тек белгілі бір адамгершілік мұратын іске асырудың құралы ғана. Ол өзінен-өзі алғанда бейтарап, яғни құрал ретінде оны жақсылық үшін де, жамандық үшін де қолдануға болады. Ол не жоғары діни адамгершілік заңдарын іске асыруға, не адамгершіліктен шығып, құнсызданып, ұлттық өзіндік сананың жойылуына қызмет етеді.

Осыған байланысты қазіргі кезде «адам құқықтарына» барабар нұсқа ретінде (әрине, соңғыларды мүлдем сызып тастамай) қазақ және орыс қоғамдары дәстүрлі ұстанатын тарихи мұрат қолданылуда, оның мағынасы — тек өзінің жеке мақсаттарына ғана емес, сонымен бірге бүкілхалықтық, жалпы, ортақ игіліктерге де қызмет етудің қажеттілігін түсіну.

Сөйтіп, тұлға мен биліктің өзара қарым-қатынасының жалпы көріністерін сипаттай келе, персонцентризм (тұлға ең жоғарғы нүкте, барлық заттардың «өлшемі») мен жүйецентризмді (тұлға мүлде жоқ немесе жалпы, ортақ мүдделерге жету үшін азды-көпті пайдасы бар қосалқы нәрсе ретінде қарастырылады) бөліп көрсетуге болады.

Жер бетін мекендеуші халықтар мен өркениеттердің басым көпшілігінің әлеуметтік дамуының негізінде Еуропа өркениетінде пайда болған табиғи құқықтық персонцентристік тұжырымдамасына қарама-қайшы келетін жүйецентристік принцип алынған.

Әлемнің әр бұрышында, әр түрлі құрлықтарда, әртүрлі өркениеттерде бір идея әр түрлі көрініс тапты. Бұл идеяның бастапқы мәні — әрбір адам табиғатпен және осы табиғаттың бөлігі болып табылатын басқа адамдармен үйлесімді өмір сүруге жаратылған дегенді білдірді. Кейінірек мыңдаған ғалымдар өздерінше түсіндірген (және бұрмаланған) бостандық идеясы бастапқыда осы үйлесімділікті, өзінің тіршілігінің табиғат тәріздес екендігін, әділетті және абсолютті дұрыстығын, әрбір азаматтың орны мен қызметін, оның тағылымы мен өмірін, маңдайына жазылған өмір сындарының, тіпті өлімін де сезінуін білдірген.

Еуропада қалыптасқан өркениеттік архетип кеңістікте дамуға қабілеттілігін көрсетті. Еуропаның ортасында пайда болған өркениет тұрпаты біртіндеп Скандинавия, Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Еуропаны қамтып, кеңейе түсті. Ол өзінің құндылықтарына

АҚШ, Канада, Австралияға тарата алды. Азды-көпті табыстармен олар Латын Америкасының кейбір елдерінде де таралуда. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап дәстүрлі шығыс қоғамдары да (Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан, Қытай т.б.) Еуропа өркениетінің құндылықтарына біртіндеп бейімделе бастады.

Бірнеше ғасырлық қажырлы еңбек, ізденістер мен қателесулер біздерді «батыс қоғамы» деп атайтын құқықтық көрқарастардың жүйесін құруға алып келді. Құқықтанушылардың бірнеше ұрпағы құқық философиясының осы ерекшеліктерінде тәрбиеленді. Ең алдымен озықпалын басқа халықтарға жасаған еуропалық ойлау жүйесінің ерекше өнімі болып табылатын табиғи құқық тұжырымдамасының қалыптасуын, міне, нақ осындай тарихи тұрғыдан қарастыру қажет.

Бірақ қазіргі таңда бұл адам құқықтарының батыстық үлгілері барлық мәдениеттерде бірдей қабылданып отырған жоқ. «Тағыларға» өз құдайларының, яғни адам құқықтары мен құқықтық мемлекеттің үстемдігін таңу ниеті неғұрлым көп болған сайын, табысқа деген үміт соғұрлым азайып барады.

Антика дәуірінде адам мен оның өмірінің құндылығы өзінен-өзі емес, адамның күші мен мүлкіне қарай немесе оның қоғамдағы мәртебесі бойынша анықталатын болған [55, 56 б].

Еуразиялық деп сипаттауға болатын Қазақстан құқықтық мәдениетінің жағдайында адам құқықтарының абсолюттік сипаты мына төмендегідей түсініледі:

- әлеуметтік және табиғи айырмашылықтарынан тәуелсіз әрбір адамға адамның құқықтары мен бостандықтары беріледі;
- адамның құқықтары мен бостандықтары оған өзінің құқықтық мүдделерін іске асыруға мүмкіндік беретін еркіндігінің масштабы;
- осы өлшемнің шеңберінде адам өз мүдделерін кез келген жолмен іске асыра алады;

— адам құқықтарының абсолюттік сипаты оның тәуелсіздігінің, өмірінің жеке аясының болуын қарастырады [56, 105 б].

Адамның абсолюттік құқықтары доктринасы негізгі белгілері «тұлғаны сыйлау, яғни әрбір адамның өз әрекет аясында оның қадай да болмасын көзқарастары мен қалауларының абсолюттік басымдылығын мойындау, сонымен бірге жекедаралық қабілеттері мен бейімділіктерін дамытудың қажеттілігіне сенімді білдіретін жекедарашылдық идеологиясының қалыптасуына жәрдемдесті» [57, 183 б]. Сол себепті капиталистік қоғамның қалыптасу дәуірінен бастап тұлғаның бостандығы мойындалды да, жеке адамның мүддесіне басымдылық беріле бастады.

Л.Дюгидің пікірінше, «бүкіл геометрияның Евклидтің постулатына негізделінетіндігі секілді, қазіргі халықтардың бүкіл өмірі құқық нормасының осы постулатына негізделген. Иеринг үйреткендей, құқық күшсаясаты емес, ол мемлекеттің де ісі емес, ол одан бұрын пайда болған және одан жоғары тұрады — ол мемлекеттік күштің шекарасы болып табылады және мемлекет құқыққа қызмет етуге берілген күштен басқа түк те емес» [58, 4 б].

Тек құқыққа бағынғанда ғана мемлекет өзінің басты қызметін — ешкімнің де бостандығын, жалпы игілікті бұзбайтын қоғамдағы еркіндікті іске асыра алатын болады. Олай болмаған жағдайда мемлекеттік билік тонын жамылған жария мәжбүрлеу, зорлық-зомбылыққа айналады. Мемлекет тұлғаға құрал ретінде емс, мақсат ретінде қарауға тиіс. Осыған байланысты конституциялық құқықта мемлекет тарапынан тұлғаны сыйлаушылық мемлекеттік тұлға мен оның құқықтық мәртебесіне ең жоғарғы әлеуметтік құндылық ретінде қарауының өлшемі ретінде қарастырылады.

Тарихта адамның ажыратуға болмайтын абсолюттік құқықтары доктринасының ескі тәртіпті жоюды талап

еткен түрліше революциялық ақыл-ойдың шабыттануы, ұлт-азаттық қозғалыстардың толқынында қайта дәуірлеп отырғандығы тегін емес. Мұның жарқын мысалдары ретінде Адам мен азамат құқықтарының декларациясын (Франция, 1789ж), Тәуелсіздік декларациясын (АҚШ, 1776), «Құқықтар туралы билльді» (АҚШ, 1791), Вирджиния штатының конституциясын (АҚШ, 1776) алуға болады. Адамның ажырамас абсолюттік құқықтарының доктринасы көптеген қазіргі мемлекеттердің, оның ішінде АҚШ, Франция, Италия, Испания конституцияларында көрініс тапты. Қазір дамыған елдерде адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары конституциялық жолмен бекітілген, бұл мемлекеттің адамға байланысты басып-жаншу мен зорлық-зомбылық жасауына тиым салып, оның дербестігін және адам құқықтарының мемлекетке қарағанда басымдылығын қорғайды.

Кеңестік құқықтық ойда бұл мәселеге бетбұрыс ХХ ғасырдың 80-90 жылдарында құқықтық сананы дағдарыс жайлаған кезде басталды. КСРО мемлекеттік құрылысында адамның мүдделері сырт қарағанда басты мәселе болып саналатын, бірақ біртіндеп іс жүзінде оларды құқыққа қарсы этатизм, тоталитаризм ығыстырып шығарған еді. Алып мемлекет атағын иелену үшін жанталаста, тұлға мен оның мүдделері әбден аяқасты болған тұғын. Осы тұрғыдан алып қарағанда ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мына бір ескертуі өте орынды: «Барлығы да адам үшін» деген ұранды қанша құлағымызға құйғанмен, іс жүзінде біздің революциямыздың мақсаты адам емес, абстрактылы түсінілетін социализм болып шықты. Бірақ адамның құны бір қап цементтен төмен, мұндай социализм кімге қажет?» [59, 115 б].

Алып мемлекет атағына деген мұндай көзқарас қанша самолет, танк, ракета шығарылды, қанша тонна болат қорытылды, қанша мақта жиналып, қанша жер

игерілді деген сияқты өлшемдерден көрініс тапты да, нақтылы адам, тұлға мен оның өмірлік мүдделері мен қажеттіліктері осы көрсеткіштердің көлеңкесінде көрусіз қалды.

Көп жағдайларда адамның құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен басқа да жалпы мойындалған халықаралық актілердің қағидаларын қабылдап-қайталаған Қазақстан Республикасының 1993 жылғы тұңғыш Конституциясын қысқаша қарастырып көрейік. Одан кейінгі, қазіргі қолданыстағы 1995 жылы қабылданған Конституция адам құқықтарын қорғау аясында алдыңғы Конституциямен сабақтастықты сақтап, оның негізгі қағидаларын, яғни адам құқықтары мен бостандықтарының табиғи сипатын [60], халықаралық құқықтың жалпы жұрт мойындаған нормалары мен принциптерінің ішкі заңнамадан басымдығын, «тиым салынбағанның бәріне рұқсат» етілген демократиялық постулатты, азаматтықтан айыруға болмайтындықты, мемлекеттің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндеттілігін және басқа да көптеген мәселелерді бекітіп, дамытты. Қазақстандағы әлеуметтік заңнаманың жүйесі мен мазмұнының дамуына қайта құру және одан кейінгі кезеңдерде бірсыпыра факторлар әсер етті.

Қазақстан Республикасының Конституциясында тек әлеуметтік мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің де қағидалары дамытылды. Тұңғыш рет мемлекет пен тұлғаның өзара қарым-қатынасы сот негізіне қойылды, барлық құқықтар мен бостандықтарды сотпен қорғау құқығы бекітілді, заңға мемлекеттік органдар, азаматтар және олардың бірлестіктері араларында туындайтын барлық дауларды сот жолымен шешу қағидасы енгізілді.

1995 жылғы Конституцияның талаптарына сай адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарына кепілдік кеңейтілді. Адамның құқықтарын, бостандықтары мен

мүдделерін басымдылықпен қорғау қағидасын бекітудегі келесі маңызды қадам — Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау болды.

Мысалы, Конституцияның 1-бабында ҚР өзінің ең жоғарғы қазынасы адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын әлеуметтік зайырлы демократиялық мемлекет деп бекітеді. Бұл конституциялық норма-мақсатта мемлекеттік-құқықтық дамудың ұзақ мерзімдік мақсаты — мемлекеттің құқықтық сипатын қалыптастыру жарияланған.

Екінші бөлімде адам құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген. Бұл арада Қазақстан Республикасының Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілгендігінің аса маңызды факт екендігін атап өткен жөн. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекеттік билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнін, мазмұны мен қолданылуын белгілейді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемлекеттік органдардың қызметін реттестіруші бөлімдердің алдында келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылықтар деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекеттікінен жоғары қоятындығын білдіреді.

Мұнда адам мен азаматтың (жеке басының) саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтары бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтық, саяси және әлеуметтік-экономикалық құқықтарды бір-бірінен принциптік тұрғыдан бөліп қарастырмайды атап кеткен жөн. Құқықтар осы санаттардың барлығында да адамның ажыратылмас, ешқандай билік сыйға бермеген, адамға тумысынан тиесілі табиғи құқықтар мәртебесін

алған. ҚР Конституциясында бекітілген құқықтар мен бостандықтардың арасында ең көрнектісі жеке меншігінде заңды жолмен тапқан мүлікке меншік құқығы болып табылады, бұл мемлекеттің адамға қарай түбегейлі бетбұрғандығын көрсетеді [1]. Нарықтық экономиканың заңмен қорғалатын меншік құқығынсыз өмір сүруі мүмкін емес, соған байланысты Конституция меншіктің барлық түрлеріне, жерге жеке меншікті қоса, кепілдік береді. Бостандық пен құқық дамуының тарихы дәлелдегендей, азат, тәуелсіз тұлғаның қалыптасуы адамды меншік қатынастарының субъектісі, өндіріс құрал-жабдықтарының иесі деп танусыз мүмкін емес.

Меншік — тұлғаның жеке бостандығының экономикалық негізі, бостандықты білдірудің формалары мен бағыттарының бірі. Меншік құқығы жеке бостандық кепілімен ішкі байланыстағы адамның қарапайым негізгі құқығы болып саналады. Негізгі құқықтар мен бостандықтардың жүйесінде бұл құқық бостандық субъектісіне жеке өмірін өзінің қалауынша ұйымдастыруға және әрекет жасауға мүмкіндік беру міндетін шешеді. Конституцияның 26-бабының 2-тармағында меншік құқығына кепілдіктер жарияланған, олар азаматтық заңнамада бекітілген меншік құқығын қорғау әдістерінде көрініс тапқан. Конституцияның 26-бабының 3-тармағында «Соттың шешімінсіз ешкімді де мүлкінен айыруға болмайды» делінген. Ал Конституцияның 26-бабының 4-тармағында «Кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» [1] деп жарияланған. Кәсіпкерлік қызметтің дамуы — меншік иелерінің пайда болуының, яғни Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың басты шарты.

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуі бұл құжатты адамның дербестігін жеке дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепілі етеді.

Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйым роліне ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғышарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті мен қоғам және мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасауы егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы.

Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының Конституциясында тұлғаның еркін, өздігінен дамуына көмектесетін адам құқықтары мен бостандықтарының кең тізімі бекітілген. Бұл жалпы халықаралық құқық стандарттарына сәйкес. Оның үстіне, Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар абстракция емес, оларды қорғау мен кепілдіктің нақтылы механизмі бар. Аталған қағиданың Конституцияда бекітілуі Қазақстан Республикасының өзінің даму бағытын дұрыс таңдағандығын дәлелдейді, өйткені тарих сабақтары қоғамдық проблемаларды шешу, әлеуметтік өзгерістер барысында адам мен оның мүдделері ұмыт қалған жағдайда осы өзгерістердің өз мағыналарын жоғалтып, қоғамдық прогреске кедергі болатындығын талай мәрте дәлелдеді.

Қазіргі жағдайда адам бостандығы біршама басқаша түсініледі. Адам бостандығы тек белгілі бір әрекеттер жасау және оларды іске асыруда кездесетін кез келген кедергілерді жоюдан ғана құралмайды. Адамның бостандығының көрініс табуының маңызды тұсының бірі — жауапты шешімдер қабылдау еркіндігі болып табылады. Бұл адамның санасы мен мәдениетінің даму деңгейінің аса жоғары болуын қажет етеді. Нақ осы дамыған сана мен мәдениет адамды тұлға ретінде биологиялық түр — адамнан ажыратады.

Осыдан келіп, қазіргі адам құқықтарының тұжырымдамасы мына қағидаларға негізделеді: адамның өзінің дербес дүниесі бар, оған ешқандай биліктің қол

сұғуына болмайды; өзінің құқықтарын қорғай отырып, адам мемлекетке өз талаптарын қоя алады; адамның құқықтары мен бостандықтарын оған құдай да, мемлекет те сыйлаған емес, сондықтан да оларды адамның табиғи құқықтары деп атайды. Адам өзінің құқықтары үшін ешқандай құдай немесе зайырлық билікке қарыздар емес. Ол ешуақытта да мені жарылқап, маған құқықтар мен бостандықтар берді деп ешкімге бас июге, ешкімнің алдында өзін мәңгілік борышкермін деп сезінбеуге тиіс. Адамның қадір-қасиеті оған, адамға, өзінің құқықтары мен бостандықтарының түйірлерімен пайдаланғандығы үшін кімге де, неге де болса да құлшылық етіп, бас ұрумен сыйымсыз. Олар оған оның тек адам болғандығы үшін ғана тиесілі.

Егер кісі өзінің қандай да болмасын моральдық құқығын бұзғандығы туралы талап-тілектер қоярда өзінің ондай құқықтарға иелік етуін дәлелдеуге тиіс болса, адам құқықтарына байланысты мұндай дәлелдеудің қажеттілігі жоқ, өйткені олар оған тумасынан тиесілі. Оның үстіне, адам құқықтарының өздері де оларға негізделінген талаптар қою үшін жеткілікті негіз болып табылады.

Талап ету қабілеті – адам құқықтарының маңызды тұстарының бірі. Құқықсыз адам өзінің өмірі, бостандығы мен әл-ауқаты тәуелді адамдарға жалынып-жалбарына алады. Өтініш пен жалбарыну жағдайлардың тең еместігін білдіреді. Талап қою еркіндікті білдіреді. Құл не қызметші өтінеді, ерікті адам талап етеді. Талап ету – адамның қадір-қасиетінің маңызды элементі. Қадір-қасиетін қорғау, өз кезегінде адам құқықтарын қорғаудың негізгі қызметінің бірі болып табылады.

Адамның абсолюттік құқықтарының доктринасы батыстық табиғи-құқықтық теорияның шеңберінде қалыптасты. Табиғи-құқықтық көзқарастардың шеңберінде адам құқығының ажыратылмас, алып қоюға болмайтын абсолюттік сипаттылығы сияқты

сипаттамалары өзара тығыз байланысты және бір-бірін қажет етеді. Бірақ аталған сипаттамалардың әрқайсысы адам құқықтарының түрліше тұстарына назар аудартады.

Қазақстан жағдайында адамның ажырамас табиғи абсолюттік құқықтары мен бостандықтары доктринасының маңызы оның жеке адам мен биліктің араларындағы қарым-қатынастардың жаңа өлшемдерін белгілегендігінде: ол адамның басымдылығын бекітті.

Егер бұрын жеке адам толығынан мемлекетке бағынып, оған тәуелді болса, табиғи-құқықтық доктринаның дамуымен тұлға дербестікке ие болды. Тұлға мемлекет тарапынан адамның бостандығы аясына қол сұғуға болмайтындық құқығына иелік етеді, және оның құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда мемлекеттік қорғауға кепілдік алады. Бұл табиғи-құқықтық доктринаның маңызды роль атқарып, адамның тумысынан біткен, оған табиғат пен жаратушы сыйлаған, осыған байланысты мемлекеттің ырқы мен зорлық-зомбылығынан тәуелсіз табиғи, туа біткен құқықтарының идеологиялық, доктриналық негіздеушісі болғандығын дәлелдейді.

Бірақ проблема адамның негізгі құқықтарының бір-бірлеріне сәйкес келмейтін жеке және көпшілік құқықтар мен мүдделердің қақтығыстарының барысында іске асырылатындығында болып отыр [40, 157 б].

Бұл таңдаудан негізгі құқықтарды қорғау мен оларды шектеу аяларының арасында нәзік жіктеушілік шектеу жүргізу арқылы шығуға болады. Негізгі құқықтардың ажыратылмастығы мен оларды шектеу араларындағы ымырагершілікке тек конституциялық деңгейде ғана келуге болады.

ҚР Конституциясында азаматтың құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуы оның орындалуы жеке және мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету үшін қажетті міндеттерден ажырағысыз екендігі заң жүзінде бекітілген. Сөйтіп, ҚР Конституциясында азаматтардың

құқықтық жағдайын реттестірудің ең маңызды принципі азаматтардың құқықтары мен міндеттерінің мызғымас бірлігі болып табылады. Құқықтар мен бостандықтарды иелене отырып, Қазақстан Республикасының азаматы қоғам мен мемлекет алдарындағы өз міндеттерін бұлжытпастан, адал орындауға міндетті.

Демек, құқықтар мен міндеттер бірлігінің проблемасы жан-жақты. Онда бірнеше тұстарды бөліп көрсетуге болады: тарихи, әлеуметтік-саяси, философиялық, құқықтық, адамгершілік, психологиялық т.б. Монографияда біз олардың кейбіреулеріне ғана тоқталып өтеміз. Қазіргі кезде құқықтар мен міндеттердің арақатынасына байланысты екі түрлі көзқарас бар. Біріншісінде құқықтар мен міндеттер біртұтас қарастылады.

Екінші көзқарасқа сай адам мен азаматтың құқықтары оның әртүрлі жағдайлардағы мүмкін болатын мінез-құлқының өлшемі ретінде оның міндеттеріне қарама-қарсы шығады және оның мүмкін болатын мінез-құлқы мен қоғам алдындағы жауаптылығының өлшемі ретінде онымен бәсекеге түседі. Аталған екі көзқарас та құқықтар мен міндеттердің арақатынасы проблемасын шешудің ең шеткері нұсқалары деп санаймыз.

Мысалы, кеңестік құқық теориясында құқықтар мен міндеттердің бірлігі туралы тезис шектен тыс идеологияландырылып, шектен тыс деңгейге жеткізілген болатын. Ол құқықтар мен міндеттердің өмір сүрудің жалпыадамзаттық ережелеріне айналуы туралы кең ауқымды тұжырымдаманың бір бөлігі ретінде қарастырылған болатын. Оның үстіне бұл процесс жасанды түрде тездетілді, өйткені «жарқын болашақты» құрудың қажетті шарты деп саналды. Мысалы, К. Маркс адамзат дамуы процесінде «міндеттерсіз құқық жоқ, құқықтарсыз міндет жоқ» қағидасы салтанат құратын құрылыс орнайды деп тұжырымдаған болатын [36, 13 б].

Нәтижесінде КСРО-да іс жүзінде көптеген құқықтар мен бостандықтарға және міндеттерге (мысалы, сайлауға, мерекелік шерулерге, түрліше шаралар мен науқандарға қатысу құқығы) талассыз маңыз берілді. Тіпті «құқықтан бас тартушылық үшін жазалауға бола ма?» деген мәселе де талқыланған болатын. Жалпы алғанда, ол кезде көптеген мәселелер заңға емес, бұйрыққа және еріктік шешімдерге негізделінді: «Жарлықтық құқық» үстемдік құрып, құқықтық негіздер есепке алынбады. Бұл проблемада жағымсыз баға беруге болатын басқа да көптеген бұрмалаушылықтар болды. Атап айтсақ, әруақытта алғы шепке азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттері шығарылып, мемлекеттің азаматтардың алдарындағы міндеттері жөнінде ештеңе де айтылмады. Мұндай міндеттер тіпті Конституцияда да бекітілмеді.

Қанаушылық қоғамды сипаттай келіп, өркениеттің әлеуметтік кемістіктерін аша келе, Ф. Энгельс: «егер варварларда, біз көргеніміздей құқықтарды міндеттерден әрең ажыратуға болатын болса, өркениет олардың араларындағы айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтарды таза ақымаққа да түсіндіріп, бір тапқа барлық құқықтарды береді де, екіншісінің мойнына барлық міндеттерді артып қояды» деді. Бұл жерде құқықтар мен міндеттемелердің антогонистік қарама-қайшылықтарын тек социализм ғана жойып, олардың ажырамастығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді деген пікір негізделген.

К.Маркс осыған байланысты социалистік қоғамды меңзеп: «міндеттерсіз құқықтар жоқ, құқықтарсыз міндеттер жоқ» деп жазды [36, 13 б].

Кеңес мемлекеті азаматтарға кең құқықтар мен бостандықтарға кепілдік бере отырып, оларға өздері мүшелері болып табылатын социалистік қоғамның алдындағы міндеттер жүктеді. Социалистік демократия — тек қана құқықтар емес, сонымен бірге жоғарғы азаматтық жауапкершілік те. КСРО Конституциясында

«Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асырулары азаматтардың өз міндеттерін орындауынан ажырағысыз» деп анық айтылды [23]. КСРО Конституциясында бекітілген кеңес азаматтарының негізгі міндеттері тек заңды сипатта ғана емес, олар социалистік қоғамда әрбір адамға қойылатын жоғарғы моральдық талаптары да білдіреді.

Солсебепті КСРО-да арамтамақтарға, алыпсатарларға және басқа да қоғамға жат әрекеттерге қарсы күресте қоғамдық ықпал жасау шаралары да, кеңес заңдарының күші де қолданылды. Осыған байланысты КСРО Конституциясында қоғамдық пайдалы еңбектен бас тарту социалистік өмір принциптеріне сәйкес келмейді деп арнайы атап көрсетілді.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде әрбір адамның ұжымның басқа мүшелеріне қатысты да міндеттері бар деп атап көрсетілген. Осындай жалпы ережелердің негізінде біздің мемлекетіміз өзінің заңдарында нақтылы жағдайлар мен ұлттық мүдделерге бейімделінген міндеттердің кең тізімін бекітті. Бұл арада әңгіме, әрине, тек азаматтардың міндеттері туралы ғана емес, сонымен бірге билік органдарының, лауазымдық тұлғалардың және басқа да субъектілердің міндеттері туралы болып отыр.

Құқықтар мен міндеттердің бірлігі қағидасы адам құқықтары туралы халықаралық пактілерден, мемлекет пен азаматтың, қоғам мен тұлғаның өзара жауапкершілігін мойындаудан туындайды. Тіпті кез келген адамзат қоғамы осы бастауларға негізделген.

Азаматтың құқықтары мен мүдделері, моральдық, саяси және әлеуметтік қағидалар кейде мемлекетке бағыну немесе онымен ынтымақтастықта болу міндетімен қарама-қайшылыққа түседі [61, 5-14 бб].

Мемлекет белгілеген міндеттердің көпшілігінің ең алдымен моральдық негіздерге сүйенетіндіктеріне қарамастан, олар міндетті түрде орындалуға тиісті

қоғамдық борыш ретінде қарастырылады. Сондықтан да азаматтардың мінез-құлықтарының түрлері өзіне мінез-құлықтың құқықтық та, моральдық та міндеттемелерін біріктіреді. Демократиялық қоғамның ерекшелігі, моральдық міндеттемелердің ролінің барған сайын артып келе жатқандығында.

Кемелденген құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамда адамдардың көпшілігі өз міндеттерін саналы, ерікті түрде, олардың өздеріне қажет екендігін түсініп орындайды, өйткені міндеттер бүкіл қоғам мен оның әрбір мүшесінің мүдделерін біріктіреді және білдіреді. Белгіленген міндеттерді қоғамның барлық мүшелерінің орындауы олардың құқықтары мен бостандықтарының алғышарттарын құрайды және іске асырылуын қамтамасыз етеді. Кез-келген құқықтардың іске асырылуы белгілі міндеттерді орындамайынша мүмкін емес немесе қиыншылықтарға ұшырасады.

Сөйтіп, міндеттерде жеке тұлғаның да, жалпы маңызды мүдделері де көрініс табады. Міндеттер арқылы кез келген құқықтық қатынастарда құқық иесінің мүддесі қанағаттандырылады.

Міндет құқық иесінің де, сайып келгенде, саяси-құқық жүйесінің де мақсаттары мен мүдделеріне сай келеді. Бұл құралдарсыз қоғам желкенсіз қайыққа айналар еді: міндеттер мемлекетке экологиялық тепе-теңдік сияқты азаматтық тұрақтылық береді.

Құқықтық міндет — өмірге тәртіп пен «тыныштық» беруге тиіс мемлекеттік-мақсатты, ақылға сыйымды, пайдалы, объективті шартты мінез-құлықтың түрі мен өлшемі. Ол зорлық-зомбылық, аласапыран, бейберекеттік, қоғамның қалыпты өмір сүруіне кедергі жасайтын барлық бүлдіруші әрекеттердің, құбылыстардың жолындағы заңды тосқауыл.

Сөйтіп, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын барынша қорғай және оларға кепілдік бере отырып, оларды азаматтық міндеттерден бөлек қарастыруға

болмайды. Құқықтар мен міндеттер бөлек, дербес категориялар бола тұрғандарымен қоғамдық қарым-қатынастарды реттестіру ісінде бір-бірімен тығыз «ынтымақтастыққа» жазылған. Құқықтар мен міндеттер адамның бүкіл әлеуметтік және саяси қызметінде өзара байланысты. Сол себепті жалпы және жеке мүдделердің тепе-теңдігін ұстап тұру үшін ҚР азаматының құқықтық мәртебесі тек оның құқықтары және бостандықтарымен ғана емес, міндеттерімен де сипатталады. Құқық бостандықты ұлықтайтын болса, міндеттер осы бостандықтың қадір-қасиетін білдіреді.

Заңды міндеттер мемлекеттің, құқық пен тұлғаның үйлесімді мөлшерде өзара әрекеттесулерінің бастау құрылымы болып табылады, оларсыз тепе-теңдікті құқықтық жүйенің, әсерлі құқықтық реттестірудің, құқықтық тәртіптің, қоғамдық өмірдің басқа ахуалы мен көріністерінің болулары мүмкін емес. Олар конституциялық институттардың қалыпты қызмет етуінің, өндірістік процестерді басқарудың, қоғамдағы орнықтылық пен тұрақтылықты ұстап тұрудың шарттары болып табылады.

Міндет субъективтік құқықпен тығыз байланысты ұғым. Кез келген құқықтық норманың өкілетті-міндеттеуші сипаты бар екендігі, осыған байланысты ол мүмкін де, міндетті де мінез-құлықты қарастырады. Міндет-құқықтарды қамтамасыз ету тәсілі, олардың шындығы мен әсерлілігінің шарты. Егер субъективтік құқық бұл жеке адамның билігі мен бостандығының аясы болса, заңды міндет қажеттілік пен бағыныштылық аясы міндет иесі өзінің «ерікті еместігін» және ортақ игілік үшін «қолы байлаулы» екендігін түсінуге және сезінуге міндетті.

Заңды міндеттердің қызметі — субъективтік құқықтарға көмектесу, құқықтық реттестірудің жалпы механизмдеріндегі өз жұмысын орындау, тұлғалардың әрекетін қажетті арнаға бағыттау: әлеуметтік қызметі —

азаматтардың қажетті құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру, тәртіптендіруші фактор қызметін орындау, қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту.

КСРО және Қазақ КСР-і осыдан кейінгі кезең-кезеңімен, алдымен «социализмнің негіздерінің құрылғандығын», «социализм жеңісін», содан соң «дамыған социалистік қоғамның» құрылғандығын жария еткен конституцияларында таптық көзқарастың формасы біршама өзгергенімен, оның мәні бұрынғысынша қала берді. Бұл конституцияларда қоғамның қандай да бір әлеуметтік тобын әлеуметтік-таптық белгілеріне қарай құқықтарынан айыру қарастырылмады. Сонымен бірге саяси саладағы құқықтар мен бостандықтарды тек «еңбекшілердің мүдделеріне сәйкес және социалистік құрылысты нығайту», «коммунистік құрылыстың мақсаттарына» сәйкес пайдалануға ғана рұқсат етілді. Сөйтіп, кеңес конституцияларының бұл ережелері азаматтарды өз құқықтары мен бостандықтарын тек социалистік саяси доктринаның шеңберінде ғана пайдалану мүмкіндігі мойындалғандығын дәлелдейді.

ҚР 1995 жылғы Конституциясы, оның алдындағы 1993 жылғы Конституция сияқты Қазақстанда бекітілуші адам мен азамат құқықтарының тұжырымдамасының жаңа негізгі бастауларын бекітеді. Ондағы орын алған өзгерістер конституциялық заңдарды адам мен азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің жалпы мойындалған халықаралық стандарттарына сәйкестендіруге, бұл салада тоталитарлық мемлекетке тән қағидалардан бас тартуға бастау салды.

Бұл міндеттер азаматтардың міндеттері көлемінің сан жағынан оның құқықтарынан әлдеқайда тар екендігіне қарамастан, азамат субъекті болып табылатын әр түрлі қарым-қатынастар аясына қатысты. Бұл азаматтардың құқықтарының қоғамдық өмірдің барлық тұстарын —

саясатты да, экономиканы да және рухани өмірді де қамтитындығымен, ал міндеттердің тек қоғамдық тәртіпті сақтау мен ұстап тұруға ғана бағдарланғандығымен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық міндеттері жалпыға бірдейлік және теңдік сапасына иелік етеді; яғни барлық азаматтар және олардың әрқайсысы тегінен, әлеуметтік және мүліктік жағдайларынан, нәсіліне және ұлтынан, жынысынан, білімінен, тілінен, дінге қатысынан, кәсібінің түрі мен сипатынан, тұратын мекен-жайы және басқа да жағдайлардан тәуелсіз ҚР Конституциясында белгіленген негізгі міндеттерін орындауға тиіс.

Конституциялық міндеттердің жалпыға бірдейлік қағидасы тек Қазақстан Республикасының азаматтарын ғана емес, сонымен бірге оның аумағында тұрушылардың барлығына қатысты. ҚР Конституциясында *азаматтың республиканың конституциясы мен заңдарын сақтау, басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін сыйлау міндеті бекітілген. Сонымен бірге ҚР Конституциясында шетелдіктер мен азаматтықтары жоқ тұлғалар Қазақстан республикасында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын пайдаланды, сонымен қоса заңдарды, мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге қарастырылған негіздерге, жағдайларда және тәртіпке сай міндеттер атқарады деген ереже бекітілген. ҚР Конституциясында азаматтардың Отан қорғауға құқығы бар және міндетті* деп белгіленген. Азаматтар заңда белгіленген шектер мен формаларда әскери қызмет атқарады. Бұл міндеттен заңсыз бас тарту қылмыстық жазаға тартылады. ҚР Конституциясында сонымен бірге азаматтардың ҚР заңдарына *сай салықтар мен алымдар төлеу міндеті* бекітілген. Азаматтың мұндай міндеті бұрынғы кеңес конституцияларында қарастырылмаған болатын. Мұны социалистік жалпыхалықтық меншіктің

үстемдігі жағдайында іс жүзінде бүкіл меншік иесі мемлекет болып, мемлекеттік бюджеттің басым бөлігі социалистік кәсіпорындар мен ұйымдардан түсетін қаржылардың есебінен құралғандығымен түсіндіруге болады. Халықтан алынатын салықтың мөлшері болар-болмас болды.

Азаматтардың салық төлеу міндеті ҚР Конституциясына тұңғыш мәрте біздің мемлекетіміздің рыноктік экономика негіздеріне өтуіне байланысты енгізілді. Бұл, әрине, ақылға сыйымды әрі заңды қадам еді. Жекеменшіктің дамуы, кәсіпкерлік еркіндігі, мемлекеттік меншік аясының елеулі тарылуы салық жүйесіне жаңа көзқараспен байланысты. Салық субъектілерінің саны сапалы өзгеріске ұшырап, салық жүйесі жетілдіріліп, қарапайымдандырылды. Осыған сәйкес салық салынуға тиісті азаматтар мен тұлғалардан түскен салықтардың мемлекеттік бюджеттегі маңызы түбегейлі өзгерді. Бұл арада бұрын салық төлеу міндетін заң жүзінде бекітудің аса қажеттілігі де болмағандығының, өйткені барлық салықтар ерікті-мәжбүрлі жолмен, ұйымдасқан түрде еңбекақыдан ұсталынып отырғандығын және бұл үшін азаматтардың тарапынан ешқандай бастаманың қажет болмағандығының да маңызы болғандығын есте ұстаған жөн. Кәсіпкерлік еркіндігі, экономикалық қызметтің алуан түрлілігі, табыстардың мемлекет тарапынан бақылаусыз және есепке алынбайтын түрліше көздерінің бар екендігі жағдайында салық төлеу енді салық қызметтеріне өз табыстары туралы хабарлауға және табыстары туралы тиісті декларация толтыруға міндетті азаматтардың бастамаларымен байланысты болды. Осыған байланысты салық төлеу міндеті ҚР Конституциясында мемлекеттік бюджетті толтырудың ең маңызды баптарының бірі ретінде бекітілген. Бұл міндеттен жалтару қылмыстық жазалауға алып келеді. Бұл көлеңкелі экономикалық айналым мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатын да

көздейді. Қазақстанда мемлекеттік және муниципалитет қызметкерлерін өзінің табыстары туралы декларация толтыруға міндеттейтін бірнеше заңдар қабылданды.

ҚР Конституциясында сонымен бірге әрбір азаматтың қоршаған ортаға, табиғат қорлары мен тарихи ескерткіштерге қамқорлық жасауға міндеті атап көрсетілген. Адамзат қоғамы тіршілігінің сыртқы аясы ретінде табиғат, әсіресе ғылыми-техникалық прогресс дәуірінде, ерекше қорғауды талап етеді. Бұл қызметті қоғамдық және мемлекеттік құрылымдардың барлық буындары іске асыруда.

Қазақстан Республикасында атмосфералық ауаны және жануарлар дүниесін қорғау туралы көптеген заңдар қабылданған. Олардың көпшілігінде табиғат байлықтарын пайдалану барысындағы азаматтардың мінез-құлық нормалары белгіленген. Азаматтың міндеті — осы ережелерді сақтау және оларды үшінші бір тұлғалардың бұзуларына белсенді қарсы шығу. Табиғат пен қоршаған ортаны сақтау проблемасы Кеңес өкіметі кезінде оларды тағылықпен пайдалану, табиғаттан бермесін тартып алудан қазіргі кезде оларды қайта қалпына келтіру мен құрып кетуден сақтауға ауысты. Бұл, әрине, аса зор материалдық шығындарды, жаңа технологияларды енгізуді, ескірген құрал-жабдықтарды жаңартуды, халықаралық ынтымақтастықты дамытуды т.б. қажет ететін жалпы мемлекеттік іс.

Дегенмен, әрбір азаматтың табиғатты сақтауға шамасының келгенінше қатысуы орны толтырылмайтын табиғи тепе-теңдік пен байлықты сақтап қалуға, сөйтіп, келешек ұрпақтар алдында қарызымызды өтеуге қосылған елеулі үлес болатындығы даусыз.

Сөйтіп, ҚР ағымдағы Конституциясында Конституция мен заңдарды сақтау, салық төлеу, табиғат байлықтарына, тарихи және мәдени мұраларға қамқорлықпен қарау, Отан қорғау қажеттілігі ғана бекітілген. Міндеттер шеңбері саны жағынан құқықтар

тізімінен әлдеқайда тар. Бұл азаматтардың міндеттерінің салалық заңнамаларында егжей-тегжей реттестірулеріне байланысты.

Қазіргі Қазақстанның нақтылы жағдайында ұйымдастырушылық бастауларды күшейту мақсатында азаматтардың міндеттерін, біздің ойымызша, кеңейту және оларды адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына үйлесімділікке келтірген жөн болар еді.

Сонымен, адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары тек жеке мүдделердің көрініс табуы емес. Адам құқықтарының заңды мүдделерді қанағаттандыруға бағытталғандығына қарамастан, олар маңызды қоғамдық қызмет атқарады. Сонымен бірге адамның міндеттері тек қана көпшілік мүдделерінің көрініс табуы емес, олар тұлғаның жеке басының мүдделерін қамтамасыз етуде де елеулі роль атқарады. Бұл жеке адам мен қоғамның мүдделерінің бір-бірлеріне қарама-қайшы тұрмайтындығына байланысты.

Негізгі құқықтарды іске асыру процесінде құқық субъектілерінің, басқа да тұлғалардың, жалпы қоғамның түрлі мүдделері тоғысады. Осыған байланысты негізгі құқықтардың шеңбері мен шегін, оларды іске асыру шарттары мен мүмкін болатын мүдделер қақтығысын шешу тәртібін белгілеу — бір жағынан, социумның қалыпты тіршілік етуінің, екінші жағынан, тұлғаның бостандығының объективтік қажеттілігі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16-шы наурызда «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауын жариялап, елдің саяси жүйесін кешенді жаңғыртудың бағдарламасын мәлімдеп, ел дамуының маңызды басымдықтарын белгілеп берді. Бұл жолдау — еліміздің барлық салаларындағы ауқымды өзгерістердің жоспары деуге болады. Мемлекет басшысының бүгінгі бастамалары еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік-

аумақтық құрылымын едәуір өзгертетіндігіне сеніміміз зор.

Қазақстандық режим-бұл демократияландыру үдерісіндегі жас ел. Қазақстан небәрі 30 жыл тәуелсіз болып табылады, ал демократиялық қайта құрулар уақыт талабы.

Мемлекет басшысының айтуынша, жаңа Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесіміне негізделуі тиіс, бұл елдің үдемелі прогресін және азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруына септігін тигізеді. Президенттің «Өзгерістерді әркім өзінен бастауы тиіс. Біз жеке және қоғамдық құндылықтар жүйесін қайта жүктеуіміз керек» деуі де көңілге қонымды.

Бұл жолдау — еліміздің барлық салаларындағы ауқымды өзгерістердің жоспары деуге болады. Президенттің бюрократизацияға және аймақтық биліктің өкілеттіктерін нақты кеңейтуге баса назар аударуы да мақұлдауға лайық.

Мемлекет басшысының: «Біздің мұратымыз — Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан дегеніміз — егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған. Біз әр қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді қадам басамыз. Жаңа Қазақстан — жаңару мен жаңғыру жолы, бүгінгі буынның болашақ ұрпаққа аманаты. Ендеше, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік», - деп 2022 жылғы 16-шы наурызда «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауындағы сөзі көңілге үміт ұялатып, бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Президенттің жолдауы бізге өркендеу, биіктерге жету және тұрақтылық жолында күш береді.

2022 жылдың 5 мамырында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Конституциясының 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық

референдум туралы» конституциялық заңның 18-бабына сәйкес, Ата Заңымызға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін Республикалық референдум өткізу туралы Жарлығы шықты. Соған орай, ел өміріндегі аса маңызды референдум осы қаулыға жарлық шыққан күннен тура бір айдан кейін, нақтырақ айтқанда, 5 маусым күні өткізілді. Осылайша, 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, 2022 жылдың 8 маусым күні соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциясы 9 бөлім, 99 баптан тұрады, яғни Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес Конституция 99-баппен толықтырылды.

- Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламенті бар президенттік формаға көшті;
- Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі;
- Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы жоқ;
- Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады;
- Өлім жазасына тиым салынды. Ешкімнің адам өмірін қиюға құқығы жоқ;
- Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады;
- Сенаттағы президенттік квота қысқарады, мәжілістегі ҚХА квотасы жойылды;
- Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушылардың қалауы бойынша шақыртып алуға мүмкіндік береді;
- Тұңғыш президенттің ерекше ролі мен артықшылықтары туралы ережелер алып тасталды.

2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда қабылданған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулардың бұрынғы конституциялық

нормалар мен ережелердің өзгерістерімен салыстырғанда бірегей ерекшеліктері бар. 1995 жылы Конституция референдум арқылы қабылданған, оған бес рет Парламент арқылы өзгеріс енгізілген еді. Сонда биылғы Конституцияға енген өзгерістерді референдум арқылы қабылдау тәуелсіз Қазақстан тарихында екінші рет болып отыр.

Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мақсаты – Мемлекет басшысының наурыз айындағы Жолдауында көрсетілген саяси реформалардың берік құқықтық негізін қалыптастыру.

Қазақстандағы құқықтық реформа тек Қазақстан Конституциясының өзгеруін ғана емес, сонымен қатар сайлау заңнамасындағы өзгерістерді, Президент пен Парламенттің құзыретін, саяси партиялар, кәсіптік одақтар мен үкімет құрылымы туралы заңнаманы, сондай-ақ басқа да мәселелерді қамтыды. Мемлекет басшысы өз сөзінде мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатқанын, конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсететінін баса айтып өткен еді.

Елімізде жүргізілген Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашып, барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталып, заңның үстем болуына, барлық салада тәртіп пен әділеттіліктің орнауына бағытталып отыр.

Құқық үстемдігі ең алдымен адам құқықтарының үстемдігі. Конституцияға түзетулер енгізу арқылы адам құқықтары кепілдіктерінің нақты институционалдық жүйесі белгіленді. Адам құқығын қорғау тетігі бар жерде құқық бар.

Осылайша, келесі қорытынды жасауға болады:

1. 2022 жылғы Конституцияға енгізілген өзгерістер Қазақстанның прогрессивті, демократиялық дамуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашты және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың тиімділігін

күшейтеді және бізді «Әділетті қоғам мен тиімді мемлекет» құру жағына, шынайы Жаңа Қазақстанға, Екінші Республикаға қарай одан әрі жақындататын болады санаймыз.

2. Құқықтық мемлекеттегі Конституция-бұл мемлекетті құқықпен шектеу құралы. Бұл Конституция адам құқықтары мен бостандықтарының заңды кепілі болып табылады. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық-құқықтық негіздері Адам құқықтары мен бостандықтары басымдығының, құқық шығармашылығы мен адам құқықтарын құқық қолдану байланысының, ҚР Конституциясының үстемдігі мен тікелей қолданылуының, халықаралық-құқықтық нормалардың ұлттық заңнама нормаларынан басымдығының конституциялық-құқықтық қағидаттарын құрайды. Бұл қағидаттар ҚР Конституциясында тікелей бекітілген, сондай-ақ оның жалпы мағынасынан шығарылады.
3. Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер бірыңғай конституциялық-құқықтық институтты құрайды. Негізгі конституциялық құқықтар, бостандықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының Негізгі Заңында нысан бойынша да, мазмұны бойынша да бекітілген. Бұл конституциялық құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің мазмұны оларды азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің бүкіл жүйесінен ерекшелендіреді, оларды жеке тұлға үшін құқықтық мәртебеде шешуші мәнмен қамтамасыз етеді.
4. ҚР Конституциясы адамның мемлекетпен қарым-қатынасының жаңа Ережелерін бекітті. ҚР Конституциясы адамның мемлекет алдындағы басымдығын, оның құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығын белгілейді.

Адам құқықтарының басымдығы оның құқықтары мен бостандықтарын дұрыс пайдаланғаны үшін жауапкершілікті алып тастамайды және сонымен бірге адамның мемлекетке құқықтарын қамтамасыз ету үшін жауапкершілік жүктейді. Ерекше құқықтық байланыс жасалады: мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігі, ол соңғысының бостандығынан тартынбайды, бірақ тек барлық адамдар мен қоғамның тұтастығын ақылмен үйлестіруге тырысады. Жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын толық және тиімді қорғау мақсатында республиканың құзыретті мемлекеттік органдарының құқық қорғау функцияларын күшейту қажет деп санаймыз.

1.3. Адам құқықтары мен бостандықтарын конституциялық-құқықтық реттеу

Адам құқықтары мен бостандықтарын конституциялық-құқықтық реттеудің жалпы үрдістерін қарастырудан бұрын конституция ұғымына қысқаша тоқталамыз. Қазіргі ұғымдағы жазба конституциялар тұңғыш рет осыдан екі жүз жыл бұрын капиталистік қоғамның қалыптасу дәуірінде пайда болды. Олар 1787 жылы АҚШ Конституциясы, 1791 жылы Польша мен Францияның конституциялары еді. Осы саяси-құқықтық актілердің негізгі мақсаты капиталистік қатынастардың, қоғамның экономикалық, саяси және рухани аяларда еркін дамуының қайтымсыздығының кешілі болу еді, бұл актілер қоғамның тарихи дамуына феодалдық кедергілерді жоюға жәрдемдесуге тиіс болды.

Осыдан келіп, буржуазиялық қоғамға дейінгі дәуірлерде конституция болды ма деген сұрақ туындайды. Біздіңше, буржуазиялыққа дейінгі қоғамдарда, шын мәнісінде, конституция болған емес. Дегенмен, тарихи-құқықтық әдебиетте патшаның не істеуі керектігі, сөйтіп,

оның билігін шектеу жөнінде жеке конституциялық хартиялар болғаны рас. Оның бір мысалы – 1215 жылы Англия королі бекіткен Еркіндіктердің Ұлы Хартиясы болып табылады. Осыған ұқсас басқа да актілердің болғандықтары белгілі.

Бірақ Конституция идеясының азамат пен адамның құқықтары мен бостандықтары идеясымен бірігуі тек буржуазиялық революциялар тұсында анық көрініс тапты. Ол тұста «патша» үшін жазылған жағымсыз конституциялық хартиялар, этатистикалардың (олар патшаның не істемеуі керектігін ғана растаған) орнына мемлекеттің қорғауындағы формалды теңдіктің адамдық құндылықтары мен адамның жеке бостандығына бағдарланған «жағымды конституциялық хартиялар» келді. Францияда буржуазиялық революцияның басында 1789 жылы қабылданған «Адам мен азамат құқықтарының декларациясында»: «Құқықтардың пайдалануын қамтамасыз етпеген және биліктер бөлінбеген қоғамның конституциясы жоқ» деп жазылуы тегін емес.

Конституцияны тұжырымдамалық тұрғыдан екі мағынада – тар және кең түсіну қажет. Тар мағынада – Конституция бұл жоғарғы заң күші бар, қоғамдық тәжірибеде іске асырылатын теориялық тұжырым мен әлеуметтік-саяси үлгінің нормативтік көрінісі болып табылатын мемлекеттің негізгі заңы. Бұл сапалы қоғамдық байланыстар мен мемлекеттік билік қатынастарын мемлекеттік-құқықтық реттеу негіздерін орнататын заң. Бірақ конституцияның бар екендігі іс жүзінде конституционализмнің бар екендігін білдірмейді. Мысалы, тарихтан конституциялары іс жүзінде болған, бірақ конституционализм иісі де сезілмеген мемлекеттердің өмір сүргендігі белгілі. Мысалы, КСРО-да азаматтардың барлық құқықтары жарияланғанымен, конституционализм болмады, өйткені жарияланған құқықтар мен

бостандықтар қамтамасыз етілмеді, демократия институттары болмады. Бұл тұрғыдан конституцияны кең мағынада түсіну маңызды. *Кең мағынада* конституция — бұл конституциялық құрылыстың құндылықтары, институттары мен нормалары: адам ең жоғарғы құндылық, оның құқықтары мен бостандықтарының үстемдігі, халық егемендігі — ресми бекітілетін ең жоғарғы құқықтық форма болып табылады.

Қазіргі кезде егеменді мемлекеттердің 200-ге жуық жазылған конституциясы, федерация субъектілерінің 300 негізгі заңы (конституциялар, жарғылар), (Бразилияда, Германияда, АҚШ пен Ресейде) бар, кейбір автономиялық құрылымдар да өз конституцияларын қабылдаған (мысалы, 1998 жылы Қырым автономиялық республикасының Конституциясы).

Адам құқықтары мен бостандықтарын шектеу әділеттілігінің өлшемдерін конституциялар деңгейінде қарастыру конституцияның бірегейлі ерекшеліктеріне байланысты, өйткені ол тек нормативтік-құқықтық ант қана емес, сонымен бірге оның саяси-нормативтік құжат екендігіне, сонымен бірге тек қана құқықтық қатынастар емес, конституциялық-құқықтық қатынастардың ерекшеліктерімен байланысты. Конституциялық құқықта бұл мәселе С.А.Авакьянның еңбектерінде зерттелген [62, 31 б].

Конституциялық қатынастар жалпы қатынастар болып табылады. Дегенмен, кейбір авторлар сапалық құқық қатынастары да жалпы бола алулары мүмкін деп санайды [63, 26 б].

Бұл жалпы құқықтық қатынастарды адамның жеке конституциялық құқықтары деген ұғыммен байланысты идеяға қарама-қайшы келді [64, 146 б].

Л.Д.Воеводиннің пікірінше, бұл жерде әңгіме оларға байланысты тұрғыларынан нақтылы-реттестірушілік қарым-қатынастар қарастырылатын талаптар мен

бағаларды қолдануға болмайтын құқықтық байланыстардың ерекше түрі туралы болып отыр [65, 103 б].

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдерінде, түрліше мемлекеттер мен мемлекеттік құрылымдардың негізгі заңдарында әртүрлі мақсаттар қойылып, қоғам, мемлекет түрліше бірлестіктердің – ұжымдардың, тұлғаның (адам мен азаматтың) дамуларының түрліше басымдықтары тұжырымдалған.

Дегенмен, Конституция қоғам дамуының белгілі сатысының және оған байланысты қоғамдық сананың жемісі (әрине, оның мазмұнына жобаны жасау кейіндегі конституция авторларының субъективтік пікірлерінің де әсері болатыны даусыз) болып табылады. Сол себепті қазіргі кездегі түрліше мемлекеттердің конституцияларының араларында көптеген ұқсастықтар бар. Кейбір бағдарламалық қағидалар барлық конституцияларда сәйкес келеді [66, 16 б].

Осындай көп тараған идеялардың бірі – демократиялық, әлеуметтік, құқықтық мемлекет идеясы болып табылады. Жазба конституциялардың шығу кезеңінің алғашқы сатысында құқықтық мемлекет либералдық мемлекетпен, «түнгі күзетші – мемлекетпен», азаматтық қоғаммен байланыстырылды. Бұл, әрине, мемлекеттен бөлек тұратын «азаматтық қоғам» терминін конституцияларға бұрын белгісіз болған және қазірде белгісіз екендігін білдіреді.

Бірақ қазір конституциялар ұзақ уақыт барысында адам құқықтарын демократияландыру мен қалыптастыру тарихының мемлекет пен тұлға араларындағы қатынастарды либералдандыру процесі ретінде көрініс табатындығына қарамастан, «азаматтық қоғам», «мемлекет – түнгі күзетші» тұжырымынан бас тартты. Бұл үрдіске ұжымдастыру қарсы қойылды. Осыдан келіп, екі тартымды, бір-біріне қарама-қарсы идеяны бөліп көрсетуге болады: бір жағынан, тұлғадан

мемлекетке қарай, екінші жағынан — мемлекеттен тұлғаға. Біздің төлтәжірибеміз бен қазіргі демократиялық мемлекеттердің практикасы қоғамдық даму үшін шектен шыққан жекедарашылдықтың да, «авторитарлық ұжымшылдықтың» да бірдей зиянды екендігін дәлелдейді. Екі жағдайда да шектен шығушылық орын алады. Тұлғаның басымдығының үлгісі шектен шыққан жекедарашылдық пен өзімшілдікті, ал қоғамдыққа басымдылық беру үлгісі «тоталитарлық ұжымшылдық» туғызулары мүмкін.

Жалпы айтарымыз, дүние жүзінде қазіргі кезде мемлекеттің реттеушілік ролі мойындалған, ол қоғам өмірінің барлық аяларына, ең алдымен экономикаға белсенді араласуға, стихиялы дамудың кемшіліктерін түзетуге тиіс.

Қазіргі жағдайларда либерализмнің жас демократия мен адамның табиғи құқықтары доктринасы елдеріндегі конституциялық процестің бастауы ретіндегі маңызы мыналарға келіп тіреледі:

- шын мәнісіндегі іргелі өзгерістердің басты өлшемі тұлғаның мәртебесі, мемлекеттің, қоғамның, азаматтардың өздері мен бірлестіктерінің оның құқықтары мен бостандықтарына көзқарасы болып саналады;
- либерализм шеңберінде адам биліктік қатынастардың «тетігінен» объектінен олардың субъектіне айналатын — азаматтық тұлғаға айналатын қоғамдық дамудың персонцентристік үлгісіне бағдарлайды;
- либерализмнің шешуші ролі адамды ең жоғарғы құндылық деп тануда.

Жоғарыда аталған өзгерістерден бастау ала отырып, тұлғаның қоғамдағы жағдайын конституциялық реттеу де өзгерді. Егер бұрын адам оқшауландырылған жеке тұлға ретінде қарастырылса, қазір ол қоғам мүшесі, ал қоғам мен тұлғаның мүдделері қарама-қарсы қойылмайды. Оның үстіне адам әртүрлі ұжымдардың

мысалы, отбасының, еңбек ұжымы, түрліше қоғамдық бірлестіктер т.б. бөлігі ретінде қарастырылды. Қазір ұжымдардың қоғамдағы ролі де басқаша қарастырылуда.

Осыларға байланысты қазіргі конституцияларда адамның «табиғи», бұзылмас, «ажыратылмайтын» құқықтары тұжырымдамасына көзқарас өзгерді. Бұл тұжырым қазір адамның позитивтік құқықтары тұжырымдамасына қарсы қойылмайды. Аталған екі көзқарас та «бейбіт қатар» өмір сүруде. Сол себепті адамның кейбір құқықтары мен бостандықтарын жалпы мүдделерді сақтау мақсатында шектеу де рұқсат етіледі. Мысалы үшін, 2001 жылы АҚШ-та, 2002 жылы Ұлыбритания мен Германияда қабылданған кейбір заң актілерінде лаңкестікке қарсы әрекет жасау үшін қоғамның мүддесіне кейбір «табиғи» құқықтарға елеулі шектеулер қойылды.

Егер алғашқы жазба конституцияларда негізінен жоғары мемлекеттік органдардың қызметі мен адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары реттестірілген болса, қазіргі конституцияларда қоғамдық құрылыстың негіздерін реттестіруге елеулі назар аударылған.

Қазір конституциялар қоғамның экономикалық жүйесінің, әлеуметтік қатынастардың және рухани қатынастардың кейбір негіздерін кеңінен реттестіреді. Жалпы алғанда конституциялар қазіргі қоғамның мәнін сипаттайтын қатынастардың қаңқасын құрайды.

Экономика саласында меншікке жаңа қатынас орнады. Әңгіме меншіктің көптүрлілігін бекіту, олардың теңқұқығы мен жеке меншікке көзқарастың түпкілікті өзгеруі туралы болып отыр. Егер тұңғыш жазба конституциялар дәуірінде «қасиетті және қол сұғуға болмайды» деп жариялануына байланысты жеке меншікті қорғау мәселесі өзекті болса, (француздың Адам және азамат құқықтарының декларациясының 17-бабында бекітілген), қазіргі конституциялар бұл мәселені қарама-қарсы тұрғыдан реттестіреді. Қазір меншік иесіне

міндеттер жүктелінеді, меншік міндеттейді, ол қоғамда әлеуметтік қызмет атқаруға тиіс және оны шектеуге немесе иесінен алып қоюға да болады. Заңды негіздерде мүлікті иеліктен алуға рұқсат етіледі, ал қоғамның мүдделері қажет етсе, оған заң шығару жолымен негіз табуға болады. Кейбір конституцияларда ерекше мемлекеттік меншік нысандарының белгіленетіндігі де маңызды факт болып табылады. Жалпы алғанда, экономиканы конституциялық реттеу процесінде маңызды басымдық ретінде әлеуметтік бағдарланған экономика көрініс береді.

Қазіргі конституциялар үшін олардың әлеуметтік қатынастар аясында мынандай конституциялық басымдықтарды — әлеуметтік диалог, әлеуметтік ынтымақтастық және әлеуметтік әділеттілік белгіленулері жаңалық болып табылады. Рас, қазіргі конституцияларды жазушылар қоғамдағы қарама-қайшылықтарды жоққа шығармайды. Бірақ мұндай қарама-қайшылықтарды шешерде қоғамның «жалпы істеріне» байланысты әлеуметтік ынтымақтастықты іздестіру жолында ымырагершілікке қол жеткізу принципін сақтаудың маңызы зор, яғни бұл салада басымдықтар әлеуметтік әділеттілік, ынтымақтастық пен әріптестік болып табылады. Әлеуметтік ынтымақтастық, әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік әріптестік идеялары Италияның, Португалияның, Египеттің, Чехословакияның, Польшаның және басқа да бірсыпыра елдердің конституцияларында көрініс тапқан. Көптеген конституцияларда ұлтаралық, дінаралық ж.т.б. араздықтарды қоздыру заңмен жазаланады деп тікелей атап көрсетілген.

Көптеген конституцияларда халықтың күнкөрісі төмен топтарына мемлекеттік қолдау көрсету, мемлекеттік қолдаудың деңгейінің ең төменгі күнкөріс минимумынан төмен болмауы керектігі туралы ереже т.б. бар. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы еңбекақының ең төменгі деңгейін, жасына, науқастану,

мүгедек, асыраушысынан айырылған және басқа да заңды негіздерде әлеуметтік қамтамасыз етуді қарастырған. Қазіргі конституциялардың әлеуметтік қатынастарды реттестірудегі басымдықтары — шектен шыққан әлеуметтік теңсіздікті жұмсарту, адамның өмір сүруіне лайықты күнкөріс минимумын, мемлекет пен қоғамның тұрмыстары нашар топтарға көмегін қамтамасыз ету болып табылады.

Тұлға жағдайының конституциялық басымдылықтары

Қазіргі конституциялық құқықта адамның жағдайы тек оның саяси (бірлестіктер, жеке басына қол сұқпау, жүріп-тұру еркіндігі, т.б. құқықтары) ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтармен де байланысты. Бұл құқықтар (еңбек ету, тынығу, білім алу, зейнетақыға және денсаулығын қорғауға т.б. құқықтар) барлық жаңа конституцияларда орын алған.

Қазіргі конституциялардың басымдығы бірыңғай адам құқықтары емес, оның лайықты өмір сүруі, өзінің әрбір азаматына мемлекет пен қоғам қамтамасыз етуге тиісті белгілі бір тұрмыс деңгейі болып табылады. Қажетті өмір сүру минимумы, еңбек ақының ең төменгі деңгейі туралы ережелер (АҚШ-та сағат бойынша, Ресейде айлық) көптеген елдің заңнамаларында бар. Сонымен қатар соңғы жылдары әлеуметтік мемлекет тұжырымдамасының сыналуына байланысты қоғам мен мемлекет тек адамның негізгі қажеттіліктерін ғана қанағаттандырулары тиіс, бұл кісінің жатып ішерлікті тоқтатып, өзі мен отбасына қамқорлық жасауына жәрдемдеседі деп айтылып келді. Конституцияларда қызметкердің кәсіпорынның қызметі (зауыт кеңес-тері) мен табыстарына қатысуға, қызметкердің асырауындағы отбасы мүшелері үшін қосымша (мұндай қосымша төлемдерді мемлекет көтереді) төлемдер алуға құқығы туралы ережелер де бар.

Көптеген елдердің конституцияларында тұлғаның қоғам мен мемлекетке байланысты міндеттері туралы ережелер енгізілген, бұл жекедарашылдық басымдықтардан тағы да бір шегініс болды. Жаңа конституцияларда ұжымдық құқықтар дамытылуда, (бұрынғыларында тек жеке құқықтар туралы ғана айтылатын).

Конституцияларда бұл терминнің жоқтығына қарамастан, қазіргі мемлекет *еңбекке қолайлы жағдай туғызатын* жұмысшы мемлекет болуы керек деп саналады. Мемлекеттің бұл тұжырымдамасы кейде сынға алынады, өйткені ол адамның мемлекет қамқорлығына сенімін арттырып, белсенділігін төмендетеді деп саналады. Қазіргі конституциялардың маңызды ерекшелігі – мәселелерді қоғамдық мүдде тұрғыларынан пайда болуының бастапқы кезеңдерінде олардың аспап-құралдық маңызы болды, олар мемлекеттік билік пен адамның қарым-қатынастарын, ең алдымен соңғының «табиғи» құқықтары тұрғыларынан реттестірді.

Конституциялық материяның мазмұнындағы өзгерістер бірінші дүниежүзілік соғыс кезі мен одан кейінгі революциялық оқиғаларға байланысты орын алды. Тұңғыш рет Мексиканың 1917 жылғы конституциясында (осы кезге дейін әрекет етіп келеді) «халықтың экономикалық, саяси және мәдени деңгейін үздіксіз жақсартып отыру» міндеттері, табыстар мен байлықты жеке адамдар мен әлеуметтік таптар араларында бөлісу т.б. міндеттері туралы айтылған болатын.

Саяси жүйе аясында жаңа конституциялар мемлекетке байланысты аталған ережелерден басқа мемлекеттік билікке қол жеткізу үшін теңқұқықты жарыстық күреске жағдайлар жасауда, бұлар бірінші кезекте саяси партияларға, тіпті олардан басқаларға да тиісті. Әртүрлі қысым жасау топтарының да, қоғамдық пікірлердің де елдердің көпшілігінде қоғамдық бірлестіктердің араларында сайлауда кандидаттарды

тек саяси партиялардың ғана ұсына алатындығына қарамастан (өзін-өзі ұсынуға және сайлаушылардың тобының ұсынуымен қатар), едәуір ықпалы бар. Саяси жарысушылық, Чехияның конституциясында (1993 жылы күшіне енген) белгіленгендей, саяси жүйенің әрекет етуінің негізгі принципі болып табылады. Әрине, бұл саяси плюрализмді қажет етеді. Осыған ұқсас тиісті тұжырымдау РФ Конституциясында да бар, (партияның ролі туралы ережелер мұнда жоқ).

Қоғамның *рухани өмірі* аясында демократиялық конституциялар жалпы принцип-идеологиялық плюрализм орнатады.

Бірақ қазіргі кезде конституцияның ролі елеулі өзгерістерге ұшырады. Бүгінде ол адам мен билік араларындағы қатынастарды реттеуші және біріншісінің бостандығына кепілдік беруші құжат қана емес. Қазіргі қоғамның конституциясы өз нысандарын жаңаша белгілейді. Ол тек мемлекет пен тұлға ғана емес, сонымен бірге — *тұлғаның, ұжымның, мемлекет пен қоғамның* өзара байланыстарының жүйесі.

Бұл элементтер қазіргі конституцияның басты құрамдық бөлшектерін құрастыра алады деуге болады. Қазіргі конституция — тек мемлекеттік билік пен адамның «қоғамдық келісімі», «тап күресінің» нәтижелерін бекіту (Лассаль Ф., Ленин В.И.) ғана емес, тарихта мұндай конституциялардың болғандықтары да белгілі (Францияны, Ресейді еске түсірейік), сонымен бірге қоғамның әртүрлі әлеуметтік күштерінің жарысуының, ымыралары мен келісімдерінің қорытындысы, бұрынғы жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтап, дамытушы және жаңаларын тұжырымдап, бекітуші құжат. Көптеген жаңа құндылықтар нақ осы ХХ ғасырдың соңындағы заңдарда қысқаша тұжырымдарын тапты. Қазіргі конституциялар өткеннің жалпыадамзаттық құндылықтарын қабылдап, оларды жаңа деңгейге көтеруде және жаңа басымдықтарды — еркін,

әлеуметтендірілген әрі ұжымдастырылған қоғамның лайықты өмір сүру деңгейіндегі адамның басымдықтарын тұжырымдауда. Көптеген жағдайларда бұлар әлі де шындық емес, бағдарламалар, бірақ бұл бағыттағы даму жалғасуда.

Жеке елдердің конституциялық нормаларын талдау олардың көпшілік және жеке мүдделердің бірлігі қағидасына негізделгендерін көрсетті.

2. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

2.1 Адам құқықтарын қорғау – мемлекеттік органдар қызметінің негізін қалаушы қағида

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп жариялады, ал адамның құқықтары мен бостандықтарын тануды, сақтау мен қорғауды мемлекеттің міндеті деп белгіледі. «Адамның құқықтары мен бостандықтары – дүниежүзілік қауымдастық меңгерген, тиісті халықаралық-құқықтық актілерде мойындалған және бекітілген, әлеуметтік және заңды түрде қамтамасыз етілген адам мінез-құлқының өлшемі, әркімге тиесілі, ол үшін қажетті мінез-құлық нұсқасын таңдауға, оған байланысты ешкім де қандай да болмасын шектеулер мен тыйымдар сала алмайтын әркімнің ажырамас және ажыратылмас қабілеті» [67, 77 б].

Адам құқықтарын қорғау – тек біздің республикамыз үшін ғана емес, дүниежүзінің көптеген өркениетті елдері үшін де күрделі және шешуі қиын проблема. Адам құқықтарын жариялау, адам құқықтары туралы халықаралық құжаттарды мақұлдау жеткіліксіз, алдымен осы құжаттарды қорғаудың әсерлі механизмін жасау қажет.

Социалистік мемлекет жағдайларында адам құқықтарын тоталитарлық, мемлекеттік-құқықтық режим жүйесі бұзды. Н.И.Матузов пен А.В.Малько дәл атап көрсеткендей: «Осы кезде адам құқықтары анархия мен бейберекетсіздіктен, балғын посткоммунистік демократияның кемшіліктерінен, қарама-қарсы тұрушы бұзушы процестерден азап шегуде» [68, 122 б].

Қазақстанның барлық «ескі» социалистік құндылықтарды жоғалту және жаңа идеялар мен

құндылықтардың нашар қалыптасуымен сипатталатын әлеуметтік ауытқушылық кезеңін басынан кешіріп отырғандығы белгілі. Бұған әлеуметтік шиеленіс, саяси тұрақсыздық, сыбайлас жемқорлық, нарықтық экономиканың қалыптасу қиыншылығы, қоғамның құқықтық санасындағы нигилизм және басқа да көптеген факторлар кедергі келтіруде. Адам құқықтары мен бостандықтары институтының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті әлеуметтік орта әлі де болса қалыптаса қойған жоқ, бірақ мемлекеттік органдар тарапынан адам құқықтарын қорғауға бағытталған әрекеттер бар. Қазақстандағы конституциялық құрылыстың және құқықтық мемлекеттің ұйымдасуы мен қызметінің конституциялық қағидалары негіздерінің қатарында адам құқықтары жоғарғы әлеуметтік құндылықтар ретіндегі ерекше басымдылыққа ие, құндылық. «Мемлекеттік аппараттың ұйымдасуы мен қызметінің қағидалары деп оның құрылысы мен қызметінің негізіне алынған аса маңызды шешуші идеялар мен тұжырымдарды түсіну қажет. Олар мемлекеттік аппараттың «әлеуметтік таптық мәнін, әлеуметтік мазмұны мен қызметін, негізгі міндеттері мен мақсаттарын көрсетеді» [69, 170 б].

Қазіргі демократиялық қоғамда адамның мүдделері, құқықтары мен бостандықтары басымдық жағдайда, олар көпшілік мүдделерімен үйлесімде болулары тиіс. Олардың араларында туындайтын нақтылы қарама-қайшылықтар адам мүдделерінің пайдасына, оның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мақсаттарында шешілулері тиіс. Адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының басымдығы қағидасы конституцияның бүкіл мазмұнынан сезіліп тұр. Бұл заң шығарушылық және заңды қолдану практикасын анықтауға тиісті конституциялық шындық. «Басқа барлық конституциялық қағидалар — халықтардың тең құқылығы мен өзін-өзі басқаруы, мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігі, мемлекеттік тұтастығы мен аумақтық

бірлігі т.б. біртекті, бірақ адамның құқықтарын мойындау, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғарғы құндылық деп танудың конституциялық қағидалары бағынышты ретінде қарастырылуға тиіс» [69, 516 б]. Адам құқықтарын жоғарғы құндылық ретінде мойындаудың конституциялық қағидаларынан мемлекеттің бірқатар міндеттері келіп шығады: азамат пен адамның құқықтары мен бостандықтарын мойындау, оларды сақтау және қорғау.

Қоғамды реформалау процесінің табыстылығы немесе сәтсізділігінің негізгі көрсеткіші ең алдымен адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалғандығы мен қамтамасыз етілгендігі болып табылады. Адам құқықтары жағдайының бағасы қоғамның барлық аяларының — саяси, мәдени, әлеуметтік-психологиялық жағдайын ашып береді. Н.А.Шайкенов «адам құқықтары» термині» негізінен жалпыгуманистік жүктеме тартады және адам құқықтарының мақсаты адамның лайықты өмір сүруінің алғышарттарын қамтамасыз ету деп есептейді. Бұл мағынада адамның құқықтары бірінші және қарапайым, сол себепті ұлттық және ұлтаралық шекаралардан тәуелсіз, жалпыға ортақ» [70, 160-161 бб]. Е. Жовтис былай деп жазады: «бұл дүниеде барлығы да өзара байланысты: құқықтық демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу мен сақтау және демократиялық саяси жүйе, ерікті риясыз және әділ сот пен тәуелсіз баспасөз, мейірімді түрме жүйесі мен қуатты құқық қорғаушылық қозғалыс, азат қоғам мен азаматтардың өздерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі [71, 212-215 бб]. Қоғам дамуының бүкіл тарихы тұлғаның, халықтың, бүкіл қауымның-қорғалуына, яғни адамның құқықтарына шоғырланады және олардан көрініс табады. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау қазіргі кезде ең осал проблемалардың бірі болып қалып отыр. Қоғамның өмір қабілеттілігі мен әдебі ең алдымен оның азаматтарының көңіл-күйлеріне, оның

құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесіне байланысты [72, 61 б].

Мемлекеттің ролі туралы айта келіп, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев екінші кезеңде – 1995 жылдан 2000 жылға дейін, 1995 жылғы референдумда халық қабылдаған конституцияның негізінде қазіргі замандық демократиялық институттарды құру мен нығайтуға, жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Оған сүйене отырып, біз Қазақстанды шын мәнісінде демократиялық институттар әрекет ететін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілген елге айналдыру үшін берік негіз қаладық деп атап көрсетті.

Тұлға мен биліктің өзара әрекеттесулерін антиэтатистік түсіндіру күшті мемлекеттілікке қарсы емес, керісінше, оның қалыптасуы мен дамуын қолдайды. Қазіргі кезде мемлекеттің ыдырап, мемлекеттік идеясының шегінісі артта қалды. Қуатты мемлекет – бұл құқықтық мемлекет. Өзінің гуманистік саясатын құқық нормаларының негізінде іске асыратын мемлекет тұлға үшін оны қорғаудың ең басты құралдарын берік қамтамасыз етеді. Бұл жөнінде профессор Ю.А. Тихомиров былай деп атап көрсетті: «Ресей заңнамасының даму динамикасын, оның салалары мен бөлімдерінің арақатынасын болжауға, азаматтар мен мемлекеттің мүдделерін, экономиканың әлеуметтік және саяси аялардың мүдделерін көздей отырып, таяу болашақта басымдылықты заңдар мен олардың қабылдау кезектілігін анықтауға мүмкіндік беретін қазіргі замандық ғылыми тұжырымдама керек» [73, 5 б].

Құқықтық саясатты оның тұлғалық өлшемінде қарастыру, құқықтық саясаттың тар мағынада құқықты жалпы гуманизм қағидаларында белгілеу және қолдану саласындағы тактика мен стратегияны жасау және іске асыру болып табылады. Кең мағынада бұл ең алдымен

Конституцияға, халықаралық құқық нормаларына негізделінген, тұлғаның мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын оның міндеттерімен өзара әрекеттесулерінде іске асыруға бағытталынған құқықтық механизмнің қызметі мен қайта жаңғыруын қамтамасыз етуші идеялардың, мақсаттардың, іс-шаралар мен тәсілдердің жүйесін біріктіретін барлық мемлекеттік органдардың қызметі. Қоғамда адам құқықтарын әсерлі іске асырудың сыртқы және ішкі қауіптері бар. Ішкі қауіптерге адамның заңдық, құқықтық құндылықтарға жағымсыз көзқарасын жатқызуға болады. Олар құқықтық нигилизмнің түрліше формаларында көрініс табады. Бұл құқыққа, заңдарға, адам құқықтарына, нормативтік тәртіпке, жалпы жағымсыз – теріс көзқарас. «Бұл арада шешуші сәттердің бірі ретінде құқыққа өркөкіректік-жақтырмаушылық, менсінбеушілік, мысқылды-сенбеушілік тұрғыдан қарау, оны іргелі, негізгі идея деп бағаламай, адам құндылықтарының сөресіндегі екінші қатардағы құбылыс деп санау болып табылады. Ал бұл, өз кезегінде, қоғамның өркениеттілігінің өлшемін, оның рухының көңіл-күйінің, әлеуметтік сезімдерінің, әдеттерінің жағдайын сипаттайды [68, 405 б].

Адамдардың құқықтық санасында адамдардың құқықтарының қорғалғандығына және мемлекеттің оған кепілдік беру жөніндегі ниетінің шындығына сенімсіздігін білдіретін құқықтық нигилизм үстемдік етеді. Оның себептері көп: кеңес заманында мемлекеттік құқықтың мемлекеттің құқықтық ниетін білдіруші формалдық белгі, перде болғандығының тарихи дәстүрлері; авторитарлық режим құқықты кеңес шындығын жасыратын екіжүзділік – бүркемелеуші перде ретінде пайдаланғандығы т.б. құқықтың жазалаушылық мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды. В.А. Туманов ел басқарудың ұжымдық әдістерінен бас тартып, құқықтық мемлекет жолына түсіп, адамдар өздерінің құқықтар және бостандықтарын пайдалануға мүмкіндік ала салысымен,

қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейінің төмендігі, ондаған жылдар бойы онда үстемдік құрып келген құқық менсінбеушілік, оны жете бағаламау айқындалып шыға келді. Құқықтық нигилизм құқықтың қажет болған кезінде, құқық қажет болмаған кезбен салыстырғанда анағұрлым анық көрінді дейді [74, 52 б]. Құқықтық нигилизм — әлеуметтік қатынастардың жемісі, оның себептері көп. Оған құқықтық нигилизмнің басты дем берушілерінің бірі — қылмыс жатады.

Біздің мемлекетіміздің дамуының өтпелі кезеңі саяси және экономикалық жағдайдың тұрақсыздығымен, құқық аясынан тыс жүргізілген меншікті қайта бөлісу, капиталдың алғашқы шоғырлануы, халықтың белгілі топтарының тұрмыс-күнкөріс жағдайларының қайыршылық шегіне жетумен, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен мемлекет меншігін жекешелендірумен сипатталады. Бұған мемлекеттік шенеуніктердің сыйбайлас жемқорлығын, мемлекеттік аппараттың қызметіндегі бюрократизмді, құқық қорғаушылық және түзету органдарының қызметтеріндегі ауытқушылықтар туралы жағымсыз ақпараттың қол жетімділігін қосуға болады. Азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімі төмен болса, әлеуметтік капитал төмен болады, онсыз мемлекет күшті бола алмайды. Ол құқықтық нигилизмнің заңды жаппай сақтамаушылық, заңдар соқтығысы, заңдылықты саяси, идеологиялық немесе практикалық қажеттілікпен алмастырушылық адам құқықтарының бұзылуы сияқты жаппай көріністеріне алып келеді. Азаматтардың нашар құқықтық қорғалуы олардың заңға деген, мемлекеттің қоғамда тәртіп пен тыныштық орнатуға, адамдарды қылмыстық қастандықтардан қорғай алуға қабілеттілігіне сенімін жоғалтады.

Сыртқы қауіптер — бұл адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндетті мемлекеттік

органдардың қызметіндегі теріс қылықтар. Оларға: адам құқықтарын қамтамасыз етуші қоғамдық қатынастардың құқықтық реттестірілуінің жарым-жартылайлығы мен қарама-қайшылығы; заңдарда әлеуметтік құндылықтардың басымдықтарының толығымен жоқ екендігі; көптеген саяси және экономикалық шаралардың құқықтық дайындалмағандығы; әділетсіз жекешелендіру; азаматтардың салымдарының ғайып болуы, жерді әділетсіз бөлісу т.б. азаматтардың басым көпшілігінің тарапынан наразылық туғызуы; мемлекеттің өзінің орнатқан құқықтық тосқауылдарын жатқызуға болады. Ең қызуы басылмаған мысал – халыққа қызметтер көрсету орталықтары (терезе принципі), ол тұтанбай жатып, өшкен оттай шара болып шықты.

Бұларға қосымша ретінде ұйымның жұмысын, статистикасын бұзбау мақсатында болған қылмыстарды есепке алмайтын кеден, ішкі істер органдарының қызметтерін, сонымен бірге бұзылуға тиісті құрылыстар мен тәркіленуші жер телімдерін бағалаудың нәтижелерін сотта даулаушы көптеген азаматтар тараптарынан орынды наразылық туғызып отырған «Алматыжер» ұйымының қызметтерін жатқызуға болады.

Құқықтық нигилизмнің қалыптасуына жеке тұлғалардың, мемлекеттік органдардың өкілдерінің тараптарынан бюрократтық озбырлықты білдіретін жабық есік саясаты да көмектеседі. Олардың қызметінде азаматтарға деген ешқандай құрметпен қарау жоқ, азаматтардың өтініш-тілектеріне уақтылы жауап бермейді, немесе олар заңды бола тұрса да, белгілі мөлшерде «ақы» алғаннан кейін ғана шешіледі. А.К.Мұхтарованың оқушылардың құқықтық санасына жүргізген әлеуметтік зерттеулерінің қорытындылары күтпеген нәтижелер берген: оқушылар өздерінің құқықтарын қорғаушы органдар ретінде тек үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін атаған [75, 45 б].

Сот әуре-сарсаңы жеке тоқталып өтуді талап етеді. Көптеген азаматтар біздің соттарымыздың жұмыс тәсілдерін жақсы білгендіктен, өз құқықтарын соттарда қорғауға құлықсыз. Олардың практикасында тіпті талапкер басқа қаладан келсе де, істі қарау мерзімінің кейінге қалдырылғандығын хабарлау деген жоқ, соттарда сот субъектілері процестің басталуын, ал куәгерлер шақыруды күтетін жайлар жоқтың қасы. Бұл проблема оған барлық құқықтық қызметтердің қымбатшылығын, сот қызметінің коммерциялануы мен төменгі нәтижелілігін қоссақ, одан әрі тереңдей түседі.

Адам құқықтарының басымдығы, тұлғаның құқықтарының қадір-қасиеті Қазақстан қоғамының демократиялылығының көрінісі болулары тиіс. Қазақстан егемендік алып, дүниежүзілік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі болғаннан соң, 1995 жылғы Конституцияда адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының стандартты, кең көлемін бекітті, бұл тоталитарлық режимнің барлық салдарларын тез арада жеңеміз деген үміт сәулесін ұялатқан еді. Осы құқықтар мен бостандықтардың қорғаушысы мемлекет болып табылады. Бұл арадағы басты мәселе Қазақстан Республикасының мемлекет мүдделеріне адам мүдделерімен салыстырғанда басымдық беруден бас тартуы болды, ал бұл кеңес дәуірінде адам мен мемлекет араларындағы қатынастарда басты қағида болып келген болатын.

Адам құқықтарын, оларды қорғау және қамтамасыз ету тетіктерін зерттеуде принциптер үлкен маңызға ие. Адам құқықтары адамзаттың негізгі мұраттары мен құндылықтарын біріктіретіні белгілі. Олар қоғамның барлық салаларын қамтиды. Оларға бостандық, теңдік, ынтымақтастық, толеранттылық (толеранттылық), демократия және т.б. сияқты идеалдар жатады. Принциптер барлығына және барлығына негіз, негізгі идеялар, құндылықтар ретінде түсініледі. Принциптер

адам құқықтарының құндылығын түсіндіреді және дәлелдейді. Бұл идеалдар қайта қаралуы, жетілдірілуі және т.б.

Профессор С.Ф.Ударцевтің пікірінше, «Адам құқықтарының принциптері — бұл қоғаммен бірге дамып келе жатқан, идеалдан шындыққа, құндылықтан фактіге дейінгі идеялар» [76, 19 б].

Қазіргі қоғам тез дамып келеді. Бүгінде адам құқықтарының жаңа принциптері пайда болды. Бұл толеранттылық, пікірлердің әртүрлілігі мен плюрализмі, әр адамның жеке басын тану, Мемлекеттік биліктің мүмкіндіктерін шектеу қажеттілігі принципі.

Адам құқықтарының негізгі принциптерінің мазмұнын қарастырайық:

Адам құқықтарының негізгі қағидасы гуманизм принципі болып табылады. Гуманизмнің бастауы адам өмірі мен жеке басының моральдық құндылығы, оның бостандығы мен адамның қадір-қасиетін қорғау қажеттілігі, оның құқықтары үшін күрес идеясы болды. Гуманизмнің мәні-адамға қамқорлық жасау, оны жеке тұлға ретінде тану, оның бостандық пен тұтастыққа құқығы. Мемлекет билікті қоғам мүшелерінің игілігі үшін ғана пайдалануы керек. Тек адам құқығын мойындайтын мемлекет биліктің бөліну принциптеріне сүйенеді және заңның үстемдігі құқықтық және моральдық деп санауға болады [77].

Адамның *қадір-қасиетін құрметтеу принципі*. Бұл принцип қол жетімді мәртебеге қарамастан, кез-келген адамның құндылығын бекітеді. Ол басқа адамдардың, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің әрқайсысына құрметпен қарауды көздейді. Өзін-өзі бағалау және басқа адамдар мен мемлекет тарапынан құрметпен қарау адамның өзін-өзі растауы, оның практикалық жетістіктері үшін өте маңызды. Адамның қадір-қасиетін құрметтеу принципін әр адамның құндылығын мойындау деп түсінуге болады.

Адамның қадір-қасиетін құрметтеу адам құқықтарының бүкіл жүйесінде көрінеді және ат қою, өмір сүру, азаптауға тыйым салу, құлдыққа тыйым салу, Ар-намыс пен беделге қол сұғылмаушылық, өз құқықтарын қорғау құқығы және т.б. сияқты құқықтарда айқын көрінеді [78, 278 б].

Бостандық принципі. Адам үшін ең бастысы-оның тіршілік ету ортасы болуы керек еркіндік. Бостандық саласында адам өзінің өмір жолын таңдайды, өзінің мүдделерін жүзеге асырады. Бостандықты адам өмірінің негізгі қағидасы ретінде ұсыну оның мемлекетпен қарым-қатынасын бұрынғы көзқараспен бөлуді білдіреді, бұл кезде адам билеушінің, мемлекеттің еркін орындауға шақырылған субъект ретінде әрекет етті. Бостандық тәуелді адамды азаматқа айналдырады, оның мемлекетпен қарым-қатынасының жаңа сипатын анықтайды. Бостандықсыз адам құқықтарын мойындайтын және сақтайтын азаматтық қоғам мүмкін емес.

Тең құқылық және теңдік қағидасы. Адамдардың жалпы қасиеттерінен, олар адам және адамның қадір-қасиетіне ие болғандықтан, олардың саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік өмір үшін бірдей маңыздылығы, демек, олардың құқықтарының теңдігі. Құқықтық немесе ресми теңдік қағидаты ерекше маңызды. Құқықтық теңдік — бұл заңды тепе-теңдікті білдірудің әмбебап тәсілі, яғни.жеке адамдардың, жеке әлеуметтік топтар мен халықтың, әртүрлі халықтар мен ұлттардың мүдделерін үйлестіру.

Тең құқықтық қағидасы көптеген басқа құқықтарды тудырады, мысалы, заң мен сот алдындағы теңдік құқығы, кемсітушіліктің барлық түрлеріне жол бермеу, мәдени, діни және тілдік әртүрлілік құқығы, мүгедектер мен қарттардың интеграция құқығы және басқалары. Теңдік қағидасы Кейбір адамдар үшін артықшылықтарды мойындамайды. Бұл қоғамда дискриминация ретінде қарастырылады.

Құқық теориясында теңдік пен эквайлердің арасында тең белгі қою мүмкін емес екендігі негізделген. Теңдік қағидаты әркімнің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу талабын білдіреді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында: «заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды».

2009 жылы 8 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасында «ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік болып саналмайды:

1. ана мен бала және әке болуды қорғауды қамтиды;
2. әйелдерді жүктілікке және босануға байланысты қорғауға міндетті;
3. ерлердің өмір сүру ұзақтығын ұлғайту;
4. қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық -атқару заңнамасында әйелдерді қорғау.

Еңбектің осы түріне тән талаптармен айқындалатын не әлеуметтік және құқықтық басымдықпен қорғалуға мұқтаж адамдар туралы мемлекеттің ерекше қамқорлығынан туындаған өзгешеліктер, ерекшеліктер, артықшылықтар мен шектеулер кемсітушілік болып табылмайды.

Ынтымақтастық принципі. Негізгі мағынада бұл принцип бірлікті, үйлесімділікті, өзара көмек пен қолдауды білдіреді. Ол құқықтарды өзара тануға, демек, міндеттер мен жауапкершілікке негізделген. Айта кетейік, адам құқығы — терең әлеуметтік құбылыс. Оларды жүзеге асыру тек қоғамда мүмкін. Сонымен қатар, Адам құқықтары басқа адамдардың міндеттерімен қамтамасыз

етіледі. бұл мемлекет, жеке тұлғалар, қоғам, топтар. Адамдардың жалпы байланысы мен тәуелділігі, олардың құқықтарды жүзеге асыруда бір-біріне көмектесуі олардың өмір сүруінің шарты болып табылады. Бұл ретте адам құқықтары қоғамдық және ортақ институтқа айналады.

Ынтымақтастық қағидаты адам құқықтарын пайдалану басқа адамдардың құқықтарын бұзбай жауапкершілікпен жүзеге асырылатындығын білдіреді. Бұл ретте адам басқа адамдардың құқықтарына құрметпен қарап, бір-біріне жәрдемдесуі және көмектесуі тиіс. Мұндай жағдайларда ынтымақтастық құқықтардың кепілдігіне, сондай-ақ жеке және әлеуметтік қауіпсіздік кепілдігіне айналады.

Демократия принципі. Бұл адамның саяси қызметке қатысу, саяси ұйымның құрылымына әсер ету мүмкіндігін білдіреді. Бұл ретте шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады. Демократия жағдайында (ең дұрысы) азаматтардың сайлау құқықтары, кез-келген зорлық-зомбылық немесе мәжбүрлеу алынып тасталатын қоғамдық істерге қатысу құқығы, әртүрлі ұйымдарды құруда еркіндіктің жоғары деңгейіне кепілдік беріледі және т.б. Демократия адам құқықтары барынша жүзеге асырылатын ұйымдастыру мен басқарудың ең ұтымды нысаны ретінде пайда әкелуі мүмкін. Демократия ынтымақтастық, ымыраға келу, баламаларды анықтау арқылы әртүрлі құқықтарды, мүдделер мен артықшылықтарды үйлестіруге, келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге, қателерді түзетуге және т. б. мүмкіндік береді.

Демократияда қабылданған Плюрализм пікірлер мен іс-әрекеттің кең спектрін ұсынады. Бұл халықтың әртүрлі топтарының пікірлері мен мүдделерін ескеруге, азаматтардың саяси пассивтілігін, топтардың белсенді өкілдерінің қызметін өтеуге және сол арқылы билікті халыққа жақындатуға мүмкіндік береді. Азаматтардың

саяси қатысуына қатысу адамдардың қызметіне, бюрократиялық бюрократияға бақылауды күшейтеді, мемлекет өкілдерінің билікті теріс пайдалануының алдын алады. Демократия қоғамдық-саяси құқықтарды мазмұнды дамытады, азаматтарды оларды қолдануға үйретеді, адам құқықтарының шындығына қажет жеке тұлғаның өзін-өзі тануын дамытуға мүмкіндік береді, азаматтық мәдениетті және адам құқықтары мәдениетін тәрбиелейді, олар өз кезегінде саясатқа, билікке белсенді қатысуды, өзін-өзі шектеуге, ымыраға келуге, заңға бағынуға және т.б.

Демократия дегеніміз-адамның және оның құқықтарын қоғамның есебінен және зиянымен бекіту дегенді білдірмейді. Демократия қағидатының өзі абсолютті құндылық емес, өйткені ол автоматты түрде бостандыққа, теңдікке және әділеттілікке кепілдік бермейді. Сыртқы «қабықтың» артында демократияның жағымсыз жақтары да бар. Алайда, қазіргі әлемнің демократияға деген ұмтылысы кездейсоқ құбылыс емес, өйткені бірқатар жағдайлар болған кезде демократия әлеуметтік ұйым мен қызметтің басқа түрлеріне қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Адам құқықтары мойындалатын, адам өмірі мен адамның қадір-қасиеті жоғары бағаланатын жүйеде қоғамдық қатынастарды жетілдірудің заңды мүмкіндігі сақталады. Демократия принципі әмбебап, адам құқықтарының идеалы, жағдайы, режимі немесе жағы ретінде ғана емес, сонымен бірге біртұтас адамзаттың қалыптасу процесіне белсенді қатысатын қоғам глобализмінің құрамдас бөлігі ретінде де маңызды.

Төзімділік (толеранттылық) принципі. Бұл адам құқықтарының ерекше қағидасы, ол басқалардың пікірін құрметтеуді, өзін-өзі көрсетудің әртүрлі формаларын және адам даралығының көріністерін растайды.

Жеке сапа ретінде толеранттылық адамның басқа адамдарға және олардың құқықтарына деген

көзқарасынан көрінеді. Бұл басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу фактісінен туындайды. Ол әркімнің өз пікірі мен сенімі, билік пен алаушылықтан бостандығы бар. Әркім басқа адамдар мен билікті сынауға, сондай-ақ сынды мұқият тыңдауға құқылы деген сенімін білдіреді. Алайда төзімділіктің шегі бар. Сыпайлық және кешірімділік — заңсыздыққа, және әділетсіздікке айналмауы тиіс.

Әділеттік қағидаты. Әділеттілік адамның өзін-өзі анықтауға және бастамаға объективті қажетті қажеттілігі ретінде көрінеді. Әділеттілік құқықтарды жүзеге асыру процестерінде бағалау факторы ретінде қатысады. Құқықтарды нысаны мен мәні бойынша пайдалану және іске асыру дұрыстығына, пропорционалдылығына, адалдығына, бейтараптығына қарай ерекшеленуге тиіс. Бұл әділеттіліктің болуы. Заң ғылымында әділеттілік ұғымы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әділеттілікті анықтаудың әртүрлі тәсілдері бар. Көптеген еңбектер әділеттілік тұжырымдамасына арналған.

О.К. Биктасованың «Ішкі істер органдарының қызметіндегі әділеттілік пен заңдылық. (Теориялық мәселелер)» ғылыми зерттеудің маңыздылығын атап өтейік [79].

Адам құқықтарын сөз еткенде теоретиктер бұл проблеманы мүлдем жаңа деңгейге көтеріп, оған адамның қауіпсіздігі деген термин енгізді. Заңдар мен халықаралық құжаттар адамның маңызды мүдделерін білдіретін құқықтар мен бостандықтар туралы айтады да, қауіпсіздік туралы үнсіз қалады.

Адамның қауіпсіздігі халықаралық қауіпсіздіктің бір тұсы ретінде оның өмірлік маңызды мүдделеріне қатердің жоқтығын білдіреді. Адамның іргелі қажеттіліктерін талдау бірнеше өмірлік-қажетті қызметтерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, олардың әрқайсысы адам тұлғасының қауіпсіздігінің жеке, ерекше бағыттарын құрастырады. Бұл өмір (вительдық

қауіпсіздік), деннің саулығы, (дене қауіпсіздігі), психикалық саулық (психикалық қауіпсіздік), адамның генетикасы (ұрықтану мен бала көтеруді қамтамасыз етуші генетикалық, тұқымқуушылық қауіпсіздігі), интелекті (адамның бар білімдерді игеруге қабілеттілігі мен мүмкіндігін қамтамасыз етуші ақыл-ой қауіпсіздігі), рухани (баршаның және әркімнің мүддесіне халықаралық қатынастарды қамтамасыз етуші рухани қауіпсіздік).

Демократиялық-құқықтық мемлекетке тән мемлекеттік құрылымдардың қызмет етуінің ұтымды бастауларын іздестіру мен басымдықтарды қайта қарау адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етумен, Конституциялық құрылыс пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғаумен сипатталады.

Мемлекеттің қалыптасуы мен нығайтылуы, демократиялық реформаларды жүргізудің өтпелі кезеңіндегі қоғамдық қауіпсіздік адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін заңға қарсы қолсұғушылықтардан, стихиялық апаттар және басқа да төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған мемлекеттің ресми қабылдаған нормаларының жүйесі болып табылады. Қоғамдық қауіпсіздік — бұл тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өздеріне елеулі зиян тигізулері мүмкін қорқыныштар және қауіп-қатерлерден қорғалғандығы. Ол мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына негізделінген және адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің іргелі мүдделерін бұзушы ішкі және сыртқы әсерлерден қорғауға бағытталған қызметін қамтамасыз етеді.

Қоғамның тұрақты өмір сүруі мен дамуына теріс әсер етуші орын алып отырған және болуы мүмкін қорқыныштар және қауіп-қатерлерді ескере отырып, мемлекет басшысы қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдауға негіз болатын мақсаттар мен міндеттерді белгілейді.

Қоғамдық қауіпсіздік объектілері: адам, оның

құқықтары мен бостандықтары, меншік түрлерінен тәуелсіз қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар, әлеуметтік топтар мен мемлекет. Қоғамдық қауіпсіздік субъектілері: бұлар қоғамдық қауіпсіздікті іске асыруға тиісті барлық мемлекеттік ұйымдар. Қоғамдық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер — бұлар іске асырылуы адамның, азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына алып соғулары мүмкін, қоғамдық қауіпсіздік объектілеріне қауіп төндіретін себептер, жағдайлар мен факторлардың жиынтығы.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі мақсаттары, міндеттері мен принциптері

Мақсаты — республиканың қоғамдық қауіпсіздігінің объектілерінің қорғалуының лайықты деңгейде болуын қамтамасыз ету болып табылатын қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі мемлекеттік органдардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясындағы өзара әрекеттесулері болып табылады. Мақсатты іске асыру қоғамдық қауіпсіздік аясындағы қатынастарды реттеуші құқықтық нормалардың жүйесін жасауды және қабылдауды, заңшығарушы, атқарушы және сот биліктері органдарының, сонымен бірге қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған барлық іс-шараларды кешенді жоспарлауға және іске асыруға тиісті қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың қызметінің негізгі бағыттарын белгілеуді қажет етеді. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші құқықтық шаралар мен мемлекеттің міндеттеріне жататындар:

- тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын реттеуші конституциялық нормаларды бекіту, олардың халықаралық құқық нормалары және қағидаларымен үйлесімділігі;
- заң шығарушылық базаны жетілдіру;
- Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қоғамда және мемлекетте іске асырылып

жатқан демократиялық өзгерістердің негізінде қазіргі замандық құқық санасын қалыптастыру;

- қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасының құқықтық негізін жасау, оның орындалуын мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.

Ұйымдастыру-бақылау шараларының кешенінде:

- қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдамасының ережелерін субъектілердің сақтауын бақылаудың мемлекеттік институттарының онтайландырылулары мен жетілдірілуі;
- бақылау және қадағалау қызметтерін орындаушы мемлекеттік органдардың қызметін ұйымдық-әдістемелік қамтамасыз ету және үйлестіру;
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мамандар дайындау институтын құру;
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды кешенді жасау және іске асыру;
- қоғамдық қауіпсіздік нысандарына қауіп-қатер көздеріне бақылау қою және іске асыру;
- республиканың қоғамдық қауіпсіздігінің жағдайын бағалау, оның даму диагностикасын, үрдістерін болжау, қоғамдық қауіпсіздіктің халықаралық жүйелерімен бірігуі;
- мемлекеттік органдардың, қоғамдық қауіпсіздік субъектілерінің, билік органдарының халықты хабардар ету жөніндегі әсерінің алдын ала жарияланатын материалдардың шындығына жауапкершілік деңгейін арттыру мақсатымен бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесуі;
- азаматтардың жеке бастарына және мүлкіне заңсыз қол сұғушылықтан, оның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің тараптарынан да тікелей қорғау; куәгер және жәбірленушіні қорғау институтын онан әрі дамыту; мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және меншік

түрлерінен басқа да ұйымдардың, оның ішінде төтенше жағдайларға да қалыпты қызмет істеулерін қамтамасыз ету, заңды және жеке тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы заңсыз әрекеттер жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тарту, ұлтаралық және басқа да әлеуметтік жанжалдарға алып келуші себептер мен жағдайларды бейтараптандыру;

- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің күш және құралдарын құру, дамыту, жабдықтау, дайындау және қажетті дәрежедегі дайындық деңгейінде ұстау.

Монографияда мемлекеттің адам құқықтарын қорғау механизмін түсіндіріп көрсету және бұл процестегі Президенттің және басқа мемлекеттік органдардың ролін анықтау үшін тұжырымдаманың бүтіндей бір бөлігі арнайы келтірілген.

Адам құқықтарын қорғау механизмінде басты роль мемлекеттің еншісіне тиісті, бірақ бұл процеске үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялар да белсенді араласуда. Егер құқықтар мен бостандықтар заң жүзінде бекітілген болса, онда мемлекет өзіне оларды сақтауға және үшінші бір тұлғалар бұзған жағдайда қорғауға міндеттеме алады.

Нарықтың қарым-қатынастарды әмбебап реттеуші ретінде қараушылық кетіп, оның орнына мемлекетті нығайту идеясы келді. Тұлғаны қорғау қызметін мемлекеттік емес құрылымдарға беру адам құқықтарын қамтамасыз етуде бірыңғай саясаттың жоқ екендігін білдіреді. Азаматтардың қауіпсіздігін мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз етудің негізгі міндеттерінің бірі — тұлғаның өмірлік маңызды мүдделерінің жүйесі мен басымдықтарын анықтау мен заңды түрде бекіту, мемлекеттік органдардың жауапкершілік аяларын белгілеу, олардың қызметін бақылау механизмін орнату,

тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жағдайын, бағыттарын талдау болып табылады.

Реформаторлардың стратегиялық қателігі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудан бойын аулақ салуы болды. «Бұрынғы отандық тәжірибені теріске шығару, жария институттармен теке-тірес, құқық қорғау органдарын мағынасыз қайта құру, істеріне берілген адал мамандарды қудалау мемлекеттің құқық қорғаушылық әлеуетіне әсерін тигізбей қоймайды. Күшті мемлекетте билік пен демократия – қарама-қарсылықтар емес. Демократия тек заңдылық қатаң сақталатын жерде ғана дамиды» [80, 7-8 бб].

Екі нәрсе мемлекеттің құқық қорғаушылық қызметін сипаттайды. Біріншісі – мемлекеттің тоталитарлық өткеннен шығуы мен құқықтық, демократиялық мемлекетті құрумен байланысты. Екіншісі – Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерімен байланысты. Осыған байланысты мемлекет шенеуніктердің тарапынан билікті бұрмалап пайдаланушылыққа қарсы құқықтық механизмдер құрып, оны жетілдіреді. Соңғы кездерде мемлекеттік басқару аясында жүргізілген реформалар мемлекеттің қызметтің негізгі стандарттарының тобына адам құқықтарын қорғау сияқты басымдықтың енгізілгендігі туралы айтуға мүмкіндік береді – мемлекеттік қызметкерлер заңдылық, отансүйгіштік, гуманизм, кәсібилік және басқа да құндылықтармен бірге адам мен азаматтың мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын да басшылыққа алулары керек.

«Мемлекеттік қызмет туралы» заңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті іске асырудың негізгі қағидалары, оның ішінде азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің басымдықтары белгіленген.

М.Т.Баймаханов былай деп жазды: «Қазақстанның құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құруға

бағдарлануы бұдан былай адам құқықтарының саласындағы жұмыстар жаңаша жүргізіледі және мемлекеттік қызметтің аталған бағыты енді алдыңғы шепке шығып, басқа бағыттарды артқа ығыстырады дегенді білдіреді. Өйткені құрылып жатқан, оның бергі жағында қалыптасқан құқықтық мемлекетте адам, оның өмірі, денсаулығы, бостандығы, аман-есендігі ең жоғарғы әлеуметтік құндылықтар ретінде көрініс табады, бүкіл мемлекеттік саясат соларды ескере отырып, қалыптасуға тиіс [3].

Өкініштісі, Қазақстан және басқа да посткеңестік республикалар жарияланған құқықтық мемлекет құру мақсаттары көбінесе жарияланымдық сипат алып, ала-құлалықпен іске асырылуда, демократиялық қағидалардан шегініспен, сыбайлас жемқорлық үрдістерінің тереңдеуімен, билікті қолдануда бұрмалаушылықтармен ұштастырылуда, бұл сайып келгенде дамудың жалпы және нақтылы нәтижелеріне әсерін тигізіп отыр.

Кеңес мемлекетінің тұсында өмір сүрген қорғаудың кейбір мемлекеттік және саяси элементтері жойылды, ал жаңа органдардың анық және ақылға сыйымды жүйесі әлі түзіліп болған жоқ. Реформа жылдары жарияланған адам құқықтарының әруақытта оларды іс жүзіне асыруларына сәйкес келе бермейтіндігін көрсетті.

М.Т.Баймахановтың пікірінше, мемлекеттік құрылысты адамгершіліктендіру және оның демократиялық принциптерін дамыту жағдайында мемлекеттің бұл қызметінің бағдарын тек қорғаушылық әрекеттермен шектеудің қажеті жоқ. Өйткені адам құқықтарының маңыздылығы соншалық, мемлекет те оларды қорғауменен оларға баланысты міндеттерін түгесе алмайды. Мемлекет адам құқықтарын бекітеді, қамтамасыз етеді, оларға кепілдік береді және қорғайды деп санау дұрысырақ болады. Оның үстіне, адам құқықтарын, меншікті, құқықтық тәртіпті, заңдылықты

біріктіріп, мемлекеттің осы қызметінің мазмұнына біріктіріп, бір деңгейге қою қажетсіз. Бұл әртүрлі қатардағы міндеттерді жіктеу, оларды мемлекеттің бір ғана емес, бірнеше қызметінің мазмұны етуге жеткілікті мөлшерде негіз бола алады [3].

Бұл проблеманы қарастыруда шешуші мәселе мемлекеттік органдардың араларындағы құзіреттілікті туғызды және мемлекеттік жүйенің тепе-теңдігінің бұзылуына алып келеді. Егер мемлекеттік аппарат буындарының араларында олардың міндеттері анық белгіленбесе, бұл адам құқықтарының бұзылушылығының нақты фактілері үшін азаматтар алдындағы жауапкершіліктің төмендеуіне алып келеді. Ю.А.Тихомиров құзіреттілікті анықтарда бірсыпыра қағидаларды міндетті түрде сақтау керек дейді: Құзіреттіліктің құқыққа «байланыстылығын»: құзіреттілікті бекітудің нормативтік құралдарына анық шектеу, оның ішінде: а) ықпал жасау нысандарының жалпы сипаттамасы (заң шығарушы органдар үшін); б) өкілеттіліктерінің жабық тізімі (соттар үшін). В) «...жүктелген және басқа да өкілеттіліктер» деген формуламен толықтырылатын жартылай жабық тізім; г) жасырын өкілеттіліктер; д) жоғарғы құрылымдардың кез келген мәселені өзінің жүргізуіне алу құқығын білдіретін жорамал өкілеттіліктер; е) аралас; құзіреттілік субъектінің оны іске асырудағы дербестігі мен жауапкершілігін қатаң сақтауды қамтамасыз етудің қажеттілігі; түрліше құзіреттіліктер мен органдар және ұйымдардың ынтымақтастығын білдіретін олардың өзара бір-бірлеріне өтулерін қатаң түре қамтамасыз ету. Сонымен бірге ол құзіреттіліктің әсерлілігінің кепілі оны жүйелі қамтамасыз ету деп атап көрсетті. Бұл оңтайлы құзіреттілікпен қамтамасыз ету оның ең тиімді жолмен жүзеге асырылуына кпілдік бере алмайды. Соңғы мәселе басқарушылардың құзіреттілігіне де, материалдық-техникалық жабдықтау деңгейіне де, мемлекеттің

сауатты институционалдық саясатына да, құзіреттілікті қорғау және іске асыру механизмдерінің жағдайына да, сайып келгенде, мемлекеттік биліктің тұрақтылығы мен жалпы ел ішіндегі тұрақтылыққа байланысты [81, 60 б].

Мемлекеттің осы қызметіне баса көңіл аудара отырып, О.А.Снежко былай деп жазады: «Құқықтар мен бостандықтарды мемлекеттің қорғауы бүкіл құқық қорғаушылық механизміндегі басты тәсіл болып табылады. Бұл бірнеше себептерге байланысты: «Біріншіден, мемлекеттің қарамағында құқықтар мен бостандықтарды қорғау жөніндегі қызметтерді іске асыруға міндетті органдар жүйесі бар. Екіншіден, мемлекеттің қолында бұзылған құқықтар мен бостандықтарды тек қана қалпына келтіріп қана қоймай, сонымен бірге мұндай бұрмалаушылықтарға келешекте болдырмауға да әсерлі құралдардың жиынтығы бар. Үшіншіден, басқа актілерге қарағанда тек мемлекеттік органның актісінің ғана міндетті күші бар. Төртіншіден, мемлекеттің қолында тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бұзуға кінәлілерді жауапкершілікке тарту мақсатында мәжбүрлеу аппараты бар. Құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың басқаша амалдары мемлекеттік қорғаудың орынын ауыстырмайды, керісінше, оларды толықтырады» [82, 2-3 бб].

Вена қаласында өткен Адам құқықтары жөніндегі дүниежүзілік конференцияда Қытай делегациясының басшысының мәлімдемесінде: «өткен уақытта ұлы мемлекеттердің басқыншылығынан зардап шеккен, қазір толығынан азат қытайлықтар мемлекеттік егемендіктің құқықтарын іске асырудың негізі екендігін түсінді. Мемлекеттің егемендігі қамтамасыз етілмесе, азаматтардың құқықтары туралы сөз етудің қажеті жоқ. Бұл әншейін ауадан салған сарай болмақшы» [83, 33 б].

Адам құқықтарын қорғаудың басты кепілі қуатты, демократиялық, жақсы ұйымдасқан мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының тұңғыш

Президентінің 2006 жылғы Қазақстан халқына Арнауында былай делінген: «Терең демократиялық дәстүрлердің жоқтығы, бостандықты бетімен кету деп түсіну елді тұрақсыздандыруға, біздің болашағымызға деген барлық жоспарларымызды сызып тастауға және артқа шегінушілікке алып келуі әбден мүмкін екендігін мойындауымыз керек. Жақында орын алған президенттік үшін жарыстан біз осындай сабақ алдық. Біздің адасушылықтарымыздың себептерінің бірі биліктің либерализмінің қарапайым, оның әлсіздігі мен бетімен кеткен мансапқұмарлардың кез келген «еркеліктері» мен «тентектіктеріне» тыйым салуға оның дәрменсіздігі деп қабылдануында жатыр. Бізге мұндай елестер мен адасушылықтардан арылу керек.

Осыған байланысты ел ішіндегі және сыртындағы сындарға жалтақтамастан, біз демократиялық дәстүрлерді дамытумен қатар оларды қорғаудың жеткілікті дәрежедегі қатал жүйесін қарастыруымыз қажет. Сайып келгенде, заң бұзушылық үшін қатаң талап қою керек. Жала жабу, параға сатып алу, зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік шаралары белгіленуі, ал қажет болса, тиісті заңдарды қайта қарау керек. Азаматтардың Конституциямен заңдарды орындауларын қамтамасыз ету — құқық қорғау орындарының міндеті. Олар үшін «қайда және кім не айтар екен?» деген сұрақ туындамауы, тек «заңды бұздың ба — оның баптарына сәйкес жауапкершілікке тартыласың» деген анық ереже болуы керек. Олай болмаса, біз баяғы кеңестік «заң-арбаның оқ ағашының» кебін киеміз. Құқық қорғау орындарының басшыларының қайсысы бұл ережені орындамаса, ол қызметінде қалмауға тиіс. Біз басқаша жолмен құқықтық мемлекет пен демократиялық қоғам құра алмаймыз [84].

Қоғамдық дамудың бұзылуы басымдықтар ысырылып, мемлекет өзіндік мәні бар құндылық ретінде қойылғанда басталады. Адам мен оның мүддесіне

бағыныштылық орын беріледі. «Мемлекет – тұлға» қатынастарында басымдықтарды ауыстыру сөзсіз тоталитарлық режимдердің қалыптасуына алып келеді. Адам құқықтары мен бостандықтарының құндылықтар ретіндегі басымдылық қағидасы конституцияның бүкіл мазмұнында орын алған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында былай деп жарияланған: «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады». Бұл конституциялық шындық заң шығарушылық және заңды қолдану практикасын белгілеуі тиіс. «Барлық басқа конституциялық қағидалар – халықтардың тең құқықтылығы мен өзін-өзі басқаруы, мемлекеттік егемендік пен қауіпсіздік, мемлекеттік тұтастығы мен аумақтық бірлігі және басқалары бірқатардағы, бірақ адам құқықтарын, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғарғы құндылық ретінде тану конституциялық қағидаларына бағыныштылар есебінде қарастырылады» [84].

Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмі жалпы мағынада да, арнайы мағынада да қарастырылуы керек. Жалпы мағынада адам құқықтарын қорғау тетігі іске асыру нысандарын да, құқықтарды іске асыратын және нормаларды, нормативтік және белсенділік аспектілерін, сондай-ақ ақпараттық, сәйкестендіру және басқа элементтерді қолданатын органдар мен ұйымдардың өзін де қамтиды.

Нақты жағдай белгілі бір елдегі және саладағы адам құқықтарымен осы элементтердің интеграциясына байланысты. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмі ұғымы «адам құқықтарының кепілдік

жүйесі» ұғымымен тығыз байланысты. Кепілдіктерсіз адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмінің дизайнын түсіну мүмкін емес екенін атап өтейік. Адам құқықтарының кепілдіктері экономикамен, мәдениетпен, жалпы әлеуметтік дамумен тығыз байланысты. Кепілдіктер-бұл адам құқықтары бұзылмайтын жағдайлар. Адамның және азаматтың құқықтарының, бостандықтарының кепілдіктері олардың нақты өмір сүруін қамтамасыз ететін құралдар болып табылады. Кепілдіктер келесі түрлерге бөлінеді: экономикалық, саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық, мәдени (рухани).

Экономикалық кепілдіктер тиімді және тұрақты ұлттық экономиканың болуын, елдің сыртқы қарызының төмендеуін, ұлттық кірістің өсуін, жұмыс орындарының санын, азаматтардың материалдық қауіпсіздігін және т.б.

Саяси кепілдіктер қоғамның демократиялық саяси жүйесінің болуын, оның көппартиялылығын, саяси оппозицияның белсенділігін, қоғамдық пікірді ескеруді, сайлаушылар алдындағы жауапкершілікті және т.б.

Құқықтық кепілдіктер, атап айтқанда, сот және құқық қорғау органдары жүйесінің тиімді қызметін, құқықтар мен бостандықтарды іске асырудың құқықтық тетіктерінің болуын болжайды.

Кепілдіктер — бұл, А.С. Мордовичтің пікірінше, тұлға үшін өзінің құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін іске асыруға тең мүмкіндіктер тудырушы әлеуметтік-экономикалық, саяси, адамгершілік, құқықтық, ұйымдастырушылық алғышарттардың, жағдайлардың, құралдар мен әдістердің жүйесі [85, 276 б].

Кепілдіктер тұлғаның мүдделерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдайлардың жүйесі болып табылады. Олар демократиялық қоғамның экономикалық, саяси дамуының, халықтың құқықтық және саяси мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

«Заңдылық кепілдіктері деп белгілі бір мемлекеттің құрылымның ішінде де, одан тыс та жағымды әрекет етуші жағдайларды, факторларды және құралдарды айтады [86, 513 б].

Кепілдіктердің мазмұны қоғам дамуының қоғамдық-саяси, рухани және басқа да жағдайларына байланысты. Кепілдіктердің қызметі сол, олар конституциялар мен заңдарда бекітілген тұлғаның заңды мәртебесі, оның құқықтары мен бостандықтары жеке адам мен азаматтың өмірінің іс жүзіндегі шындықтарына айналатын қолайлы жағдайды қамтамасыз ету болып табылады. Кепілдіктер жалпыдан жекеге, заңда жарияланған мүмкіндіктен шындыққа өтуді қамтамасыз ететін сенімді көпір болып табылады. Тиісті кепілдіктерсіз жарияланған құқықтар мен бостандықтарын іске асыруға, олардың жарым-жартылай немесе қалай болса солай іске асырылуының мүмкін болатын себептері мен кедергілерін жоюға бағытталған объективтік және субъективтік факторлардың барлық жиынтығын қамтиды.

Ұйымдастырушылық кепілдіктер, атап айтқанда, халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға, қылмыс, өлім-жітім, халықты есірткіге тарту, қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды көздейді.

Мәдени (рухани) кепілдіктер елде жалпы және құқықтық мәдениеттің тиісті даму деңгейінің болуын болжайды. Кепілдіктер, шын мәнінде, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қатысты мемлекет пен мемлекеттік органдардың міндеттері болып табылады. ҚР Конституциясы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғауға кепілдік беретінін атап өтеміз. Бұл жалпы ереже мемлекеттің құқықтар мен бостандықтарды қорғауды қамтамасыз ету, оларды реттеуді жүзеге асыру міндетін әртүрлі құқықтық құралдармен бекітеді.

ҚР Конституциясы 39-бапта адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге мүмкіндік береді. Кепілдіктердің ерекшелігі — оларды іске асыру жеке және заңды тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың міндеттерін орындаудан, жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік билік органдарының өкілеттіктерінен, саяси режимнен ажырамас болып табылады.

Кепілдіктер субъективті құқықтарды адамдар мен органдардың міндеттерімен тығыз байланыстырады. Адамдардың міндеттері — бұл азаматтардың құқықтары кепілдіктерінің өзегі. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігі құқықтық және жалпы (экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық-қоғамдық, рухани, басқарушылық) кепілдіктерді қамтиды.

Адам құқықтарын қорғау тек заңды кепілдіктердің көмегімен бүкіл көлемде жүзеге асырыла алмайды. Бұл соңғысын басқа кепілдіктермен әділ тәртіпті қамтамасыз ету, адамның қадір-қасиетін қорғау жүйесінде белгілі бір орын алатын адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың біртұтас механизміне қосуды талап етеді. Заңды кепілдіктерге заң шығару, құқықтық реттеу және құқықтық қорғау жатады.

Ерекше мағынада адам құқықтарын қорғау тетігі адам құқықтарын бұзушылықтардан қорғаумен айналысатын мемлекеттік органдардың жиынтығын білдіреді. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігі оның ұйымдық-билік компоненті бар мемлекеттік саясатқа негізделген. Мемлекеттік саясат адам құқықтарының негізгі жалпы жүйелік кепіліне айналады, тұрақтылықты, саяси режимді, билік органдарының қоғаммен қарым-қатынасын анықтайды және әртүрлі ресурстарды тартады. Сондықтан адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігі мемлекеттік органдар мен мекемелер, тұрақты құқықтық байланыстар, мысалы, азаматтық арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмін мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттардың және адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған арнайы құқықтық құралдар мен әдістердің жүйесі ретінде анықтауға болады. Айта кетейік, заң әдебиеттерінде адам құқықтарын қорғаудың келесі нысандары бөлінеді: өзін-өзі қорғау, мемлекеттік және қоғамдық қорғау; халықаралық қорғау. Айта кетейік, бүгінде Қазақстан Республикасында әр адам өз құқықтарын білуі және оларды өз бетінше қорғай алуы үшін барлық жағдай жасалған. Адам құқықтары бұзылған жағдайда әркімнің мемлекеттік органдарға жүгінуге құқығы бар. Тиісінше, мемлекеттік орган мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін негізде көрсетуге міндетті. ИО сонымен қатар мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету субъектісі болып табылады.

Адам құқықтарын қорғау тетігінің элементтеріне мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар, арнайы заң құралдары жатады.

Мемлекеттік органдар жүйесі: Президент, Парламент, Конституциялық Сот, құқық қорғау органдары, прокуратура, соттар, Омбудсмен. Қоғамдық ұйымдар жүйесі – ұлттық және халықаралық ұйымдар: адвокатура, нотариат, заң консультациялары және т.б.

Арнайы заңды құралдар-мәжбүрлеу және сендіру әдістері.

Сондай-ақ, кешенді арнайы қорғаныс институттарын бөлек бөлуге болады. Кешенді арнайы қорғау институттары: сот қорғауы, прокуратура, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Адам құқықтары жөніндегі омбудсмен болып табылады. Қазақстанда адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік, аралас, үкіметтік емес тәсілдері мен рәсімдері бар.

Адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін нақты, қысқаша

түрде қарастырайық. Құқықтар мен бостандықтарды қорғаудағы ерекше рөл ҚР Президентіне тиесілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 40-бабының 2-тармағына сәйкес былай деп жазылған: «Республика Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі» [1]. Президент — бұл адам мен азаматтың құқықтарын сақтау және қамтамасыз ету механизміндегі жүйе түзуші институт, ал заңда берілген мүмкіндіктер арқылы мемлекеттің адам құқықтары саласындағы саясатын белгілейді, мемлекеттік бағдарламалар құрайды, әртүрлі ұйымдық формалар арқылы адам құқықтарын сақтау жөніндегі қызметтің бағыттарын түзетіп отырады. Бұл қызметті қалай әсерлі етуге болады? Ол үшін қоғамның бар күшін адам құқықтарын сақтау мен қорғаудың барлық субъектілер өзара тығыз байланысты, бір-бірінің қызметтерін қайталамайтын және өздерінің тиімді қызмет етулері үшін бірыңғай нормативтік негізі бар жүйесін жасауға жұмсау қажет. Адам құқықтарын қорғайтын жария билік органдары бір-бірінен бөлек әрекет ете алмайды. Ондай болмаған жағдайда барлық құрамдас бөліктері үйлесімді және өзара әрекеттесу жағдайында қызмет ететін барлық билік механизмі жаппай күйреуге ұшырайды.

Бұл қатынастар құқық пен егжей-тегжейлі бекітілген. М.С. Матекович бұл қатынастарды сипаттау үшін жария билік органдарының конституциялық заңмен бекітілген ерекше құқықтық жағдайын және бекітілген ережелерді іске асыру жөніндегі қызметін — жария билік органдарының өзара әрекетін, біріктіретін «өзара қарым-қатынастар» терминін енгізді [87, 14-18 бб]. Адам құқықтарын сақтаушы субъектілердің барлығының мақсаттары бір — адам құқықтары ең жоғарғы құндылық, бірақ олар қорғауға мұқтаж.

Президент барлық мемлекеттік органдар мен институттардың жұмысын саяси үйлестіруді іске асырады, ол адам құқықтарын қорғаудың бүкіл механизмін біріктіре отырып, адам құқықтарын қорғау ісінде жүйе құраушы фактордың маңызды ролін атқарады. Бұл үшін ол жыл сайын елдегі жағдай мен республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдау арнайды. Осыған байланысты Парламент, Үкімет, мемлекеттің басқа органдары өз қызметін мемлекет басшысы белгілеген бағдарлармен сәйкестендіруге, өз жұмысын тежеу мен қарама-қарсылық жүйесінің шегінде үйлестіруге міндетті.

Президент қызметінде оның Жолдауларының маңызы зор. Бұл оның конституциялық міндеті. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларында экономикалық және саяси үрдістерге талдау жасалынады және елдің дамуының ұзақ мерзімдік, орта және қысқа мерзімдердегі мақсаттары мен басымдықтары ұсынылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «Адам құқығын қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау өте маңызды. Мен үшін бұл мәселенің мәні зор. Біз азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасауға, олардың құқықтарын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге міндеттіміз», -деп адам құқықтарын қорғау мәселесінің өзекті екендігін атап өткен болатын [88].

2022 жылғы 20 қарашада үлкен саяси науқан – Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өткізілмекші. Мемлекет тізгінін ұстауға үміткерлерді ұсыну 2022 жылғы 23 қыркүйекте басталды.

Сөйтіп, біз ҚР Президентінің адам құқықтарының кепілі ретіндегі қызметі санқырлы, көлемді және жүйетүзушілік сипатта деп тұжырым жасаймыз.

ҚР Президенті адам құқықтарының жай-күйі туралы жүйелі түрде ақпарат алады, мемлекеттік органдар басшыларының есептерін тыңдайды, Конституциямен кепілдендірілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды. ҚР Президентінің жанынан адам құқықтары жөніндегі Комиссия құрылды. Бұл комиссия Мемлекет басшысына құқықтар мен бостандықтардың кепілі ретінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қатысты тиісті құжаттаманы дайындайтын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комиссия ҚР Президентіне адам құқықтары мен бостандығы жөнінде жолданған өтініштерді қарайды, Мемлекет басшысына адам құқықтарының сақталуы туралы арнайы баяндамалар ұсынады, адам құқықтары саласындағы халықаралық-құқықтық актілер бойынша материалдар мен ұсыныстар дайындайды.

Осылайша, бұл органның негізгі мақсаты-адам құқықтарының сақталу жағдайын бағалау, сондай-ақ Президентті өз тұжырымдары туралы хабардар ету. Комиссия мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті кез келген материалдарды, құжаттарды сұратуға құқылы. Комиссия Адам құқықтарының жаппай не өрескел бұзылуы туралы ақпарат бар мемлекеттік мекемелердің жұмысына тексеру жүргізе алады; Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кез келген лауазымды адамдардан түсініктемелер ала алады.

Комиссия өз қызметінің нәтижелері бойынша адам құқықтарының сақталуы туралы жыл сайынғы баяндамалар жасайды. Бұл баяндамалар жарияланады және Қазақстан Республикасының Президентіне жіберіледі. Комиссия қорытындылар мен ұсынымдарды қабылдайды. Бұл құжаттар құзыретіне осы мәселені шешу кіретін тиісті заңнамалық, атқарушы, сот және өзге де органдарға жіберіледі.

ҚР Парламенті адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қорғау жөніндегі қызметті негізінен өзінің заңнамалық қызметі арқылы жүзеге асырады. Парламент қолданыстағы актілерге құқықтар мен бостандықтар туралы Конституциялық-құқықтық нормаларды нақтылау, сондай-ақ әрбір негізгі құқық пен бостандық кепілдіктерінің кешенді жүйесін одан әрі өрістету және жетілдіру мақсатында заңдар қабылдайды, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді. Парламент депутаттары сайлау округтерінде сайлаушылармен кездесулерді жүзеге асырады, олардың өтініштерімен, шағымдарымен жұмыс істейді.

Биылғы жүргізілген конституциялық реформалардың негізгілерінің бірі парламенттің мәртебесі мен ролінің өзгеруі өкілді билік тармағына сенім күшейеді. Мемлекет басшысы үлкен өзгерістердің бастамашысы болып, өзгерісті өзінен бастады. 2022 жылғы 6 маусымда Конституцияға енгізілген Парламенттің ролі туралы тоқталып өтейін. Мәжіліс енді заңдарды қабылдайтын болады. Сенат бұрын заң қабылдаса, енді заңдарды мақұлдайды немесе мақұлдамайды. Мәжіліс депутаттары сайлаудың аралас жүйесімен, яғни пропорционалды және мажоритарлы жүйе бойынша сайланады. Бұл аралас сайлау жүйесі барлық азаматтардың құқықтарын толық сақтауға, сайлаушылардың мүддесін қорғауға тиімді мүмкіндіктер береді. Парламент конституциялық заңдарды Палаталардың бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылдайтын болады. Сонда сапалы әрі қоғамның игілігі жолында жұмыс істейтін заңдар қабылданып, тиімді заңдар халық үшін іске асырылады.

Парламенттің ролінің күшейтілуі өз кезегінде мемлекеттік билік пен халықтың одан әрі жақындасуына мүмкіндік береді.

Адам құқықтарын қорғаудың ерекше органы *Омбудсмен* болып табылады. *Омбудсмен* — адам

құқықтары жөніндегі Уәкіл институты 2002 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен құрылды [89].

Айта кетейік, адам құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымды тұлға болып табылады. Ол адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қадағалайды. Ол үшін Омбудсмен өз құзыреті шегінде адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға өкілеттік берілген.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты шет мемлекеттердің конституциялық заңнамасы арқылы жақсы таныс. Қазіргі кезде дүние жүзінің түрлі елдерінде жүзден аса омбудсмен бар. Бір мемлекеттерде бұл лауазымды тұлға (омбудчмен), екіншілерінде – медиатор, үшіншілерінде – парламенттік уәкіл, ал төртіншілерінде – азамат құқықтары жөніндегі уәкіл деп аталады. Терминдердің бұл тізімін одан әрі жалғастыруға болады. Бүкіл дүние жүзінде ол адам құқықтары мен бостандықтарын әсерлі қорғайтын органдар жүйесінде маңызды орын алды. Әрбір елдің жағдайының ерекшелігі, оның мемлекеттік құрылысы омбудсмен институтының белгілі бір үлгісін қалыптастырды.

Омбудсмен билік органы немесе мемлекеттік басқару органы да, сот органы да емес. Оның қызметі азамат құқықтарын іске асырушы басқа органдармен салыстырғанда қарапайым әрі азаматтарға түсінікті.

Ж.Д. Бусурманов: «Уәкілдің негізгі мақсаты – адам құқықтарын сақтауға байланысты халық еркін білдіруші болу деп санайды. Ол билік пен қоғам арасында оларды екіжақты қисынсыз және әділетсіз әрекеттерінің тігісін жатқызатын және сақтандыратын буфер ролін атқаруға тиіс. Нақ осы делдалдық қызмет бұл институттың ең тартымы ерекшелігі болып табылады. Бір жағынан, Уәкіл билік аппараты ретіндегі атқарушы органдардың алдында азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қызметінде болса, екінші жағынан, ол азаматтарға

биліктің олардың мүдделеріне қажетті әрекеттерін түсіндіруге, осылайша азаматпен мемлекет араларындағы сенімнің артуына жәрдемдесуі керек»', - деп санайды [24, 345 б]. Омбудсмен институты демократияның өздігінен бекіген белгілерінің еркін нарықтық дамыған елдер ғасырлық тарихы бар адам құқықтарын іске асыру мен қамтамасыз етудің тетіктері мен механизмдерінің назарынан тыс қала алмады. Омбудсмен институтының құрылуы мен қызметі мемлекет пен азамат, жария билік өкілдері мен азаматтар араларындағы қарым-қатынастардың жаңа тарауын ашты. «Мемлекет — азамат» өзара қарым-қатынастарындағы шиеленістің бәсеңдеуіне тек азаматтар ғана емес, мемлекеттің өзі де мүдделі. Омбудсмен институты заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің ешқайсысына жатпайды, олардың орынына жүрмейді. Сонымен бірге оның ведомствосы елдегі биліктің жоғарғы органдарына жатады. Омбудсмен азаматтар араларындағы қарым-қатынастарды қарастырмайды, оның қызмет аясы азамат пен мемлекеттік орган, ұйым немесе мекеме араларынағы қарым-қатынастар.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 5 қарашада «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заңға қол қойды.

Конституциялық Заңның мақсаты — адам құқықтарын іске асырудың кепілі ретінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебесін бекіту бөлігінде Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістерді іске асыру. Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормаларымен Уәкілдің қызметінің міндеттері, тәуелсіздігі мен өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың алдында есеп бермеуінің кепілдіктері бекітілді. Бұдан былай Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен оның қызметін ұйымдастыру конституциялық заңмен айқындалады.

Жалпы, Конституциялық заң 6 тараудан және 23 баптан тұрады. Заң жобасы Уәкіл қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, оның құқықтық жағдайы мен құзыретін ашады. Уәкілдің, оның облыстардағы өкілдерінің және Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың қызметін ұйымдастыруға байланысты ережелер көзделген.

Қолданыстағы заңда көзделмеген негізгі жаңа ережелерге толығырақ тоқталғым келеді. Біріншіден, Уәкілдің құзыретін күшейту ескерілген. Конституция нормаларын іске асыру мақсатында құжатта Уәкілдің адамның Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі мәселесі бойынша Конституциялық сотқа жүгіну құқығы көзделген. Сондай-ақ, басқа мемлекеттердің шақыруы бойынша адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына байқаушы ретінде әрекет ету құқығын беру ұсынылады.

Уәкілдің құзыретін күшейту мақсатында оның арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарға және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне кедергісіз бару құқығы бекітіледі.

Сонымен қатар, Уәкілдің қызметін ұйымдастырудың тиімділігін арттыру бөлігінде Заңда адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталық басшысының орынбасары лауазымын енгізу, сондай-ақ Ұлттық орталықтың қосымша функциялары белгіленеді.

Біздің ойымызша, омбудсменге Конституциялық сотқа жүгіну құқығының берілуі Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттырады.

Конституциялық Сот. Жалпы құқықтық жағынан алғанда Конституциядағы негізгі өзгерістердің бірі – Конституциялық Соттың құрылуы болды. Азаматтарымыздың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қорғайтын орган болғандықтан, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарау басты міндеті болып табылады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы 2022 жылғы 5 қарашада 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қайта жұмысын бастайтын конституциялық сот туралы заңға қол қойды.

Бұл құжат Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыруға бағытталған.

«Конституциялық Заң жобасының мақсаттары Конституциялық Сотты құру бөлігінде Конституцияға енгізілген өзгертулерді іске асыру, мемлекеттің құқық қорғау институттарын күшейту, Негізгі заң ережелерінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету. Конституциялық заң жобасы 3 бөлімнен, 10 тараудан және 67 баптан тұрады. Мазмұны бойынша жобаны екі бөлімге бөлуге болады. Біріншісі — ол Конституциялық Соттың және оның судьяларының мәртебесі, олардың кепілдіктермен қамтамасыз етілуі. Ал екінші бөлім конституциялық іс жүргізу тәртібіне арналған», — деп атап өтті ҚР Әділет министрі Қанат Мусин. [90].

Конституциялық Сот еліміздің бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган болады және биліктің сот тармағына жатпайды, өйткені бұл мәселе Конституцияда түпкілікті шешілді.

Атап айтқанда, олардың тәуелсіздігі мен кепілдіктері де бекітілген. Конституциялық Соттың құзыреттері Конституцияның 72-бабымен тікелей реттелген. Мәселен, оларға сайлауды өткізудің дұрыстығы мәселелерін қарау, Парламент қабылдаған заңдар мен халықаралық шарттардың республика Конституциясына сәйкестігін қарау, сондай-ақ Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру құзыреті жатқызылған. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес, Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты нормативтік құқықтық актілерді Конституцияға сәйкестігін

қарайтын болады. Сондай-ақ, Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге берілді.

Бұл өзгерістер еліміздің болашағын айқындайтын басты өзгерістер. Уақыт талабына сай енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тәуелсіз еліміздің болашағының жарқын, ұстанған бағытының кемел екендігін көрсетеді.

Соттар және сот төрелігі — адам құқықтарын қорғаудың ең көне түрі. Құқықтық мемлекетте сот билігі мемлекеттік билік жүйесіндегі тәуелсіз тармақ ретінде танылады. Соттардың негізгі орган ретіндегі маңызды белгісі адам құқықтарын қорғау-тәуелсіздік. Әркімнің сот арқылы қорғалуға құқығы бар. Мемлекет тек сотта жауапкер ретінде өз органдарының атынан қаралуы мүмкін екенін ескеріңіз. Дамыған демократия мемлекеттерінің соттарында, адам құқықтары жөніндегі халықаралық соттарда тұтастай алғанда мемлекет жауапқа тартылуы мүмкін.

ҚР Конституциясында әділ сот талқылауын қамтамасыз ететін кепілдіктерге көп көңіл бөлінеді, олардың ішіндегі ең бастысы-заң мен сот алдындағы барлығының теңдігі туралы ереже (14-бап).

Сот қорғауы сенімділіктің жоғары деңгейіне ие. Ол кез-келген істі қарауға және шешуге кепілдік беретін нақты процедуралық нысандарда жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта сот статистикасы азаматтардың шенеуніктердің заңсыз әрекеттеріне шағымдану туралы сотқа жиі жүгіне бастағанын көрсетеді. Соттардың бұл талаптарды қанағаттандыруы туралы шешімдер жиі қабылдануда.

Мысал ретінде «сот практикасында жеке және заңды тұлғалардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысынан үзінділер келтіреміз. Бұл

қаулы адам құқықтарын қорғау тұрғысынан маңызды. Мұнда Ар-намыс, қадір — қасиет, іскерлік бедел сияқты санаттарға сот түсіндірмесі берілген [91].

Қаулыда мыналар атап өтіледі: тиісті істерді қарау кезінде соттар азаматтың немесе ұйымның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату оларды баспасөзде жариялауды, радио, теледидар арқылы, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып хабарлауды, қызметтік партиялық және өзге де сипаттамаларда, көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде, өтініштерінде баяндауды білдіретінін есте ұстаған жөн, әртүрлі ұйымдарға, лауазымды тұлғаларға жолданған немесе басқа, оның ішінде бірнеше адамға немесе кем дегенде бір адамға ауызша нысанда хабар беру. Мұндай мәліметтерді олар тиетін бір адамға ғана хабарлау олардың таралуы деп таныла алмайды.

Құрмет-бұл адамның қоғамдық бағасы, оның рухани және әлеуметтік қасиеттерінің өлшемі. Қадір-қасиет-адамның өзінің қасиеттерін, қабілеттерін, дүниетанымын, әлеуметтік маңыздылығын ішкі өзін-өзі бағалауы. Іскерлік бедел-адамның іскерлік (өндірістік, кәсіби) қадір-қасиетін қоғамдық пікірмен тұрақты оң бағалау.

Егер басылымда нақты тұлғалардың тегі көрсетілмесе, бірақ мәтіннен кімге қатысты екені анық болса, сондай-ақ оның отбасының қайтыс болған мүшесіне немесе заң бойынша мұрагерлер шеңберіне кіретін басқа жақын туысына қатысты Ар-намыс пен абыройды сот арқылы қорғауға мүдделі тұлға құқылы.

Қазақстан Республикасында құқықтық реформа дәйекті түрде жүзеге асырылуда. Сот жүйесі ең реформаланған мемлекеттік институт болып табылады. Айта кетейік, «100 нақты қадам» бағдарламасы бес институционалдық реформадан тұрады: кәсіби мемлекеттік климатын қалыптастыру, заңның үстемдігін қамтамасыз ету, индустрияландыру және экономикалық

өсу, бірегейлік пен бірлік, Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру [92].

Сот жүйесін жаңғырту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Бағдарлама азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуін жеңілдетуге бағытталған. Бес сатылы сот төрелігі жүйесінен (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау) үш деңгейге (бірінші, апелляциялық, кассациялық) көшу жүзеге асырылды. Бұл сот шешімдерінің күшіне енуіне ықпал етеді.

Бүгінгі Қазақстанның сот жүйесі әлемнің ең озық мемлекеттерінің халықаралық деңгейде танылған стандарттарына сәйкес келеді. Сот жұмысының сапасы, оның әділдігі мен ашықтығы – кез-келген мемлекеттің демократиялық дамуының басты факторы. Сондықтан сот жүйесін модернизациялау мен заманауи тетіктерді пайдалану оның барлық деңгейінде өзекті болып қала бермек.

Прокуратура органдары адам құқықтарын қорғау органы болып табылады. Қазақстан прокуратурасы мемлекет атынан Республика Президентінің Конституциясын, заңдарын, Жарлықтарын және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және біркелкі қолданылуын жоғары қадағалауды жүзеге асыратын, жоғары тұрған және Бас Прокурорға-төмен тұрған прокурорларға бағынатын органдар мен мекемелердің бірыңғай орталықтандырылған жүйесін құрайды. (Республика Конституциясының 83-бабы және «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 3, 4-бабы.)

Конституция мен заңдардың үстемдігін қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін прокуратура өкілетті:

- жедел-ізвестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру;

- ҚР Конституциясын, заңнамалық актілерін және актілерін бұзушылықтарды анықтау және оларды (бұзушылықтарды) жою шараларын қабылдау;
- сотта мемлекет мүддесін білдіру;
- Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдарға және басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіру;
- заңда белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүргізу;
- статистикалық көрсеткіштердің тұтастығын, объективтілігін және жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, арнайы есепке алуды жүргізу, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында заңдардың қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру.

Прокуратура органдарының жүйесін құру орталықтандыру қағидаттарына, прокурорлық қадағалаудың бірлігіне, Құрылым элементтерінің өзара байланысы мен өзара іс-қимылының жалпы қағидаттарына негізделген.

Қазақстан Республикасы прокуратурасы органдарының жүйесін Бас прокуратура, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және оларға теңестірілген әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралар құрады.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 5 қарашада «Прокуратура туралы» заңға қол қойды.

«Бірінші тарауда прокуратураның мақсаттары мен міндеттері бекітілді. Прокуратура өз міндеттерін адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жүзеге асырады» делінген. Мұндай бап заңнамада алғаш рет беріліп отыр. Сонымен қатар, заңда барлық қызмет бағыттары бойынша прокурорлардың құзыреттері тізбелеп берілген. Бұл ең алдымен азаматтар

үшін маңызды. Олар прокурордың заңда бар құқықтары мен міндеттерін толық білетін болады. Екіншіден, жүйелі түрде адам құқықтарын қорғау үшін прокурорлар қандай міндеттер атқаруға тиіс екені нақты жазылып отыр.

Заңда «тексеру барысында талдау немесе актілерге бағалау жасаған кезде мәліметтер мен құжаттарды алдыруға, лауазымды, басқа да адамдардан жауап алуға, сараптама тағайындауға құқылы» деп көрсетілген.

Сонымен қатар, заңсыз актілерді тоқтата тұруға, заңсыз тыйым салынса, шектеу қойылған болса, олардың күшін жоюды талап етуге, заңсыз ұсталған адамдарды дереу босатуға міндетті. Сондай-ақ, Заңға «Адам құқықтарын қорғау бойынша өзара іс-қимыл» деген бап енгізілді. Бұл бапта Адам құқығы жөніндегі өкілдің мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеу негіздері бектілген.

Құқық қорғау органдары — бұл адам құқығын қорғауды жүзеге асыратын, арнайы әдістерді қолдануға құқығы бар мемлекеттік органдар. Құқық қорғау органдары-құқық тәртібі мен заңдылықты қорғау, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау (құқық қорғау қызметі) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдардың оқшауланған тобы (негізінен). Айта кетейік, құқық қорғау органдарының қызметі құқық қорғау қызметі туралы Заңмен және арнайы заңдармен реттеледі. Сонымен, 3-бапқа сәйкес. ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының құқық қорғау органдарына прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады.

Құқық қорғау органдары адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін арнайы құрылған. Барлық құқық қорғау органдары жалпы бағытта жұмыс істейді және үйлесімді жүйені құрайды.

Осылайша, келесі қорытындылар жасауға болады.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгертулер билік тармақтары арасындағы байланыстың жаңа үлгісін қалыптастыруға негіз болады.

2. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмін жалпы мағынада да, арнайы мағынада да қарастыру қажет. Жалпы мағынада адам құқықтарын қорғау тетігі іске асыру нысандарын да, құқықтарды іске асыратын және нормаларды, нормативтік және белсенділік аспектілерін, сондай-ақ ақпараттық, сәйкестендіру және басқа элементтерді қолданатын органдар мен ұйымдардың өзін де қамтиды. Басқаша айтқанда, жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмін мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттардың және адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған арнайы құқықтық құралдар мен әдістердің жүйесі ретінде анықтауға болады. Ерекше мағынада адам құқықтарын қорғау тетігі адам құқықтарын бұзушылықтардан қорғаумен айналысатын мемлекеттік органдардың жиынтығын білдіреді. Адам құқықтарын қорғау тетігінің негізін құқық қорғау органдары құрайды.

3. Құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың конституциялық-құқықтық тетігі оның ұйымдастырылуы мен қызметінің Конституцияда белгіленген қағидаттарына негізделген; бұл тетіктің негізінде адамның және азаматтың табиғи құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ жеке тұлға мен мемлекеттің өзара жауапкершілігін Конституциялық тану және бекіту жатыр. Бұл тетікті мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар іске асырады. Құқықтар мен бостандықтарды қорғау тетігінің тиімділігі мен нақтылығы мемлекеттің іс-әрекетіне ғана емес, азаматтардың өздеріне де байланысты. Конституциялық нормалар адамның мемлекет алдындағы және мемлекеттің адам алдындағы өзара жауапкершілігінің негізі болып табылады.

4. Адам құқықтарын қорғаудың келесі формалары бар: өзін-өзі қорғау, мемлекеттік және қоғамдық қорғау; халықаралық қорғау. Құқықтық мемлекетте әр адам елдің заңдарын білуі, құрметтеуі, бұзбауы және өз құқықтарын қорғау үшін заңды құралдарды қолдана білуі керек.

2.2 Мемлекеттік органдардың қызметіндегі адам құқықтарына кепілдік беру, сақтау, қорғау, қамтамасыз ету функциялары

Қазіргі кезде адамның құқықтары мен бостандықтарын құқықтық қорғаудың әрекетті, әсерлі механизмін құру аса маңызды мәселеге айналып отыр. Қандай органдар адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмін құрайды? «Тәжірибемен қызметтеріне арналған, жан-жақты қамтушы құжаттардың бар екендігіне қарамастан, БҰҰ жүйесінің ішінде де, одан тыс жерлерде де жұмыстарды талдау «Адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекеме» деген терминнің келісілген анықтамасының жоқ екендігін көрсетті. БҰҰ-ның бұл саладағы бастапқы қызметінің тұжырымдамалық негізі жеткілікті дәрежеде икемді болды және адам құқықтарын қорғауға тікелей немесе жанама қатыстары бар ұлттық деңгейдегі кез келген мекемені қамтыған болатын. Сот билігіне, әкімшілік трибуналдарына, заң шығарушы органдарға, үкіметтік емес ұйымдарға, заң кеңселеріне және әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламаларына ұлттық комиссияларға, омбудсмен институтына қажетті құрылымдар сияқты тиісті көңіл бөлінді» [93, 27-49 бб].

Кейінірек бұл ұғымның мазмұны тарылды: конституцияға немесе заңға сәйкес немесе декретпен құрылған және қызметтері адам құқықтарын қолдау және қорғау болып белгіленген орган. Біздер зерттеп отырған проблеманың маңыздылығына қарамастан, адам мен азамат құқықтарын қорғау механизмін құрайтын ұйымдарға байланысты шатасу, қарама-қайшылық,

ұқсастық орын алып келеді. Адам құқықтарын қорғау механизмін зерттеуде теоретиктер «сақтау», «қорғау», «кепілділік», «қамтамасыз ету» терминдерін жиірек қолданады. Терминдер мен ұғымдарды түсінуде бір ортақ пікірге келмейінше, бұл проблеманы объективтік зерттеу мүмкін емес. Заң шығарушылық деңгейдің өзінде де олардың қолданылуы бірмағыналы емес әрі қарама-қайшылықты. Заң ғылымында «сақтау» және «қорғау» ұғымдары не ұқсас ретінде қолданылды, не оларға дербес мағыналар беріледі. Терминдердің бірмағыналығы, терминологияны реттеу, олардың синонимдігін, көпмағыналығын жою заңдарды қолданудың анық біркелкілігіне көмектескен болар еді. Ұғымдарды араластыру конституция және басқа да нормативтік актілер деңгейлерінде де кездеседі. Заң шығарушылықта бұл идеяларды іске асыру аса қиын, өйткені бұл Қазақстан Республикасының Конституциясынан бастап, барлық нормативтік актілерге редакциялық өзгерістер енгізуді қажет еткен болар еді. Сайып келгенде, ұғымдардың әртүрлі түсіндірулеріне тап болып, біз олардың шын мағыналарын анықтау қажет екендігін, ол үшін бізге олардың әрқайсысының мәні мен мазмұнын анықтауға көзқарастарды талдаудың қажет екендігін анықтадық.

В. Даль, С. Ожегов, А.В. Стрелюхов «қорғау» мен «сақтау» ұқсас ұғымдар деп санайды [94, 24 б]. Бұл көзқарасты ММУ авторлары да қолдайды: «аталған ұғымдардың араларындағы айырма заңдылықты күзету (қорғау) оның бұзылуымен байланысты, ал қамтамасыз ету – мұндай бұзылушылықтардың алдын алумен және заңды нығайтумен байланысты. Заңдылықты сақтау жүйесі заң шығарушылық пен заң қолданушылықта құқық пен заңды бұзушылықты ашуды, оларға дереу тыйым салуды, құқық пен заңды қорғау құралдарын іске қосуды және құқық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіруді, құқықпен заңды бұзуға кінәлі лауазымдық тұлғаларды жауапкершілікке тартуды қамтиды» [94, 510 б].

В.Д. Ардашкин: «Құқық қорғау дегеніміз — бұл ең алдымен: 1) жауапкершілік институты; 2) қорғау институты; 3) алдын алу институты; 4) процессуалдық қамтамасыз ету институты сияқты «көтеруші құрылымдарды» біріктіретін мемлекеттік мәжбүрлеу» деп санайды [95, 9 б].

В.И. Бутылин: «Құқықтарды сақтау деп мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың құқықтарды бұзушылықты болдырмауға, оларды тудыратын себептерді жоюға бағытталған және тұлғаға өзінің құқықтары мен бостандықтарын іске асыру процесінің қалыпты өтуіне жәрдемдесуші іске асырылып отырған өзара байланысты шараларын түсінеді [96, 12-16 бб].

Мемлекеттік қорғау механизмі мынандай элементтерді: мемлекетті қорғау институтын реттеуші құқық нормаларын; мемлекеттік қорғау органдарының жүйесін; мемлекеттік қорғау құралдарын біріктіреді.

В.А. Лебедев Ресейдегі адам құқықтарын қорғаудың түрлеріне мыналарды жатқызады. Азаматтардың құқықтарын мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қорғауы; азаматтардың құқықтарын қоғамдық бірлестіктердің қорғауы; өзіне мына төмендегілерді біріктіретін адамның өз құқықтарын өзінің қорғауы: 1) мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына арыздану; б) азаматтардың құқықтарын бұзатын лауазымдық тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану; в) бұқаралық ақпарат құралдары мен құқық қорғау ұйымдарына, қоғамдық бірлестіктерге шағымдану; 2) азаматтардың өз құқықтарын көпшілік алдында қорғаулары; д) адам құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға арыздану [97, 143 б].

Азаматтардың мемлекеттік билік жүйесіндегі арыздануларының құқықтық тегі санқырлы. Бұл мемлекет органдары мен азаматтардың араларындағы қоғамдық қатынастарды іске асырудың бір түрі болып табылатын

әркімнің субъективтік құқығы. Азаматтың әрбір қанағаттандырылғанарызы (шағымы, өтініші) – бұлоның бұзылған құқығы мен заңды мүддесін қорғау ғана емес, сонымен бірге кемшіліктерді түзету, бұзушылықтарға тыйым салу, яғни әрбір азаматтың пікірін іс жүзінде ескеру, оның облыстың, аймақтың істеріне араласуының түрі. Бұл құқық конституциялық болып табылады. Ол тікелей демократияның көрінісі. Бұл адамның оның құқықтарына байланысты мәселелерін қарау және шешім қабылдауға жедел және әсерлі қатысу мүмкіндігі. РФ азаматтардың шағымдарын мағынасын, мазмұнын қарау тәртібін қамтитын принциптердің қатарына Л.А. Нудненко мен Н.Ю. Хаменева мыналарды жатқызады:

1. адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау;
2. азаматтардың шағымдарын қараудың міндеттілігі, деркезділігі мен әділдігі;
3. жариялылық;
4. арыз-шағымдарды тудыратын себептерді жою;
5. азаматтардың шағымдарының қаралуы мен шешілуінің деркезділігі және сапасын бақылау [98, 44 б].

В.И. Абрамов құқықтық шындықта адам құқықтарын «сақтау» және «қорғауды» екі ұғымның өзара байланысты, бүтін мен бөлік сияқты өзара қатыстылығына қарамастан, теңестіруге болмайды деп санайды [99, 64-69 бб]. Құқықтар мен мүдделер үнемі сақталады, ал олар бұзылғанда қорғалынады. Қорғау-сақтаудың бір сәті, оның түрлерінің бірі.

М.С.Башимов: «Адамқұқықтары мен бостандықтарын қорғауда Парламенттің заңшығарушылық қызметінің үлкен маңызы бар» дейді. Ол одан әрі қарай: «Қазақстан Республикасы Парламентінің адам құқықтарын қорғау саласындағы өкілеттіліктері туралы айтқанда билік тепе-теңдігін сақтаудың құқықтық рәсімдерінің әлсіз екендігін, осының нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің атқарушы бақылау

функциялары жеткілікті дәрежеде еместігін атап көрсету қажет», – дейді [100, 27 б].

М.С.Башимовтың көзқарасын қолдай келіп, В.А.Лебедев «Құқықтармен бостандықтарды мемлекеттік қорғауды іске асырушы органдардың жүйесінде заң шығарушы органдардың қызметін атап өту керек. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына заң кепілдігінің негізін салушылар нақ солар болулары тиіс» – деп жазды [97, 250 б]. Бұл авторлар адам құқықтарын қорғайтын механизмге Парламентті енгізеді.

Қамтамасыз ету, сақтау, бақылау, қадағалау, адам құқықтарына кепілдік ұғымдарына байланысты айтылған пікірлерді талдай келе, біз ұғымдық аппаратты анықтап алуымыз керек. Құқықтар мен бостандықтарды сақтау, реттестіруді статистикалық қызмет орындайды, яғни статистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады [100, 69 б].

Кең мағынада сақтау – бұл құқықты іске асыру үшін жағдай туғызу, ал бұзылған құқықтарды қорғау – оларды сақтаудың құрамдық, тар бөлімі; құқықтарды заңсыз бұзушылық пен шектеулерге қарсы тұру, егер бұзушылықтар мен шектеулердің алдын алу, сонымен бірге олардың алдын алуға немесе тойтартуға мүмкіндік болмаған жағдайда келтірілген зиянның орынын толтыру. Н.И.Матузовтың пікірінше, заңмен күзетілуші мүдделердің субъективтік құқықтардан айырмасы – ең алдымен оларға тиісті тұлғалардың тікелей заңды міндеттері қарсы тұрмайтындығында, олардың нақтылы тізімі мен заңды кепілдіктерінің жоқ екендігінде [101, 112-113 бб]. «Сақтау – бұл субстанциялық, институттық құбылыс та, қорғау – қызметтік, аспаптық құбылыс» [99, 69 б].

Құқықтық сақтау механизмі реттестірушілік және қорғаушылық құқықтық нормалардың көмегімен іске асырылады. Қорғау болса, тек қана қорғаушылық құқықтық нормаларға негізделінеді. Құқықтық күзеттің

мән-мәнісі, біріншіден, құқықтық реттестіруден, екіншіден, құқықтар бұзылған жағдайда арнайы органдардың оларды қорғау әрекеттерінен тұрады. Демек, құқықтарды күзету өз бастауын субъективтік құқықтың пайда болған кезінен алатын және құқықтық қорғауды қоса қамтамасыз етуді қажет ететін саты болып табылады. [101, 80 б].

Қорғау болса, құзіретті органдардың немесе адамның өздігінен (өзін-өзі қорғау) бұзылған құқығын қалпына келтіру мақсатында заңда белгіленген тәртіппен құқығын іске асырудың (міндеті тұлғаға байланысты) мәжбүрлі тәсілі. Нақ осы қорғау сатысында бұзушылық жойылуға, құқық қалпына келтірілуге тиіс. Сөйтіп, қорғауға реттестірушілік-динамикалық қызмет жүктелген, ол динамикалық тұрғыдан құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету ретінде көрініс табады [102, 11 б].

Е.А.Лукашева қорғаудың осылайша түсіндірілуіне қосылады: «Жалпы мағынада қорғау тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін заңсыз бұзушылық пен шектеуге қарсы тұру, бұл бұзушылықтар мен шектеулердің алдын алу, сонымен бірге мұндай бұзушылықтар мен шектеулердің алдын алуға немесе тойтарыс беруге мүмкіндік болмаған жайдайда, келтірілген зиянның орынын толтыру» [41, 508 б].

Құқықтарды қорғау құқықтарды заңсыз шектеу мен (немесе) айырудың алдын алуға және (немесе) тыйым салуға бағытталған әрекет немесе әрекеттер жиынтығы [103, 11 бб].

Қорғау — бұл субъективтік құқықтарды, сот қорғауын, заң шығарушылық, экономикалық, ұйымдық-техникалық және басқа да тәсілдер мен іс-шараларды, сонымен бірге азаматтық құқықтарды өзі қорғауды қоса, еркін және лайықты іске асыруды қамтамасыз ету үшін қолданылатын шаралардың кешенді жүйесі. Құқықтарды қорғау құқықтарынан заңсыз айырудың

немесе оларды заңсыз шектеудің алдын алуға және (немесе) тиым салуға бағытталған әрекет немесе әрекеттердің жиынтығы.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы айтқанда біз тек олардың бұзылған жағдайларына ғана көңіл аударып отырмыз. Қорғау — бұл сот қорғауын, азаматтардың құқықтарын қорғаудың заңдық, экономикалық, ұйымдық-техникалық және басқа да құралдары мен шараларын, сонымен бірге оларды өзі қорғауды біріктіретін субъективтік құқықтардың еркін және лайықты іске асырылуларын қамтамасыз ету үшін қолданылатын кешенді шаралар жүйесі. Құқықтарды қорғау құқықтарды заңсыз шектеу және (немесе) олардан заңсыз айырудың алдын алу және (немесе) тиым салуға бағытталған әрекет немесе әрекеттер жиынтығы.

Осындай ұстанымдарға сүйене отырып, Парламентті адам құқықтарын қорғайтын органдар қатарына жатқызуға болмайды, өйткені құқықтар тек оларды бұзған кезде ғана қорғалынады. Парламент мұндай жағдайларды кездестірмейді және мұндай форматта жұмыс істемейді. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін тиісті негіз қалайды. Ол құқық аясында жұмыс істейді, оның міндеті құқықтар мен бостандықтарды және оларды күзету мен қорғау жолдарын белгілейтін заңдарды жетілдіруге келіп тіреледі.

Қазақстан Республикасының Парламенті адам құқықтарын белгілеуші басты орган. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабына сәйкес заң шығару бастамасы құқығы Республика Президентіне, Парламент депутаттарына, Үкіметке тиесілі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады [1]. Парламент жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілеріне, азаматтық құқықтар мен бостандықтар, заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне байланысты маңызды

қоғамдық қатынастарды реттестіруші, негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар қабылдауға құқылы.

Парламент заң шығарушылық қызмет атқарады және адам мен азамат құқықтарын сақтау мен қорғауды қамтамасыз етуші мемлекеттік институттар жүйесінде басты роль атқарады.

Негізгі құқықтар мен бостандықтарды конституциялық бекіту осы құқықтардың одан әрі қарай дамуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Парламенті заңдар қабылдау арқылы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге оларға Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленбеген басқа да құқықтар береді.

Парламент нақтылы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен айналыспайды және Парламентке тікелей жүгіну құқығына тек заңшығарушылық бастама құқығының субъектілері ғана иелік етеді. М.С.Бейбітов тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының басымдылығының конституциялық қағитдасынан Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің негізгі заңға сәйкес егерде сот қолданылуға тиісті заң немесе құқықтық актіні Конституцияда бекітілген адам мен азамат құқықтарына қысым жасайды деп тапқан жағдайда, оларды Конституцияға қайшы келеді деп табу туралы өтінішін қарау жөніндегі құқық қорғаушылық қызметі туындайды деп жазады [104, 225 б]. Оның пікірінше, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қызметі нақтылы норма бақылау түрінде – Конституциялық Кеңестің соттардың егерде, біріншіден, заң азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына тиетін болса, екіншіден, заң сотта қаралған немесе басталған нақтылы іске байланысты қолданылған немесе қолданылуға

тиіс болса, қолданылуы негізгі конституциялық заңдар бойынша өтініштерін қараған жағдайларда әсерлі іске асырылады [104, 226 б].

Кейбір ғалымдар адам құқықтарын қорғау механизміне бақылау жүйесін жатқызады. В.Е.Чиркин көптеген мемлекеттерде нақтылы әрекет етіп отырған төртінші билік идеясын дамытады. «Мемлекеттік биліктің ерекше тармағы: 1) бақылау қызметін іске асырушы және мұны іске асыруда ешқандай басқа билікке немесе органға бағынбайтын бөлек мемлекеттік органдардың болуын; 2) биліктің әрбір тармағы мемлекеттік биліктің белгілі қызметінің белгілі ұйымдастырушылық-құқықтық трансформациясымен байланысты; 3) бұл тармақтың органдарының жүйесі сатылы және (немесе) бөлуге болатындай, бірақ олар әруақытта жалпы қызметтері бойынша біріктірілген; биліктің кез-келген тармағының қызметінде қызметтік тұтастық бар; 4) биліктің кез келген тармағының органдарының жүйесінің қызметі, ведомстволық емес, жалпы мемлекеттік сипатты болуын қарастырады. Бақылау билігі мемлекеттің бақылаушылық қызметіне байланысты, бірақ бұл билікті түрліше органдар іске асырады. Соған байланысты ол жиынтық, шоғырланушылық сипатта [105, 348 б]. Бақылау органдары мамандандырылған және мамандандырылмаған болып жіктелінеді. Бақылау нысандары тұрғысынан алғанда конституциялықты, заңдылықты бақылау органдары және мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің қызметінің тиімділігін, қажеттілігін және адалдығын тексеруші органдар болып бөлінеді. Жұмыс әдістеріне қарай өз өкілеттіліктерін сот процесі арқылы іске асыратын және тексерулер мен тергеулер жүргізетін органдарға бөлінеді. М.С. Башимов атқарушы биліктің азаматтардың арыз-шағымдары және мәлімдемелерімен жұмыс істеуші органдарқатарына Үкіметті, бюджеттің

орындалуы жөніндегі Есеп комитетін, Премьер-Министрдің кеңсесін жатқызады, — олар бақылаушылық қызмет атқарды. «Баяндалынған ұстанымдар атқарушы билік органдарының азаматтардың құқығын қорғау аясындағы бақылау қызметтері көп қырлы сипатты, жеке адамның құқықтарын қорғау механизмдерінің арасында жеткілікті орын алады. Бақылау азаматтардың өздерінің өтініштерін қарауға міндетті органдарға арыздану жолымен де, тиісті нормативтік және жеке актілер қабылдау, түрліше бақылау — қадағалау шараларын өткізу, тәртіптік, кейде әкімгершілік жазалау шараларын қолдану жолымен де іске асырылады [100, 27-28 бб]. Содан соң ол прокуратура органдарының, үкіметтік емес ұйымдар түріндегі қоғамдық бақылаудың қызметтерін белгілейді. Сөйтіп, адам құқықтарын қорғау механизміне тағы да бір тәсіл — адам құқықтарының сақтауын бақылау қосылды. Пікірінің дұрыстығын дәлелдей отырып, М.С.Башимов былай деп жазады: «Бақылау — бұл әлеуметтік басқарудың маңызды элементі, және оның тек тексерушілік, кейбір бұзушылықтар табылған кезде мүмкін болатын санкциялары бар бақылау әрекеттеріне жатқызуға болмайды. Конституция нормаларының, заңдардың, басқа да нормативтік актілердің орындалуын бақылау — мемлекеттік және қоғамдық органдардың жалпы және әмбебап қызметі [100, 39 б].

Құқық қорғаушылық қызметтің әдісі ретінде бақылау үш элементті біріктіреді:

1. Заңның, басқа нормативтік актінің немесе жеке тапсырманың, өкімнің т.б. іс жүзінде орындалуын тексеруді бақылаудың ерекшелігі сол, тексеру қабылданған шешімдер мен әрекеттердің қажеттілігі тұрғысынан жүргізілетіндігінде емес. Мұндай өкілеттіліктер бақылаушы органдарға берілген.
2. Заңның, құқықтық ұйғарымның, тапсырманың, өкімнің орындалуының жолдары мен құралдарын тексеруді. Бұл элементтің маңыздылығы сол,

бақылаудың бұл тұсы нәтижелерге жету мен заңдылықты сақтаудың жолдарын бағалауға мүмкінді береді.

3. Бақылау нәтижесінде шаралар қабылдау. Қабылданатын шаралар әртүрлі болулары мүмкін. Материалдық-техникалық, қаржылық, ұйымдастырушылық, тәртіптік, әкімшілік және басқа да ықпал жасау шаралары.

Қадағалау – құқық қорғаушылық қызметтің басқа әдісі. Оның бақылау элементтерінен ерекше, бақылаудың төл мазмұнын құрайтын құрамдас бөліктері бар:

Заңның, басқа құқықтық актінің, өкімнің, ұйғарымның орындалуын және органның әрекетін олардың заңға сәйкестілігі тұрғысынан тексеру. Бұл арада қажеттілігі туралы әңгіме болуы мүмкін емес.

Ж.Д. Бусурманов қызметтің бұл түрлерін былайша шектейді: «Конституциялық Кеңес қадағалау емес, бақылау органы. Ал бұлар әртүрлі заттар. Ерекшелігі сол, қадағалау – бұл барлық құқық субъектілерінің заңдылықты сақтауларын үнемі бақылап отыру қызметі, оның нәтижелері үшін тиісті органдар есеп беріп отырады және жауапкершілік тартады. Конституция бойынша бұл қызмет прокуратура органдарына жүктелген. Заңдылықты бақылау – оның тек тиісті сауал түскенде ғана іске асырылатындығын білдіреді» [24, 240 б].

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Жолдауын іске асыру жөнінде Ұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Сенат депутаттары 2022 жылғы 3 қарашада «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын қабылдады. Қазіргі таңда құжат Мемлекет басшысына қол қоюға жіберілді. Заң жобасының мақсаты Конституциялық Кеңесті Конституциялық Сотқа айналдыру,

мемлекеттің құқық қорғау институттарын нығайту және азаматтардың конституциялық бақылауға қолжетімдігін кеңейту бөлігінде Конституцияға енгізілген өзгерістерді іске асыру болып табылады.

Аталған Конституциялық заң жобасы Конституциялық Соттың қызметіне, оған Конституция жүктеген өкілеттіктерді жүзеге асыруға негіз болатынына сенімдіміз.

Ж.Д. Бусурмановтың пікірін қолдай келе, Конституциялық Сотты қадағалау емес, бақылау органына жатқызғанымыз дұрыс.

Сөйтіп, адам құқықтарын сақтау адам құқықтарын қорғауға қарағанда мағынасы кеңдеу ұғым, соңғысы тек оларды бұзған жағдайда орын алады. Ал адам құқықтарын күзету мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың құқық бұзушылықтың алдын алуға, оларды тудырушы себептерді жоюға бағытталған және тұлғаның өз құқықтары мен бостандықтарын іске асырудың қалыпты процесіне көмектесуге бағытталынған өзара байланысты шараларын біріктіреді.

Адамның құқықтарын әртүрлі мемлекеттік органдар жариялайды, қорғайды, кепілдік береді, қамтамасыз етеді. Адам құқықтарының барлық элементтері мен регламенттеу жолдарын біріктіретін және оларды іске асыру үшін жағдайлар туғызушы категория адам құқықтарын қорғау ұғымы болып табылады.

Тұлғаның егеменді бастауларын, оның құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық ретінде тану құрайды. Атап айтқанда:

- әлеуметтік дамудың бүіл қоғамның және оның жеке әрбір мүшесінің жақсы өмір сүруіне қол жеткізуге, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге, тұлғаның шығармашылықпен дамуына жағдай туғызуға бағытталғандығы;
- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді.

- «азаматқа тиым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі, ал мемлекетке рұқсат етілмегеннің бәріне тиым салынады», - деген қағиданың үстемдік етуі;
- бір-бірімен өзара әрекеттесуші субъектілер және оларды құрушылардың заң жүзіндегі теңдігі мен тәуелсіздігі [106, 47 б].
- адам құқықтары бұзылған кезде адам құқықтарын сақтау мемлекеттік реттестірудің түрліше формаларын біріктіреді. Бұл бақылау, қадағалау, бұзылған құқықты қалпына келтіру, заңдық жауапкершілікке тарту.

Осылайша, келесі қорытындылар жасауға болады.

1. Заң әдебиеттерін талдау адам құқықтарын қорғау механизмін құрайтын іргелі ұғымдардың мазмұны мен көлемінде елеулі қарама-қайшылықтарды ашуға мүмкіндік берді. Құқық нормаларын қолданудағы мұндай қайшылықтарды жою мақсатында «адам құқықтарына кепілдік», «қамтамасыз ету», «қорғау» және «сақтау» ұғымдарының құқықтық тегін талдау арқылы бұл ұғымдар арасын шектеп, адам құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы ұғымдық аппарат тұжырымдалды. Мұндай біріздендіру адам құқықтарын қорғау механизміндегі категориялық қатарының кейбір элементтерін анықтап қана қоймай, сонымен бірге мемлекеттік органдар қызметінің мазмұнын анықтай түсуге алып келеді. Осы ұсыныстар Қазақстан Республикасының заңнамасында көрініс табуы тиіс.
2. Жалпы алғанда, қорғау дегеніміз-адамның құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін заңсыз бұзуға және шектеуге қарсы тұру, осы бұзушылықтар мен шектеулердің алдын алу. «Құқықтарды күзету» – құқықтардың бұзылуын болдырмауға немесе азайтуға тырысатын заңнама, билік және ұйымдар жүйесі. Ол нормативтік (заңнама) және ұйымдастырушылық элементтерді қамтиды, тыйымдарды, лауазымды

тұлғалардың, қызметшілердің міндеттерін орындау жөніндегі нұсқаулықтарды біріктіреді. Органдар мен мекемелердің тұрақты және тиімді профилактикалық жұмысын жүргізетін құқықтарды қорғаудың ұйымдастырушылық элементі.

3. Кең мағынада сақтау – бұл құқықты іске асыру үшін жағдай туғызу, ал бұзылған құқықтарды қорғау – оларды сақтаудың құрамдық, тар бөлімі; құқықтарды заңсыз бұзушылық пен шектеулерге қарсы тұру, егер бұзушылықтар мен шектеулердің алдын алу, сонымен бірге олардың алдын алуға немесе тойтартуға мүмкіндік болмаған жағдайда келтірілген зиянның орынын толтыру.

2.3 Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдері

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықаралық деңгейдегеноцидке, адамқұқықтарымен бостандықтарын қорғауға байланысты және халықаралық деңгейдегі бейбітшілікті қамтамасыз ететін ұйымдар өмірге келе бастады. Бұл тарихи қажеттіліктен туған қадамдардың бір еді.

Қазіргі кезде адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың мемлекеттердің ішкі ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықаралық қауымдастықтың ортақ ісіне айналғандығы баршаға аян. «Халықаралық құқықтық принциптері мен нормаларын өзіне белгілі халықаралық-құқықтық міндеттемелер алған әрбір мемлекет ұлттық заңдардың көмегімен жүзеге асырады. Мемлекеттің ішкі құқығы бұл міндеттемелерді нақтылайды, халықаралық құқық нормаларының орындалуына жауапты органдар мен тұлғалардың шеңберін анықтайды [107, 190-191 бб]. БҰҰ-ның жарғысы қабылданғаннан кейін адам құқықтарын

қорғауды бақылаудың мемлекеттік механизмдерімен бірге халықаралық бақылау механизмін құру үрдісі көрініс тапты». Бұл механизмдерді мемлекеттер үстінен қарайтындар деп атауға болады. Бақылау келісілген халықаралық принциптер мен нормаларды қолданудың әсерлілігіне едәуір ықпал жасауда.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қабылданған ең негізгі адам құқықтарына байланысты құжат 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қабылдаған адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы болып табылады. Жоғарыда біз бұл құжатқа белгілі дәрежеде тоқталып өткен болатынбыз. Жалпы бұл құжат адам құқықтарын қорғауды халықаралық деңгейге көтере білген, оны халықаралық мәселеге айналдырған болатын. Бұл құжатқа қарай отыра, жалпы адам құқықтары мен бостадықтары локальді, яғни жергілікті аумақтық сипаттағы құбылыс емес екендігін аңғарамыз. Былайша айтқанда бұл құжат адам құқықтары мен бостадықтарының жалпы қағидалық эталондарын белгілеген. Көптеген ұлттық мемлекеттердің Конституциясында көрініс тапқан демократиялық, құқықтық мемлекетке тән қағидалар осы құжатқа негізделді. Мысалы, адамның жеке басына қол сұғылмау қағидасы, оның 3-бабында көрініс тапқан. Еліміздің қолданыстағы Конституциясында бұл қағида осы негізде бекітілгенін білеміз. Адамның ар-ожданы мен қадір-қасиеті, заң алдындағы теңдік мәселелерінің барлығы да осы құжаттан өрбиді. Қазіргі кезеңде бұл декларацияның тарихи-құқықтық маңызымен қатар, тәжірибелікте қасиеті жойыла қойған жоқ. Дамушы елдер үшін бұл өте өзекті болып табылады.

Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі тағы да бір маңызды құжаттың қатарына, Панамада 1984 жылы өткен төртінші Бас Ассамблея отырысында қабылданған жергілікті халықтар құқығы принциптерінің Декларациясын жатқызуға болады. Бұл

Декларацияның бірінші қағидасы барлық жергілікті ұлыстардың өзін-өзі билеуге құқығы бар, осы құқықтың пәрмені негізінде олар өздерінің саяси мәртебесін ерікті түрде анықтайды. Сондай-ақ, өздерінің саяси әлеуметтік, діни және мәдени дамуын емін-еркін жүзеге асырады деп белгіленген. Бұл құқықтық құжат негізінен ұлттық негіздегі халықтардың мүдделерін қорғауға бағытталған.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге екі қосымша хаттама бар. №1 хаттамаға сәйкес адам құқықтарын қорғаудың ерекше рәсімі бар. Аталған пактіге сәйкес адам құқықтары жөніндегі комитет құрылған. Факультативтік хаттамада пактіге қатысушы және осы хаттаманың қатысушысы болатын мемлекет комитеттің өзінің құқықтық құзіретіне жататын тұлғалардың өздерінің осы мемлекеттің пактіде баяндалған құқықтарының біреулерінің бұзылуының құрбанымыз деген өтініштерін қабылдауға және қарауға құзыреттілігін мойындайды деп атап көрсетілген. Комитет тиісті шағым-арызды қарап болғаннан соң тиісті мемлекеттерге бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, жағдайды өзгерту жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар жасайды. БҰҰ-ның қызметі басталғаннан бергі уақыт ішінде хабарларды, петициялар мен арыздарды қабылдаудың белгілі ережелері мен тәртібі қалыптасты. Олардың негізгілері мыналар:

- хабарламалар БҰҰ жарғысымен, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясымен, адам құқықтары жөніндегі халықаралық пактілермен үйлесімді болулары керек;
- БҰҰ-ға жүгінгенге дейін нақтылы мемлекеттің заңдарында қарастырылған құқық қорғаудың ұлттық барлық қолжетерліктей ішкі құралдары таусылған болуы қажет;
- БҰҰ-ның осы органының, арнайы мекемелерінің, басқа да құрылымының құзіреттілігіне жатпайтын арыздар қабылданады;

- жеке тұлғаларға, қоғамдық бірлестіктерге шағымдар қабылданбайды;
- шағым адам құқықтары мен бостандықтарын бұзушы немесе бұзушылыққа жол беруші мемлекет пен оның құрылымдарына қарсы жазылуы керек;
- егер арыз халықаралық тексеру мен реттестірудің басқа рәсіміне байланысты қарастырылатын болса қабылданбайды;
- БАҚ материалдарына негізделінген хабарламалар қабылданбайды;
- домалақ арыздар қабылданбайды;
- арыздарда шағым нысаны болып отырған мемлекеттің атына қорлау, тіл тигізу және ескертулер болмаулары керек [108, 55 б].

Қазірге кезде БҰҰ-ның тек басты органдары ғана емес, сонымен бірге қосалқы құрылымдары да белгілі бір дәрежеде адам құқықтарын сақтауға бақылау жасайды. Халықаралық стандарттар адам құқықтарын мемлекеттік реттестіру деңгейін анықтайтын нормативтік құрал болып табылады. 1945ж. құрылған БҰҰ өзінің жарғысында өзінің негізгі мақсаттарын адам құқықтарын жаппай сыйлауға негізделінген деп жариялады. Адам құқықтарын сыйлау принципі халықаралық құқықтың негізгі құқықтарының бірі ретінде бекітілді. Жарғының 1-бабының 3 т. БҰҰ-ның мақсаттарына халықаралық ынтымақтастықты іске асыру адам құқықтарына және жынысынан, тілі мен дінінен тәуелсіз жалпыға бірдей негізгі бостандықтарға сыйлаушылықты ынталандыру жатады деп көрсетілген. БҰҰ жарғысының 55 бабында БҰҰ нәсілінен, жынысынан, тілі мен дінінен тәуелсіз адамның құқықтары мен жұрттың барлығының негізгі бостандықтарын жаппай сыйлаушылық пен сақтауға жәрдемдеседі деп көрсетілуі дәлелдей алды.

БҰҰ Жарғысы қабылданғаннан кейін аумақтық деңгейлерде мақсаттары адам құқықтарын қорғау болып табылатын көптеген ұжымдар құрыла бастады. 1948

жылдан бергі уақыт ішінде мемлекеттер 50 аса әмбебап және аумақтық сипаттағы көпжақты халықаралық шарттар жасасты, олар адам құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық нормалардың нормативтік көлемін құрды. Бұлардың араларында ең белсендісі БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комиссиясы. Бұл комиссия адам құқықтарын жаппай, дөрекі және жүйелі түрде бұзушылықтың нақтылы фактілерін зерттеу және тексеру үшін арнайы органдар құрады. «БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комиссиясының жұмысының бақылау формаларының кең тарағаны тақырыптың механизмдер құру болып табылады» [107, 193 б], Оның үстіне БҰҰ адам құқықтары жөніндегі комитет, азаптауға қарсы комитет т.б. конституциялық органдар құрады.

1993 жылы 20 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы өзінің 48-сессиясында БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының қызметін орнату туралы қаулы қабылдады. БҰҰ адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссарының қызметін тағайындау БҰҰ-ның адам құқықтары мен іс жүзіндегі нәтижелілігін арттыру саласында жүргізетін бақылау функцияларын іске асыруды реттестіру үшін аса маңызды шара болды.

48/141 қаулыға сәйкес Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарды БҰҰ Бас хатшысы тағайындайды және Бас Ассамблея бекітеді, мұндайда географиялық орынын толтыру қағидасы ескеріледі, ол төрт жылға тағайындалады, тағы да бір төртжылдық мерзімге өкілеттілігін ұзарту мүмкіндігі бар, «адам» және «адам құқықтарын қорғау саласында тәжірибесі мен жоғарғы комиссардың міндеттерін бұлжытпай, объективті, жалпыға бірдей және әсерлі орындау үшін қажетті білімдері мен түрліше мәдениеттер саласында түсінігі болуы керек». БҰҰ адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарының қызметі БҰҰ Бас секретарының орынбасарына тең. Ол БҰҰ-ның адам құқықтары

саласындағы қызметі үшін негізгі жауаптылық тартушы лауазымдық тұлғасы болып табылады.

Жоғарғы комиссар өз қызметін үш негізгі қағидаларға құрады:

- 1) барлық деңгейлерде ынтымақтастық;
- 2) адам құқықтарын қолдауға бәрін қамтушы және кешенді көзқарас;
- 3) бағдарламаларда, жоспарлармен жобалардағы адам құқықтарын қолдауға бағытталған барлық фактілерді практикада диалог, консенсус және ынтымақтастық рухында пайдалану.

Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссар өз қызметін БҰҰ Бас хатшысының басшылығымен және қамқорлығына арқа тартып Бас Ассамблеяның, Экономикалық және әлеуметтік кеңестің және адам құқықтары жөніндегі комитеттің жалпы құзыреттілігінің, өкілеттіліктері мен шешімдерінің шегінде іске асырады.

БҰҰ адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарының өкілеттіліктерін жалпы және арнайы деп жіктеуге болады. Жалпы алғанда жоғарғы комиссардың функцияларына мыналар жатады:

- А) Бас хатшыға оған БҰҰ жарғысына сәйкес жүктелген міндеттерін атқаруға жәрдемдесу;
- Б) БҰҰ жарғысы принциптерінің сақталуына және жұртшылықтың оның мақсаттарын түсінуі мен қолдауын кеңейтуге жәрдемдесу;
- В) Экономикалық және әлеуметтік дамуға көмектесу;
- Г) Даму мақсатындағы ынтымақтастықтың дамуына жәрдемдесу;
- Д) Адам құқықтары мен халықаралық құқық нормаларының сақталуына жәрдемдесу;
